

54 (5803) 6
H-83

Сарманбай
ИСАКОВ

ЗАЛЫМДАР

84(5808)6

26-83

Сарманбай ИСАҚОВ



294884

ЗАЛЫМДАР

(Ғылыми-фантастикалық роман)

"ЭЛ-ФАРАБИ
АТЫНДАҒЫ ҚАЛАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ӘМБЕБАП
КІТАПХАНАСЫ"

КІТАП САҚТАУ
БӨЛІМІ

УДК 821.512.122-3

ББК 84 (5Қаз)-4

И83

ISBN 978-601-06-8443-0

Сарманбай ИСАҚОВ. Залымдар (Ғылыми-фантастикалық роман).

Шымкент қ., 2022 ж., - 224 бет.

Белгілі фантаст-жазушы Сарманбай Исаковтың кезекті «Залымдар» атты ғылыми-фантастикалық романы сүбелі туынды.

Жер шарының мәңгі жасауын фантастикалық қияли ақыл-оймен шешуге шақырады. Фантаст-жазушы талантының құдіреті болашақта адамзат баласы алдағы ғасырларда төнетін әртүрлі апаттарды тоқтатуды қиялдық болжамдар арқылы дәйекті қызықты баяндайды.

Американдық жас ғалым Толь Артемос бір кезде көше кезбесіне айналады... Оның ғылымдық ерекше қабілетін арам пиғылды залымдар табиғи тепе-теңдікті бұзатын жойқын климаттық қару жасауға пайдаланып, жер бетінде ақылға сыймайтын жаңа үрей туғызады...

Бірақ, олардың бұл арманы іске аспайды. Қазақтың жас өте талантты, дарынды ғалымы Заңғар Кемелұлының ғылыми идеясы бәріне тосқауыл жасап, жер бетінде бейбітшілік орнатады...

Фантастикалық романның құндылығы да осында. Фантастикалық роман шым-шытырық атқан тосын оқиғаларға құрылған. Тілі тартымды. Оқырмандарын өзіне бірден тартып, қызғылықты оқылады.

ББК 84 (5Қаз)-4

ISBN 978-601-06-8443-0

© Сарманбай ИСАҚОВ - 2022 ж.

*Адам мен ғылым бір-біріне мәңгі сәуле шашып
тұратын ойыс айна тәріздес.*

Инфельд.

АЛҒЫ СӨЗ

Біз өмір сүріп отырған ХХІ ғасыр барша адамзат баласына, әсіресе, ғылым мен техниканың қарыштап алға қарай дамуымен өте таңқалдыруда... Бұл шынту-айтқа келгенде қуанарлық жәйт... Ғылым мен техниканың қарқынды дамуы уақыт пен заман талабы секілді көрінеді. Дей тұрғанмен, бір сәтке терең ойлансаң, мұндай қарқынды жетістіктер әп-сәтте өздігінен келе салмағанына көзіңіз анық жетеді... Иә, иә, солай ғой. Өмір, жалпы әлемнің дамуы бір орнында тұрмайтыны заңды құбылыс. Жетілу, өсу, даму – ұдайы болатын заңдылық...

Жалпы, біздер ғылым мен техниканың осыншалықты дамып, өсіп кемелдену кезеңіне ерекше мақтанышпен қараймыз... Осы тұрғыда әлем үлкен белестерге көтеріліп отыр. Тәп-тәуір дегендей ғарышты да игеруді қолға алып жатырмыз.

Жер орбитасына да адамның ұшқанына елу жылдай уақыт болды. Тіптен Айға да табан тіредік. Енді өзге көршілес планеталарды да игеру жоспарлары іске асырылуда...

Осының бәрі бір кездері тек жәй ғана қиял болатын. Иә, кәдімгі жәй ғана қиял... Бүгінде көптеген қиялдар іске асып келеді. Дей тұрғанмен, бір сәтке ойланып көрсек, адамзат баласына әлі де болса бірлесіп шешетін түрлі жұмбақ тылсымдар жетерлік екен.

Біз әлі де біле бермейтін жұмбақ әлем өз құ-

пиясын ішіне бүгіп жатыр. Бұл құпия бірте-бірте ашылатын шығар деген ой бізге әзірге демеу болып келеді. Осы тұрғыдан келгенде жоғарыда аталған тылсым құпияларды шешетін, оған қияли, былайша айтқанда фантастикалық тәсілдермен жауап беретін – фантаст-жазушылар.

Фантаст-жазушылардың бір ерекшелігінің өзі де осында жатыр. Олар жоғарыда баяндалған мәселелерге жауапты қайдан алады? Тылсым жұмбақтардың шешімін оларға кімдер береді? Иә, иә... Жалпы, фантаст-жазушылар ерекше қасиеттердің, өзгеше түйсіктердің, ғайыптан берілетін өзгелерге түсініксіз сезімдердің иелері секілді... Мұндай ерекше пайым оларға қайдан келеді?.. Әлем, бізді қоршаған шексіз космос кеңістігі құпиясы ұшан-теңіз-ау...

Менің пайымдауымша, фантаст-жазушылардың басқалардан ерекшелігі де осында жатқан секілді. «Жазушылық – Алладан» деген тәмсіл тегін айтылмаған ғой... Болашақты адам баласына орайластырып, кейбір тылсымдарды өзінің ой елегінен әбден өткізіп, ортақ мүдделерге орайластырып, түрлі апаттарды тоқтату, алдын алуды өз шығармалары арқылы беру, соған арқау ету өте маңызды әрі құнды...

Түптеп келгенде фантастикалық шығармалар ғылымды биік белестерге жетелейтін, оған ерекше құлшыныс, талпыныс беріп, адамзат баласына өлшеусіз жақсылықтар беретін темірқазық десек те артықтық етпейді...

Қүдіреті күшті Алла тағала жаратқан жаратылыстың пенделеріне беймәлім еткен тылсымдарының, оның кейбір зиянды, апаттар туғызатын немесе адамзат баласының қателіктерінен, тіптен, қасақана үстемдік жасау мақсаттарында бір-біріне соғыс ашуды

тоқтатуды да жазатын фантастика. Жалпы, фантастика тақырыбы, оның қамту, айту, баяндау аумағы кең. Фантастикалық жанрдың құдіреті де осында жатыр.

Фантастикалық жанрдың кілті де анау-мынауға жайдан-жай беріле салмайды. Фантастикалық шығарма жазатын жазушылар тумысынан өзгеше болып келеді. Сол себептен де фантастикалық шығармалар жазатын қаламгерлер саусақпен санарлықтай.

Қазіргі кезде тұшымды, айтары бар, ғаламдық, адамзатқа қатер төндіретін, бай идеяларға құрылған фантастикалық шығармалар жазу оңай болмай қалды. Тіптен де, қиялдың өзін де кейбір жаңалықтар басып озып жүргендері де жоқ емес.

Исақов Сарманбай Ережепұлы Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (1994 ж).

Халықаралық Ресей Психологиялық ғылым академиясының құрметті академигі (2013 ж).

Қазақстанның педагогикалық академиясының профессоры (2017 ж).

«Бейбітшілік әлемі» халықаралық қазақ творчестволық бірлестігінің «Михаил Шолохов» медалінің (2015 ж) иегері.

Республикаға танымал талантты фантаст-жазушы. Бірнеше фантастикалық әңгімелер, повестер мен ғылыми-фантастикалық романдар авторы. «Жерұйыққа саяхат», «Қызыл сәуле» атты ұжымдық жинақтарда шығармалары жарияланды. Сонымен бірге жеке өзінің «Құмар», «Үрей жайлаған дала», «Сенсация века» атты фантастикалық әңгімелері мен повестері жеке кітаптар болып баспалардан шықты. Сонымен қоса «Тұлдыр тағдыр», «Рок», тағы да басқа жарияланбаған фантастикалық романдар авторы.

Жоғарыда аталған фантастикалық шығармалары оқырман қауым мен сыншылар тарапынан өте жақсы бағаларын алған. Жазушының фантастикалық шығармалары туралы мерзімдік басылымдарда жан-жақты талқыланып, тиісті бағаларын алып, жоғары баға берілді.

Фантаст-жазушы Сарманбай Исақов әу бастан ақ қаламын кең сілтеп, оқырмандарын таң қалдыратын бүкіләлемдік керемет фантастикалық идеялар жазды. Онысы әсіресе, «Қызыл сәуле», «Тойтарыс» атты фантастикалық әңгімелері болатын. «Қызыл сәуле» атты фантастикалық әңгімесінде Жер планетасындағы соғыс үшін жиналған атом, сутегі бомбалары қорын жою идеясын дәйекті, шынайы келтірді. Аталған әңгіменің жарыққа шаққанына бүгінде 40 жыл толып отыр (1978 жылы жарияланды). Ал, «Тойтарыс» атты фантастикалық әңгімесі де Жер планетасындағы табиғи апат жер сілкінісін тоқтату қызғылықты, ғылыми негізге сәйкестеніп жазылды. Әңгіме 1985 жылы алғаш жарияланды. Автор кейін, 2008 жылы бұл фантастикалық әңгімені «Тұлдыр тағдыр» атты ғылыми-фантастикалық романға айналдырды. Аталған ғылыми-фантастикалық роман да оқырманның ыстық ықыласына бөленді. Бүгінгі сіздердің қолдарыңызға тиіп отырған «Залымдар» атты фантастикалық романның көтерген бүкіләлемдік мәселесі де өте күрделі...

Сарманбай бұл фантастикалық романда Жер планетасындағы әдейі қасақана, залымдық жолмен климаттық қарулар «жасап жүргендер» туралы қызықты, адам таңқаларлық тәсілдерді керемет көрсете білген. Американдық өте талантты жас ғалым Толь Артемостың ауыр тағдыры кімді болса да бей-жай қалдырмайды...

Толь Артемостың тағдыры тәлкекке ұшырап, тірі пендеге керек болмай, көшеде қайыр сұрап қалады. Сүйгені Юлияна да оны тастап кетеді. Көшеде қаңғып жүрген оның келешекте керемет ғылыми жаңалықтар ашатынын білген жасырын ғылыми орталық агенті Клаус Мок қолына түсіреді...

Фантастикалық романда жазушы шартты түрде «алтылықтар» деген жасырын, құпия түрде ғылыми тәжірибелер жасайтын ешбір пендеге жаны ашымайтын топты көрсетеді. Фантастикалық роман желісіне орай «алтылықтарға» дүние, тіптен, ақша місе емес. Олар жасырын жерасты зертханаларда адам ақылына сыймайтын ғылыми тәжіриелер жасап, оны Жер планетасында қолданып, жандары жай табатын жұмбақ біреулер...

Жазушы әдейі олардың бет-әлпеттерін суреттемейді. Соған қарағанда «алтылықтар» адамдар да емес секілді... Олардың осындай залымдықтарынан Жер планетасының бір бөлігінде адам ақылына сыймайтын табиғи апаттар бірінен соң бірі пайда бола түседі...

Теңіздегі кемелер, тіптен, аралдағы адамдар аспанға ұшып, біржолата ізім-қайым бола бастайды... Осындай апаттарды қазақтың жас ғалымы Заңғар тоқтатады... Заңғардың дәлелді, дәйекті ғылыми идеясы арқасында Жер планетасы орбитасына «Қазақ елі» атты алып ғылыми-зерттеу ғарыш кемесі ұшырылады. Ол Жер планетасы аумағында «алтылықтардың» арам пиғылды ойларын іске асырмай тоқтатады...

Нәтижесінде Жер планетасында жасанды, қасақана жолмен іске асқалы жатқан жаңа климаттық қару біржола тоқтатылады. Жалпы алғанда, талантты фантаст-жазушы Сарманбайдың таңқаларлық батыл фантастикалық идеялар жазған қызықты, керемет фан-

тастикалық романы сюжеттік, оны бастан-аяқ баяндап шығуды өзімізге мақсат тұтадық. Оны кең пейіл, көзі ашық, көкірегі ояу оқырмандар еншісіне қалдырғанды жөн көрдік...

Бір сөзбен айтқанда, Сарманбай өзінің кезекті фантастикалық романында тағы да «от басы, ошақ қасы» емес, күнделікті күйбең тірліктен бойын аулақтау ұстап, әлемдік керемет, жұмбақ болып келе жатқан тылсымдарға өз ойын фантастикалық құнды идеялар арқылы ұсынғанына өз басым өте қатты риза болып қуанғаным бар.

Фантастикалық идеялар, ойлар ұшан-теңіз. Фантастикалық роман арқылы адамзат баласына төніп тұрған жұмбақ апаттарды тоқтату, алдын алу жолдарын ұсыну жағынан келгенде әзірге Сарманбайға тең келетін фантаст-жазушылар некен саяқ. «Біткен іске сыншы көп» демекші, қалай десек те бұл Сарманбайдың фантастика жанрындағы тағы да бір үлкен жетістігі деп бағалаймын.

Қазақтың жас, өте талантты, дарынды ғалымы Заңғар да туа бітті ғалым. Ол Жер шарының әр бөліктеріндегі табиғи қалыптасқан магниттік өрістерді зерттейді. Аталған табиғи қалыптасқан магниттік өрістер тепе-теңдігі бұзылып, бір-бірімен өзара қиылысу нүктелері түйіскен жерлерде алып құйындар, топан су басу, тіптен, адамзат баласына жұмбақ болып келген Тынық мұхитындағы Бермуд ұштағанының да пайда болатынын ашады...

Бұдан өзге Жер планетасына түпсіз ғарыштан соқтығысуға бет алған алып астероидтардың да бағытын өзгертіп, басқа ғаламға қарай бұратынын анықтап, оны іс жүзінде дәлелдейді. Сөйтіп, адамзат баласын «ақырзаманнан» да құтқарады...

Қысқасы, Сарманбай қазақтың жас, өте талантты ғалымы арқылы Жер планетасына төніп келе жатқан көптеген апаттарды тоқтатады... Сонымен бірге, Заңғар арам ойлы қаскөйлердің жер бетінде қолдан арнаулы қондырғылар көмегімен тірі пендеге сездірмей, климаттық қарулар жасаған «алтылықтардың» жолын кеседі. Олардың ғылыми идеялары іске аспайды. Есепсіз қаржылары көкке ұшады... Сенсация соңынан деп қысқаша мәліметтер бергені де ұтымды.

Жалпы, Заңғардың фантастикалық роман желісі бойынша атқарған ғылыми жұмыстары өте көп. Ойлары өте керемет.

Қолдарыңыздағы фантастикалық роман өте құнды. Досым Сарманбайдың жаңа «Залымдар» атты фантастикалық романына шын ниетпен ақ жол тілегім келеді.

Фантастикалық роман негізінен шым-шытырық атқан тосын, адам сенгісіз оқиғаларға құрылған. Тілі тартымды, қызғылықты оқылады.


Сарманбай досым, өмірің ұзақ, денің сау болып, әлемді осындай керемет фантастикалық романдармен таңқалдыра бер. Жазар көбейсін!

Шойбек ОРЫНБАЙ,
Қазақстан Республикасы
Жазушылар одағының мүшесі.
«Құрмет» орденінің иегері.



Әлемде ғылым мен техниканың қарыштап алға қарай жылдам дамуы ұдайы болатын заңды құбылыс. Адамзат ашылған ғылыми жаңалықтарды өте пайымды парасаттылықпен жалпыға ортақ игі мақсаттарға арнағаны дұрыс болар еді...

**Сарманбай ИСАҚОВ,
автор.**



I-тарау

Дененді тітіркендіріп, аза бойынды қаза ететін, біртүрлі үрей туғызатын дауыс естілді:

– Айға қарап отырсың ба?! А-а-а...

– ??

– Қасиетсіз, түкке тұрғысыз неме...

– ??

– Сені де дарынды ғалымсымақ дейді ғой. Ит неме...

– М-м-мен... Клаус Мок, – деп міңгірледі Толь Артемос қайта-қайта көзін ашып-жұмып.

– Сені бұл жерде ұлы істер күтіп тұр... Ұлы істер... – деді көзі шатынап, шарасынан шыға жаздаған Клаус Мок қолдары дір-дір етіп.

– К... К... Клаус Мок... Менің қолымнан сізге қажет нәрсенің бәрі келеді. Иә... иә...

Бұл жолы сәл батылданған Толь Артемостың қатпар-қатпар болған маңдайынан тері моншақтап, екі қолы ербең-ербең етті...

Толь Артемостың көптен бері армандап, қиялдап жүрген ғылыми жаңалығының орындалатын сәті шынымен де келгені ме?! Бірнеше ғылыми-зерттеу институттарын айналсоқтады. Есігін қақты. Ешбірі мұның идеясын тыңдамасы былай тұрсын, тіптен, есіктен де аттатпады. Көкірегінен итерді. Бұл бір сұңқылдап тұрған Нью-Йорк көше-

леріндегі кезбе қайыршының бірі секілді... Нәпақа іздеп жүрген түкке тұрғысыз қайыршы деп қабылдады. Нағыз алаяқтың өзі ғой мынау... Алаяқ-қ-қ... А-ла-яқ-қ-қ... Бір сәт басы айналып, көзі қарауытып, дүние астан-кестең болып кетті...

Ол осылай мең-зең болып, басы ауған жаққа кететін жол іздеп тұрған. Қаңғалақтап жүр. Кенет айнала күңгірттеніп, өзінен өзге бұл жалғанда тірі жан жоқтай төңірек сиқырлы күйге бөленді. Толь енді бір сәтте аспанға ұшып бара жатқандай болып кетті. Әйтеуір, бұрын-соңды болмаған жұмбақ сәт... Айнала төңірек жым-жырт, өлі тыныштық. Иә, бұл Тольдің күнделікті қайталанып, басынан өткізіп жүрген жұмбақ сәттерінің бірі болатын.

Оның өмірінде ешқандай мән-мағына қалған жоқ. Көше кезген кезбе қайыршыға айналғанына бес жылдың жүзі болды. Не себепті олай болғанына оның ақылы жетпеді. Ол жерастындағы жертөле ішіндегі үлкен бос қалған темір құбыр ішіне түнейтін. Мұнда өзі секілділер жетіп-артылатын.

Аракідік түкке қажеті жоқтарға түрпідей тиіп, іштерінен іріктеп әкететіндер болады. Олар ұзынтұра денесінде сылып алар еті жоқ Тольға келгенде бастарын шайқап, бетіне бір түкіріп жайларына кететін. Сөйтсе, олар дені сау, жастау кезбелерді әртүрлі жұмыстарға, тіптен кейбірін жасырын жер астындағы клиникаларға апарып, керек дене мүшелерін алатын саудагер қанішерлер болып шықты.

Толь бұ дүниеден біржола әлдеқашан-ақ безді. Ешкімге қажет емес. Өзін-өзі іштей жеп-ақ бітті. Сұмдық-ай. Сұмдық-қ-қ... Осыдан тура бір сағат

бұрын Толь үнгір ішінен құр сүлдесін сүйретіп, сыртқа қайыр сұрауға шыққан. Бүгін кім маған дұрыстап садақа берер екен деген ой байыз тапты-рар емес.

Сығырайған көзімен жан-жағына ұрлана көз салып, жақын жерде көзіне ешкім түсе қоймаған соң шеткерірек, күнделікті өзі ғана отыратын үлкен дуал түбіндегі кесілген ағаш үстіне сылқ етіп отыра кетті. Жалма-жан жердегі үлкен бір тастың үстіне тозығы жеткен шәпкесін қойды. Алайда, Тольдің ішінен лықсып шыққан бір үзім нан табамын деген бүгінгі ойы ұзаққа бармады...

...Толь бір кездері арман қуған жас жігіт еді. Вашингтондағы техникалық университеттің физика факультетіне түсіп, оны бітіре алмады. Қанша білімді болғанымен, Тольдің маңдайының бес елі сору бар еді... Көп ізденіп, магниттік өрістер жөнінде университет қабырғасында өзіндік ғылымға әлі жұмбақтау, беймәлім идеялар туралы көп айтатын. Мұндай барша әлемге ортақ керемет идеяны шыдамсыздықтан ашықтан-ашық өз достары арасында, тіптен, кейде ғаламтор жүйелері арқылы да жариялап, пікір бөлісіп те жүрді...

Магниттік өрістер жөніндегі кітаптарды шарқырып іздеп, қолына әзер түскендерін мұқият оқып, әлі ғылымға беймәлімдеу жұмбақ мәселелер жөнінде біраз қызықты мәліметтер де жинақтады. Толь осылайша магниттік өрістерді зерттеп, игеру мәселесімен айналысамын деп басына азапты күндермен ізденістер, сау басына сақина тілеп алды. Сөйтіп, сан қилы сәтсіздіктерге кездесетінін білмеді.

Бұл туралы Толь жете ойланған жоқ. Оның терең ойлануға, көп армандауына басына түскен қиыншылықтар әзірге мұрсат бермеді. Тольдің армандаған ойы әзірге не болды?! Не болды? Көзге көрінбейтін, әртүрлі кеңістіктердегі магниттік толқындар мен өрістерді зерттеймін дегені ақылға сыймайтын идеясы қараңғы бөлмедегі қара мысықты «іздегенмен» бірдей еді...

Бұл бір керемет ғажайып, иә, иә, ғажайып идея болатын. Толь осыны ойлағанда мұнайған көкшіл көздері күлімдеп кетті. Иығына түскен, көптен бері су тиіп, тарақ көрмеген бурыл тартқан шашын оң қолының салалы саусақтарымен өзінше дұрыстап тарағансып қойды. Әбден ұйысқан ұзын шашы қайырғанға көнбеді. Ғылыми ойын жинақтап, тәптіштеп, тиянақтай беруге әзірге Тольдің де ғылымда тәжірибесі жоқтұғын. Жігіт кейбіреулер секілді жағымпаздықты, өтірік көлгірсуді білмейтін еді. Студент кезінен жоқшылық деген пәлекет қайта-қайта қадамын матап, екі аяғын шідерлей берді, шідерлей берді...

Толь осының бәрін бірнеше мәрте ой елегінен өткізіп, ақыр соңында көп нәрсеге көзі жете бастады. Мұның осы қасиеттерін көре алмаған курсасы Крау Тикс бұған бақастық, жүрген жерінде іштарлық жасап бақты. Түптің түбінде бұл өрши беретін жаман дерттен қатты шошынды. Тольдің әлі балаңдау, қиялилау ойын көзінше бірнеше мәрте мазақ қылып, аяқасты еткені бар емес пе?! Бұл бақастық өмір бойы қалмайтын дерт болатын-ды... Жап-жас Толь қайда барарын білмей дал болды.

Қайтсін. Өмір – өзен. Әліңді білмей ағысы қатты өзенге түссең бітті, кеттің ағып... Ағысы нашар, суы аз өзенге тап болсаң ше?! Онда бар ғой, қуана бер. Өзеннің ар жағына бір, бер жағына бір жүгіріп шығасың. Шіркін-ай!

Тольдің өмірі ағысы қатты, суы мол, тау басынан сарқырап ағатын өзендей. Өмір ағысына ілесе алмай келеді. Алды тола алынбайтын асу. Әй, әй, шіркін дүние-ай! Шіркін, дүние-ай! Қатыгез өмір-ай! Тіптен, бұған ешкімнің жүрегі жібитін түрі жоқ...

Не істемек керек енді?.. Не істемек керек?..

Келе-келе Тольдің бұған да әбден еті үйренді. Кейінгі кездері бар ғой, тіпті, өмірдегі сәтсіздіктің өзі қалыпты жағдай сияқты. Ал, ең ақырында өзінің ғылыми идеясына өзі сенбейтін жағдайға жетті...

4 Уақыт болса зымырап өтіп жатыр. Соңғы кездері Толь ішкі сырын ешкімге ақтарғысы келмеді. Аса маңызды ғылыми идеям кімге керек дейді. Жүрген жүрісі болса, мынау.

29 ...Студенттік кезеңнен ғашық болған Юлиянаны Толь өте жақсы көрді. Юлиянаны көргенде ол өзін өмірдегі ең бақытты жандай сезінетін.

Бірде Толь кітапханадан күндегісінен ерте шығып, Юлияна екеуі кездесетін саябаққа жаяу келді. Екеуі киноға бармақ болып келіскен. Жол бойы Юлияна туралы ойлады. Қыз өмір туралы, болашақ жайлы көп сөз қозғамайтын. Бар болғаны қысқа көйлегін тартқылап, сықылықтай күліп, шашын тарай береді, тарай береді. Еркелігін қоймайды... Бірақ, бәрібір Тольге сүйіктісінің бұл қылығы қатты ұнайды.

– Басым айнала береді, – деді қыз қиыла көз тастап. – Емдел, қаның аз дейді.

Толь қызға аң-таң бола қарады.

– Не дейсің, емдел дейді.

– Иә.

– Қалайша?

– Өзім де жөнді түсінбеймін.

– ?!

– Мен сені өте жақсы көремін.

– ?!

– Жаным-ау, сен басқа біреуге ғашық емесің бе? Сенің ішкі жан дүниенде маған түсініксіз бірдене болып жатқан секілді. Иә, Юлияна, сен мені кешір. Жасырмай айтшы жаным... Сен секілді сұлуға кім ғашық болмайды...

– Сүйіктім, сен мені кешір...

– Сені сүйетін жігіт кім?

– Толь, кешір... Кешір мені...

– ??.

Тольдің буын-буыны босап, көзінің алды қаратуытып бара жатты. Оның жан-дүниесі езіліп кетті. Юлиянаға таңырқай қарады да, бетінен ақырын сипап, көзінен сүйді.

Юлияна жай ғана жымиды...

Бірақ оның ішкі сезімінде, түйсігінде өзіне ғана тән бір жұмбақтау, өзгеше сезім пайда болды. Әлдеқандай бір жұмбақ, белгісіз күш оның санасын тұмшалап, жігіттің көңілін сиқырлап, өзіне қарай жықпақшы еді... Юлиананың ұршық басындай жүрегінде өзгеге деген махаббат сезімдері қылт етіп сезіне бастады...

Юлиянаның шынайы махаббат сезімінен шыққан сөзі ме? Жоқ, жәй сынау үшін айтты ма?! Толь ғажайып махаббат жайлы көп армандайтын. Юлияна осы сөздерден кейін де түк болмағандай жігіттің мойнына асылып, еркелеп назданды. Келген бойда жігіттің бетінен, көзінен сүйе бастады. Жігіт ренішін бір сәтке ұмытып, қызды емірене құшақтады. Қыз мез-мейрам болып күлді. Бұл оның жігіттің шынайы махаббатына деген уақытша ғана алдамшы сезімі еді. Жігіт «жалғыз қалдырмашы, жалғыз қалдырмашы» дейді іштей. Махаббат ұтына мас. Толь қыздың сөздеріне сенгісі келмеді. Бәрі жай ғана әзіл секілді болып көрінді...

...Көктем. Наурыз айының соңы. Қала құлпырып кеткен. Толь алып-ұшып келе жатты. Сабаққа бара жатқанда және қайтарда ол үнемі осы шағын саябақ ішінен өтетін. Осы жерден әрі-бері өткенде өзінің таныстарын кездестіретін. Алдымен қол алысып амандасатын, әңгімелесетін. Кейде саябақтағы орындыққа жайғасып, ойланып ұзақ отыратын.

Кенет, әріректен, сапырылысқан жұрттың арасынан орындықта бір жігітпен ашықтан-ашық сүйісіп отырған Юлиянаны көрді. Екеуі ешкімнен ұялар емес. Қасындағысы ұзын бойлы, қапшағай денелі, сақал-мұрты өскен, отыздар шамасындағы біреу... Ол жан-жағына бір қарап алды да Юлиянаны тағы да қапсыра құшақтап, сүліктей жабысып сүйді. Пұшайман халге түскен Тольдің көзі қарауы-

тып кетті. Көзін қайта-қайта сүртті. Отырған Юлияна ма, мүмкін бөтен біреу шығар деп те қояды.

Құдай төбесінен ұрғанда, сүйісіп отырған Юлиананың тап өзі. Көздері ойнақшып, жүзінен нұр тамып отыр. Бет-аузын сақал басқан бейтаныс салалы саусақтарымен қыздың нәзік белінен тағы да қапсыра құшақтап, қызды көтеріп алып алдына отырғызды. Мұндайды күтпеген Тольдің басы айналып, әл-дәрмені құрып, сылқ түсіп отыра кетті. Қасынан өтіп бара жатқандар мұны ішімдікке сылқия тойып алған біреу деді ме, бетіне бажырая карап алды да жөніне кете берді. Бұл аздай әріректе отырған екі жігіт Тольге өтірік көмек бергенсіп, қалтасын түгел қақты. Қалтасындағы азын-аулақ доллары мен ұялы телефонын алып, жөндеріне кетті.

Юлиананы аузы-басын түк басқан неме көтерген күйі анадайда тұрған өте қымбат, сүлік қара автокөлігіне мінгізді. Сүлік қара автомашина зу етіп көзден ғайып болды. Толь есін жиғанда маңайды қараңғылық тұмшалап, саябақ ішінде адам аяғы сирей бастаған еді. Қалтасы қағылған, махаббаттан оңбай опық жеген Толь жаяулатып жатақханаға эзер жетті.

Сүйіктім Юлиянаға не көрінді? Өзінің есі дұрыс па? Тағдырдың сынағы ма?! Күткенім осы ма еді?! Не болды? Мен сені шексіз сүйемін дегені қайда? «Гүл қыз Юлияна, мұның не? Мұның не?» деп салы суға кеткен Толь өмірден де, ғылымнан да бір сәтке безінгендей болды. Бәрінен түңілді.

Ертесіне Юлияна екі беті бүлк етпестен, түк

болмағандай өтірік қылымсып, сылаңдап, Тольге өзі келді. Қалайша, қайдан пайда болған сұрқиялық десеңізші?! Толь сүйіктісін көргенде есіне кешегі көргені түсті. Юлияна сенен де зорын көргенмін дегендей айылын жияр емес.

– Сүйіктім, ұнжырғаң түсіп кетіпті ғой. Не болды, аспан айналып, жерге түскендей? Хи-хи-хи-и-и...

– Юлияна, шыныңды айтшы, сен мені сүйесің бе?

– Сүйемін-н-н.

– Өтірік. Кешегі саябақтағы анау сақалдың кім? Кім-м-м?..

– Сүйіктім, ол менің жігітім. Америкадағы Кросс миллиардердің баласы Марлен Кросс. Білесің бе, Марлен маған бір шағын ғана арал сыйлады.

– Қандай-й-й ар-а-ал?

– Аралға менің атымды қойыпты. Ертең сонда демалуға кететін болдық.

– Юлияна, сен мені ойыншық еттің бе? Бір-бірімізді сүйген жандар емеспіз бе?

– Қайдағы ойыншық? Сен мені дұрыс түсінші... Жүрегің арамдықтан ада, таза аңқаусың. Тым сенгішсің, айла-амалдан хабарың да жоқ. Айтқанымды мұқият тыңда. Мен сияқтылармен кездескенде өзіңе-өзің сақ бол. Беталды ашылып, бірден сүйдім-күйдім деп сырыңды ақтара берме. Сен әлі өмір көрмеген ашық ауызсың. Әйел атаулының қулығынан сақ бол. Мен өзімнің құпиямды сенен жасырдым. Бұл өткінші қас-қағым сәт, – деді.

Толь сансырап қалды. Осынша қайғы-қасіретке тап болған жігіт жылап қоя берді. Әкесі өлгендей маңдайын төпелеп, ақырында жер бауырлап жылап, мына сұмдыққа шыдай алмай, өлімге бас тікті... Осы сұмдыққа тап қылған тағдырына, Юлиянаға қатты налыды. Қайғы-қасіреті жанын шыдатпай, тығырыққа тіреліп, шарасыз күйге түсті. Қайтсін енді, махаббат торына шырматылып, дидарынан нұр тайып, махаббат машақатынан құтылу қиын болды. Көз жасын тия алмай, жүрегі қан жылады. Бұл нағыз шынайы махаббат еді ғой. Өкініштен, қызғаныштан өзегі өртеніп барады. Шын сүйген Юлиянасының сықылықтай күліп, дүниені белшесінен басып кете барғаны зығырданын қайнатып, қайғы-мұң еңсесін езе түсті. Оның махаббаты жалған болып шықты. Жан-тәнімен сүйетін қыз бұ дүниеде бар ма екен? Бар ма екен? Жалған махаббатқа мәз болған қуыс кеуде байғұс. Бәріне өзім кінәлімін. Толь осының бәрін ойлағанда жынданып кете жаздайды.

Шын махаббат балдай тәтті, жаныңды жалындай өртейді емес пе?! Қанша налыса да Юлиянаның бейнесі жігіттің көз алдына көлбендеп келе берді. Тольдің басына түскен нәубетті тірі пенденің басына салмасын. Еріккен Юлиянаға уақыт өткізетін басы бос, бойдақ жігіт керек еді...

– Толь, сонша күйзелетіндей не басыңа күн туды? – деді оның досы Антуан Карлос. – Көтер басыңды. Бостан-босқа езіле берме.

Толь әке-шешеден жұрдай, тұл жетім еді. Ешкімге титтей зияны жоқ. Жетімдіктің дәмін татқан

ол «сабыр түбі – сары алтын, бәріне шыдау керек» деп өзіне-өзі басу айтты.

– Саған айтар кеңесім, шыдамды бол, шыда, – деді Антуан Карлос.

– Сені бұл жерде ұлы істер күтіп тұр. Ұлы істер, – деді көзі шатынап, шарасынан шыға жаздаған Клаус Мок. Қара сақалды Клаус Мок әлемдегі ешқандай мемлекетке бағынышты емес жасырын ғылыми орталықтың агенті.

Толь үшін бәрібір. Пешенеме жазылғаны осы болса көндім дегендей үнсіз бірден келісті. Қазір оларға бар сырымды, ашамын деген ғылыми жаңалығым жөнінде егжей-тегжей айтпай, жасыра тұрайын. Тағдырым таразыға түскелі тұр деп ойлады ол. Көзді ашып-жұмғанша оны желкелеп, бұрын-соңды көрмеген сүліктей қара автомобильге отырғызды. Көлік іші жанға жайлы салқын әрі кең екен. Тольді кірген бойда көзіне қара шүберек байлап, тұмшалап тастады.

– Енді сенің тағдырың біздің қолымызда, – деді қара сақал Клаус Мок гүрілдеп. – Саған жұмыс дайын... Жаныңа керектің бәрі бар. Ақша, тамақ, әйел дейсің бе... Ал, енді, өз өмірің туралы баянда. Бұл – бұйрық. Қысқа да нұсқа етіп айт.

– Әке-шешемнен жас кезімде айрылдым. Жетім балалар пансионатында тәрбиелендім. Күнұзақ кітапханада отырып кітап оқығанды жақсы көретінмін. Ғұлама-ғалымдардың кітабын көп

оқыдым. Өте арманшыл болдым. Адамзатқа жақсылық жасау – үлкен арманым. Кейін университеттен қуылып, ешкімге керек болмай, көшеде қайыршы болып қалдым... Қайда жүріп, қайда тұрғанымды ешкім білмейтін. Ең қатты өкінетінім... ол, ол... етегін жел аспаған ең сұлу деген қызға үйленсем дейтінмін... Бірақ, бір-а-қ-қ, бұл жәй ғана қиял болды...

Мен өте қиялшылмын. Ғылым-білімнен кенде емеспін. Қазір Вашингтон көшесіндегі қаңғыбас кезбеге айналдым. Жылап-еңіреп, басым ауған жаққа кезіп жүргенімде сізге кездестім. Бұл қалада біз секілділерге жұмыс та, ішіп-жем табу да оңай емес...

...Клаус Мок барып тұрған оңбағанның нақ өзі болатын. Өмір бойы қалталыларды алдап, талайларды сазға отырғызған сужұқпас. Бір кездері Клаус Моктың өзі де тағдырдың тәлкегіне ұшыраған бейшара еді.

Толь Артемос осы жолы да өзін жәй ғана жұмысқа жегетін шығар деп ойлаған. Ол адам баласы білмейтін құпия, жеті қабат жер астында жасырын ғылыми зертхана бар екенінен бейхабар болатын. Осыдан үш ай бұрын жұмыс тауып береміз деген желеумен біреулер торға қамалған иттерге қарайтын жұмысшы етті. Екі ай осы жұмысты істеп, бірде түн ортасында ол жерден қашып құтылды. Тағдырдың жазғанына не шара?!

Жаңа жерде Тольді келген бойда моншаға түсіріп, сақал-мұртын алдырды. Бұрын-соңды көрмеген жаңа киімдер кигізді. Арнайы аппаратқа

отырғызып, психологиялық сараптамадан өткізді. Аппарат көмегімен оның бұрын ашылмаған ғылыми жаңалығы туралы мәліметтер алынды...

...Қысқасы, Толь нағыз керек адам болып шықты. Олардың іздеп жүрген жаңалығын ашуға пайдасы тиетіні анықталды. Ассистенттердің көздері бақырайып, креслода сұлқ түсіп жатқан Тольге таңдана қарады. Перфолентадан да, компьютер мониторынан да жалт-жұлт етіп бұлар күтпеген жұмбақ мәліметтер шыға келді...

– Мына тамашаға қараңыз!

– Сенсация!

– Иә, иә, сенсация!

– Керемет! Неткен ғажап?! – деді адам миының қабілетін зерттейтін ассистент Кита Кат қайран қалып.



II-тарау

Біз Пол Марк екеуміз көршіміз. Үйлеріміздің арасында биік ағаш тақтай дуал ғана бар. Ортада жасыл шырша, ақ қайыңдар өсіп тұр. Ауасы керемет... Екі үйдің де терезелері ну орманға қараған. Жасыл орман деген қандай керемет. Одан әрмен шағын саябақ. Әдеттегідей бүгін де кешкі әңгіме басталды.

– Мен жиырма жыл бойы жер бетіндегі Үнді, Атлант, Тынық мұхиттарында әскери кемемен Американы, Бразилия, Чили, Африканы бірнеше рет араладым. Бірнеше мәрте экваторды кесіп өттім. Бүгінде отставкадамын. Түсіме үнемі теңіз кіреді. Теңіздің түбіне батискафпен түсемін де сан миллион жылдар бойы теңіз түбін мекендеген алуан-алуан медузалар, шаяндар, неше түрлі теңіз жәндіктерін, жануарларын көремін. Кейде қанша қашсам да мені үнемі бір үлкен медуза қуады да жүреді. Дәл жаныма келіп жұтып қоя жаздайды...

– Мұныңыз өте қызық екен!

– Әйтеуір ерте ме, кеш пе, сол медуза мені жұтып тынатын сияқты.

– Сіз де қызықсыз... Ол жай ғана түсіңіз ғой. Түсіңіз...

– Иә, солай ғой... Бірақ... Мені бір түрлі үрей билейді де жүреді. Түсінесің бе?

– Одан да теңізде жүргеніңізде қандай қызықтар болды? Соны айтыңызшы.

– Иә, иә... Көңіліңді қалдырмай, айтайын... Менің каютам кемеде ең жоғары орналасқан еді. Теңіз маған алақандағыдай болып көрінетін. Бірде аспаннан жарқыраған сәуле пайда болып, көзді ашып-жұмғанша теңіз тұңғиығына түсіп жоқ болды. Мен өз көзіме өзім сенбедім... Кейін кеме капитаны да, кеме локааторлары да ешқандай жарық сәуленің пайда болғанын байқамайтын болды.

– Қаншама әскери кеме локааторлары қалайша ол жарықты сезбепті? Түсінбеймін. Түсінсем бұйырмасын, – деді Пол таңданысын жасыра алмай.

– Кенет жанымызда жүзіп келе жатқан үлкен әскери крейсер лезде ізім-қайым көзден ғайып болды... Кеме капитаны, матростар бұл тосын жағдайдан бейхабар. Менің көзімше әскери крейсер бүкіл командасымен бірден көзден ғайып болды десем, бәрі мені есінен ауысқан деп келемеждеді. Мен сол күні кемеде кезекші едім.

– Сонымен, кейіннен не болды? Бұрын-соңды болмаған теңдесі жоқ құбылыс екен, – деді Пол не сенерін, не сенбесін білмей, таңдана түсіп.

– Оның құпиясын күні бүгінге дейін ешкім білмейді. Бұл ғылым үшін де шешілмеген жұмбақ... Әскери крейсер бүкіл командасымен жоғалды... Мен өмір бойы осы оқиғаны көз алдыма елестетемін. Бұған әліге дейін дәйекті тұжырым жасалмады. Менің қарапайым ой-толғауымнан шығатын тұжырым – бұл өте құпия, адам сенгісіз оқиға. Жұмбақ, тылсым...

– Сонымен не айтқалы тұрсыз? – деп таңдана сұрады ол. Сөйтті де аң-таң болған оған өзі де жорамалдап, асығыс жауап берді, – иә, біздің ғалымдарға крейсерді, сірә, судың астынан іздеуі керек шығар. Крейсер су астына батып кеткен болар а-а... Егер шынын айтсақ, бар үміт су астында. Теңіз түбін шарлап, іздеу керек сияқты.

– Су астын іздеді ғой бірнеше жылдай. Бірақ, айтарлықтай ештеңе табылған жоқ. Бұл адам еркінен тыс, әлі күнге ашылмаған, танылмаған құпия. Бұл оқиға біздің әскери крейсер экипажының да, бақылау қызметі орындарының назарынан да тыс тылсым...

Қысқасы, бұл бізге түсініксіз жағдай... Мұның анық-қанығын шешу біздің қолымыздан келер емес. Бұған әлі дайын емеспіз... Өзгешелеу құбылыс... Адамзаттың ақылы мұны анықтауға шамасы жетер емес. Дүние, тіптен, әлем құпияға толы... Тарихтан орын алатын оқиға... Бұл... Иә-ә-ә... Менде сол кезеңнен бері күні бүгінге дейін табиғатымнан білуге, анықтауға құштарлық пайда болды.

Әйтседе бар ғой... әйтсе де... осы оқиғада бір бізге белгісіз магниттік толқындардың әсері бар секілді. Бұл менің жәй ғана жорамалым... Мұны кім ескеріп, кім құлағына ілер дейсің... Осынша жасқа келсем де осыдан қырық жыл бұрынғы теңіздегі оқиға есімнен кетер емес. Біртүрлі қиялшыл болып кеттім. Ойыма бір нәрсе түседі. Адамның ақылына сыймайтын түстер көремін. Кейде өз түсімнен өзім шошымын...

Теңіздің ең терең түбіне қарай батып бара-

мын... Мені белгісіз бір күш тартып әкетіп барады. Еркімнен тыс төмен қарай құлдыраған сайын бір жұтым ауа жетпей, тұншығып барамын. Бойымды қорқыныш, үрей биледі... Айнала төңірегім сансыз балықтар, кальмарлар. Олар мені жан-жақтан ауыздарын арандай ашып торуда... Қорқау, ұпұзын тістері сойдифан, ұзын тұмсықтары шошандап, жарқыраған, дөңгелек, сұсты, өңменінді тесіп бара жатқан көздері жалт-жұлт, жалт-жұлт етеді...

Енді бірде қайдан келгендерін білмеймін, менің қасымнан ұсақ теңіз шаяндары, неше түрлі жәндіктер, балдырлар топ-тобымен жүзіп шыға келді... Неге екенін қайдам, мен олардан қорыққан жоқпын. Өйткені, біріншіден, олардың көздері жанып тұрған жоқ, екіншіден, ауыздары көзге көрінбейтіндей кішкентай еді... Бір кезде олар лып етіп жан-жаққа тарап, көзден ғайып болды. Сөйтсем, әріректе талпақ танаулы үлкен кашалот жайбарақат жүзіп келеді екен. Сол бойда ол қасымнан маған мән бермей, өз бетінше жүзіп өтіп кетті...

Мені әлі де түпсіз терең иірімге құлдилап батып барамын... Бұл жолы тыныс алуым жеңілдеп-ақ қалды. Шыңырау теңіз түбіне батып бара жатқаным болмаса үрей сейіліп, өзімді қоршаған теңіз тұңғиығындағы маған үрей туғызған барлық балық атаулыдан қорқудан арылдым. Бір пәс көңілім жайланып қалды. Кәдімгідей емін-еркін жүзіп келемін.

Полды біртүрлі аяныш сезімі билеп алды. Неткен аяныш, неткен ыждаһат... Рахмет, қартым, рахмет!

—Эх, қария! – деді Пол оны арқасынан қағып.

– Бұл тек сіз үшін емес, бүкіл әлем үшін жұмбақ жәйт. Айтқан құбылыс мені де баурап алды. Бұл жайлы басқа кімге айттыңыз?

– Алғаш жастау кезімде біраз жердің есігін қағып, ойымды айтқаным бар. Бірақ, бәрі менің сөзімді сандырақ деп қабылдады. Есінен ауысқан дегендер де болды. Жылжып жылдар өтті ғой... Қазір мен орта жастан асқан қариямын.

Көңілім орнына түскен соң бойым үрейден сейіліп, жан-жағыма байыппен қызыға, таңдана қарай бастадым. Сөйтсем бар ғой, тұңғыық теңіз түбі керемет бір әлем екен. Қасымнан жанай өткен алуан түрлі жәндіктер, жыртқыш балықтар мені байқамай, көздеріне де ілмей, өз беттерінше жүзіп кетіп жатыр. Мен оларды көріп, байқап, жүзіп келемін...

Бойыма ерекше күш пайда болып, қолыммен де, аяғыммен де қимылдап, төмен қарай жүзіп, сүңгі бердім. Сонша терең, түпсіз теңіз астына түссем де теңіз қысымы маған әсер етер емес. Әлі де төмен қарай тереңдеп түсіп келемін. Әйтеуір бір кездері бар ғой, аяғым теңіз түбіне де тиді. Теңіз түбіне аяқ бастым. Кәдімгі жер бетіндегідей дем алып, жан-жағыма таңданып, сүйсіне қараймын. Бірлі-жарым теңіз түбінде тіршілік ететін жұлдызшалар болмаса, мен өзімді теңіз түбінде емес, жер бетінде жүргендей сезіндім. Жұлдызшалар біресе топ-топ болып көбейіп кетті де, мені жан-жақтан қоршап, айнала жүзді. Мен осылай ұзақ тұрдым. Теңіз түбіндегі әр алуан өсімдіктер баяу ырғалады. Қызыл, сары, көк түске боялған каральдар тербеледі.

Осылай аң-таң болып тұра берер ме едім, топ-топ жұлдызшалар екі жаққа бөлініп, маған жол көрсеткендей болды. Таң қалған мен олардың ырқына еріксіз бағындым. Кенет жұлдызшалардың бәрі қызыл түске боялып, мен жүретін жолды жердегідей жап-жарық етті. Мен өз көзіме өзім сенбедім. Айнала төңірегім ертегідегідей сиқыр күйге енді.

Сөйтіп, мен теңіздің түпсіз терең түбіне саяхат жасауға кірістім. Шетсіз-шексіз теңіз түбі созылып бара жатты. Теңіз түбінде мен жүріп келе жатқан жер теп-тегіс. Әзірше көзіме оғаш ештеңе түспеді. Мен осылайша теңіз түбіндегі құпияға бойлай бердім. Қарсы алдым жап-жарық. Көңіл-күйім көтеріліп, масаттанып қалдым. Бұл бір беймәлім, жұмбақ жәйт еді. Мені белгісіз жұмбақ күш бүкіл тұла бойымды, бүкіл санамды сиқырлап, матап алды.

Әлден соң біз алып теңіз асты үңгіріне тап болдық. Келген бойда үңгір ішіне кірдік. Таңқаларлық... Жер бетіндегі адам баласының ақыл-ойы жетпейтін нәрсенің бәрі осында. Мен ерекше таңданыспен жан-жағыма көз салып қарай бастадым. Алуан-алуан, мен бұрын-соңды көрмеген бейтаныс құрылғы аппараттар, суда қалықтап тұрған шағын үйшіктер...

Кенет сәл әріректен осыдан елу жыл бұрын бірден көзден ғайып болып жоғалған әскери крейсердің сұлбасын көрдім... Палуба үстінде бүкіл команда матростары өзара әзілдесіп, емен-жарқын, ештеңе болмағандай жүтіріп жүр... Ешқандай апат болмаған секілді. Менің жүрегім дүрсілдеп, ау-

зыма тығылды. Олар өздеріне тақап келген мені көріп, кәдімгідей-ақ қол бұлғады. Бәрі сол елу жыл бұрынғыдай жап-жас. Команда өз өмірлеріне дән риза. Үздік-создық әскери крейсерден берілген команда естіледі...

Көзімнің алды бұлдырап, артынша қарайып, басым айналды. Осыдан елу жыл бұрын ғайып болған әскери крейсер ме? Қалайша? Сенуге болмайтын жәйт дейін десек, команда матростары әрқайсысы өзіне тиісті міндеттерін мұқият орындауда. Біреуі әскери крейсердің палубасын швабрамен жуып жүр. Өзгелері әскери крейсер қондырғыларын, торпедо қораптарын, әскери крейсердің пушкаларын тазалауда...

Бетім дуылдап, жүрегім шым ете қалды. Жаным түршікті. Сұмдық! Сұмдық! Мұнда әлі ашылмаған қаншама құпия бар десеңші. Бір қызығы, әскери крейсер командасының сөздері естілмейді. Даусы жоқ кинопенка секілді... Тіршілік, өмір сүру, қозғалыс, бәрі-бәрі бар... Бірақ үн жоқ... Меңіреу үнсіздік. Беймәлім үнсіздік. Кенеттен бірден су бетіне қалқып шыға келдім...

...Иә, сөйтіп үнемі айна-қатесіз осы бір түсті көремін... Міне, осы түсті жылына бір рет, сол әскери крейсер теңіз бетінен ғайып болған күні көремін. Саған бүге-шігесіне дейін тәптіштеген түсімді қырық жыл бойы көріп келемін...

– Түсіңіз жөнінде тиісті орындарға айттыңыз ба?

– Мен саған тағы да қайталап айтайын. Олар мені есі ауысқан, жынды деп есіктерінен кіргізбейді.

– Бұл тегін емес. Иә, иә...

– Теңіз тұңғиығындағы ертегі, аңыз деп қабылда.

– Мен соныңызға сенбеймін... Сенбеймін...

– Сен де менің айтқанымды бос сандырақ дейсің бе?..

– Сандырақ емес! Қырық жыл бойы түсіңізге сол бәз-баяғы қалпында кірсе, сізге ескерту жасап жатқандай... Теңіз астында тұңғиық әлі ашылмаған құпиялар жетіп-артылады... Мен ғалым емеспін! Жәй ғана қарапайым адаммын ғой. Бірақ, бұл жәйдан-жәй түс емес секілді.

– Сонда көрген түсіңізге бұдан өзге оқиғалар енбей ме? Түсіңізде бәрі өзгеріссіз, айна-қатесіз көріне бере ме? Адам баласы сенгісіз, адам айтқысыз жұмбаққа толы ертегідей түс. Түс дегеніңіз болмаса, бұл бір расында да керемет жәйт болды ғой... Соны қалайша қырық жыл бойы ішіңізде жасырып, бүгіп жүрдіңіз? Не істеуге болады? Міне, керемет! Кереметті алыстан іздеудің түкке де қажеті жоқ. Керемет бәріміздің жанымызда. Оны байқап, зерделеп, зерттеп, жіті мән берсек, табуға болады. Әлем, өзіміз мекендеген қаламызда, тіптен, жер планетасында зерттелмеген құпиялар жетерлік. Зерттеп жатырмыз... Бірақ, сіздің түсіңіз расында да өте қызық әрі керемет!

– Рахмет саған, Пол. Сен мені мұқият тыңдап, түскен ұнжырғамды, еңсемді бір көтердің. Анау-мынау мән бермеген, басымнан өткен сонау елу жыл бұрынғы болған оқиғаны бар зейініңмен тыңдадың. Иә, иә... Қазір мен ешкімге қажет

емеспін. Бірақ, келешекте кім біледі, зерттеліп қалуы да ғажап емес...

– Ұнжырғаңызды түсірмеңіз. Менің таныс журналисім бар, соған айтайын. Ол осындай құпия, тылсым жәйттер туралы қызығып жазып жүр.

– Пол, саған бір күрделі нәрсені айтуды есімнен шығарыппын... Менен елу жыл бұрын әскери крейсердің жоғалғаны туралы тіс жарып айтпауға, жарияламауға жазбаша ант алған... Міне, осыған орай мен өмір бойы ештеңе көрмеген, білмеген болып, тып-тыныш өмір сүруім керек, – деді Марк тұла бойы түршігіп. – Қалған азын-аулақ өмірімді түрме қапасында емес, бостандықта сүрейін.

– Міне, керек болса. Иә, расында да бұл туралы уақытысында айтқаныңыз оңды болды.

Пол мәселенің мән-жайын енді ғана жете түсінді. Түсінді де бойын басқаша қорқыныш билеп алды. Расында да ешкім білмейтін, сыры беймәлім жұмбақ оқиғалар жөнінде әлемге жар салғызамын деген ойдан табан астында бас тартты. Өйткені, мұның артында үлкен қауіп барлығына шынтуайттап келгенде көзі жете бастады. Бекер оқиға емес екен.

Толь Артемостың өміріндегі ең қиын кезеңдері енді басталды. Көзі байланып, жеті қат жердің астына түскеніне де алты айдың жүзі болды. Толь өзіне күдіктенетіндей мұнда оғаштау ештеңе байқамады. Кәдімгі лаборатория. Бес шақырым жер астында болса да мұнда бәрі жер бетіндегідей. Жасанды күн

айнала төңірекке нұрын шашып тұр. Кәдімгі жер бетіндегідей күн таңертең шығып, кешке қайта батады. Күмән келтіретін дәнеңе байқалмайды...

Желдеткіш аппараттар бірқалыпты, шусыз жұмыс істеп тұр. Жер астындағы бұл автоматтандырылған жүйе ұзақ жылдардан бері қалыпты жұмыс атқаруда. Мұнда да жылдың төрт мезгілі кезең-кезеңімен келеді. Көктем, жаз, күз, қыс... Атшаптырым жерді алып жатыр. Кішігірім тау, өзен, көл де бар. Жыпылық-жыпылық етіп жұлдыздар, ай көрінеді. Көлде қиқулап ұшып-қонып жүрген үйрек, қаз, тіптен аққулар да бар...

Бастапқыда Толь өзін жер астында емес, жер бетінде жүргендей сезінді. Өз көзіне өзі сенер емес. Зертханаға жұмысқа кірісер алдында Тольдың ғылымға деген ынтық сезімін бірнеше рет арнайы электронды аса сезімтал ми жүйесін барлаушы көмегімен тексерді. Өзінің ғылыми программасын іске асыруға мүмкіндік жасалатынын білгенде қуанышында шек болмады.

Осындағы ұзақ жылдар бойы ғылыми жұмыс істеп жатқан ғалымдардың миларына қашықтықтан арнайы бақылау жасайтын жүйе – электронды аса сезімтал ми жүйесін басқару пульгі жұмыс істеуде. Болашақ тәжірибе жұмыстарының қуанышымен рухтанған Толь расына келгенде мұнда негізінен адам баласына қарсы тәжірибе жасайтын жер асты лабораториясы бар екенінен бейхабар болатын. Тәжірибе жұмысын атқарып жүрген ғалымдар да мүлде бейхабар. Өйткені, электронды ми арқылы оларға қашықтықтан арнайы бұйрық беріп, санала-

рын уландырып, айтқандарын ісететін қолбала етіп қойған.

Электронды ми жүйесінің бұл қасиетінің өзі мұнда сынақтан өткен. Оның шексіз мүмкіндігі бар екенін біліп, алдағы кезеңдерде жер бетінде өз мақсаттары үшін қолдану да жоспарланған... Мұндағылардың бәрі жер шарының әр түкпірінен арнайы ұрланып, жасырынып әкелінген талантты ғалымдар. Егер олар өз елдерінде болса, халқына ғылыми жаңалық ашатын, өлшеусіз пайда келтіретін талантты ғалымдар болар еді.

Жер шарындағы әр түрлі ұлт өкілдерін жинаған, тіптен, ғалым емес, денсаулығы мықты жас қыз-жігіттерді де бірінен соң бірін есепсіз ұрлап әкелуде. Ғайып болып кеткендер... Қысқасы, барлық ұлттардан жиналған ғалымдар.

Ғылыми-басқару орталығы... Ғалымдардың бәрі ашқан жаңалығымыз халық игілігіне арналып жатыр деп ойлайды. Адам баласының ойына келмейтін жан түршігерлік сұмдық тәжірибелер жасалып жатқанынан бейхабар. Тольді өз алдына арнаулы жабдықталған электронды пульт, неше түрлі аппараттар самсап тұрған шағын бөлмеге орналастырды. Самсап тұрған аппараттар... Электронды құрылғылар... Отырып жұмыс істейтін кең стол, жұмсақ, қызыл терімен қапталған кресло. Жанындағы бөлмеде жататын орын. Далиған кең төсек. Әріректе душ, дәретхана. Қысқасы, жұмыс істеуге барлық жағдай жасалған... Таңертеңгі шай, түскі, кешкі ас арнаулы қондырғы арқылы ас бөлмесіне өзінен-өзі келеді (онымен бірге қандай тамақ

ішкің келсе, алдын-ала тапсырыс береді. Өтініш электронды мидың көмегімен мүлтіксіз атқарылып тұрады. Не деген керемет!). Толь аң-таң. Бәрін электронды аппарат автоматты түрде атқарады.

Кенет ол қанша көңілі қалса да Юлиянасын еске алып, қатты сағынды. Шын сүйгендіктен оны күйзеліспен еске алды. Бірақ, соңғы кезде Тольдің есте сақтау қабілеті жойылып бара жатты. Ендігі бар машығы, көңілге медеу тұтары, белгісіз қаһарлы бастықтан берілетін тапсырмаға ауған.

Енді Толь бөлмеден ешқайда шыққысы келмейтін, тек бұйрықты орындайтын роботқа айналған... Тапсырма беретін жуан дауыс:

– Түсінікті ме?! – деп гүр етті электронды бастық оның алдындағы динамиктен.

– Тапсырма түсінікті! – деп қуана жауап қатты Толь.

– Біздің ырқымызда емес... Жаңалықты тез ашуымыз керек...

– Тапсырма түсінікті... О-рын-дай-мын-н-н.

Мүлтіксіз электронды басығының берген тапсырмасына мүдіріп қалған сәті болған жоқ.

– Бәрі ойдағыдай... Бәрі ойдағыдай...

Қайдан екені белгісіз, жер шарының бір бөлігінен жер астындағы жасырын зертхана бастығына жеткен өктем дауыс:

– Біздің ғайып болып кеткенімізді ешкім, еш-уақытта білмейді. Білмеуі тиіс-с-с...

– Біз ештеңеден қорықпаймыз-з-з...

– Керісінше, бәрі, бәрі бізден қорқатын болады-ы-ы...

– Асықпа, қуанатын күнің әлі алда-а-а...

– Тапсырма түсінікті ме?..

– Түсінікті, түсінікті-і-і...

– Бәрі біздің қолда болуы тиіс-с-с...

– Бәрі де ойдағыдай... Бәрі де ойдағыдай...

Қойылған сұраққа ешқандай мүдіріп қалуға болмайды...

– Нақты немен айналысатыныңды білесің ғой... Әзірше маған ғылыми тапсырманы тәптіштеп ашық айтуға рұқсат бермеймін. Зертханаға жегілген ғалымдардың психологиялық ахуалы қатаң бақылансын... Арасында оғаш мінез танытып, біздің сенімімізді ақтамайтындарды психологиялық өңдеу тәсіліне жіберіңіздер... Сенуге болатын дәрежеге дейін өндеп, орталық нерв жүйелері қалыпқа келтірілсін... Биоөрісті қатаң бақылауда ұстау қажет. Тапсырмаға сәйкес біздің берген жаңалықты ашқан ғалымдардың аты-жөні әлемге таралмасын. Ашқан жаңалығының әлемге пайдасы немесе зияны барлығы туралы айтылмасын. Ашылған ғылыми идея егжей-тегжейлі зертханада зерттеліп, бүгешігесіне дейін анықталып, қолданысқа жолданады. Жаңалықты қандай мақсатта қолдануды біздер шешеміз. Мәселе жаңалықтардың өмірде практикалық жағынан қолдану маңыздылығында. Қысқасы, біздегі зерттеліп, ашылып жатқан жаңалықтар жалпыға мәңгілік құпия болып қалады... Құпия, тағы да құпия. Ең керемет деген ғалымдардың аттары

ешқашан да, ешуақытта да жарияланбайды. Мәңгілік құпия күйінде қалуы тиіс...

Жасырын ғана данышпандар мекені... Толь жұмыс істейтін аядай бөлмедегі пулт бас экранмен жабдықталған. Айналмалы тұғырға орнатылған жайлы креслода ғалымдар жұмыс істеп отырған экранға жіті қарап қойып күзетші-барлаушы оператор Мор Уинстон отыр. Ол жерасты ғылыми зертханасының төрт тұсынан қойылған автоматты телекамераның көмегімен не іс-әрекет болып жатқанын толық бақылауда. Зертхана ішінде бейсауыт жүрген бос адам жоқ. Ешқайсысы бір-бірімен сөйлеспейді. Бәрінен бұрын жерасты данышпандар мекеніне жаңадан қосылған Тольге бақылау күшейтілген. Сенбеушілік әлі де тиылар емес. Әзірге күдік тудыратын оғаш қылық байқалмайды. Дабыл қағудың қажеті шамалы. Бөгде мінез көрсетпек түгілі, осында келгеніне өте қуанышты, көңіл-күйі көтеріңкі. Сырт көзге ішкі қуанышын, толқуын білдірмейді. Озық ойшыл, ғылымға адал азамат болуды армандайтын Толь соңғы күндері ғылымға қатты беріліп, оғаш мінез танытпай, ұзақ уақыт сілейіп отыратынды шығарды.

Мистер Сэм осылайша бүгінге дейін ғылымда жұмбақ болып келген небір ғажайып жаңалықтарды аштырды. Жаңалықтары керісінше жер бетіндегі тіршілік – жан атаулыны климаттық тәсілмен сездірмей, апаттарға ұшырататын бұрын-соңды болмаған жаңа қадамдарға айналдырды...

Жасырын зертханадағы жаңалық ашқан аты белгісіз ғалымдар өздерінің ашқан жаңалығы адамзатқа зәредей зиян келтірер деген ойда болмады. Бұған кінәлі кім? Мистер Сэм электронды бақылаушы экраннан ғалымдарды мұқият шолып өтті. Осыншама ғалымдар мен ассистенттер арасынан қыбыр еткен оғаш қимыл байқалсайшы, сілейіп отырып қалған. Ғылыми идеялар егжей-тегжейлі зерттеліп, қолданысқа жолданып, Сэмнің де көңілі көтеріңкі күйде. Әзірше ғалымдарды кінәлауға болмайды.

Тәжірибе, тәжірибе, бізге қажетті тек тәжірибе және тәжірибе. Бас байқаушыға тәжірибенің жанданғанын, бәрі ойдағыдай екені жөнінде үсті-үстіне, дүркін-дүркін мәлімет келіп жатты... Келіп жатты...



III-тарау

Бұл күні Филиппин аралы тұрғындары қаннен-қаперсіз шырт ұйқыда жатқан. Жаздың жайма-шуақ мезгілі. Аралдың барлық тұрғындары мұндайда далада, салқында ұйықтайтын.

Айналаны қоршаған теңіз тып-тыныш. Теңіз бүгін ерекше мөп-мөлдір. Арал әсте бір алып көкпенбек күмбез үстінде тұрғандай. Көрініс ерекше ертегідегідей... Осындай тыныштықты арагідік шаңқылдаған теңіз шағаласының үйреншікті үні бөлді.

Кенет ұшып-қонған құстар топ-топ болып үдере ұшып, шаңқылдап кетті. Құстардың мұндай беймезгіл әрекетіне ешкім мән бермеді. Енді аспан түнеріп, кенеттен қара бұлт пайда болды. Сол ақ екен бірден нөсер жаңбыр шелектеп төпеледі. Оған қоса найзағай қатты жарқылдады. Ол аздай, теңіз өз деңгейінен 15-20 метрге дейін көтеріліп, аралдағы үйлерді адамдарымен қоса шайып кетті. Арал үстіндегі үйлер, алып папоротниктер түбімен қопарылып, жермен-жексен болды. Тірі пенде қалмады...

Австралияның оңтүстік бойында күтпеген жерден шілде айында ғайыптан бір шөкім бұлт пайда болып, табан астында нөсер жаңбыр жауды. Төрт сағат нөсерлетіп, жер бетін екі метр су басты. Сөйтіп, қалаға қатты зиян келтірді. Адам шығыны да бар...

Теңіз жағалауындағы жерде күтпеген жерден бұлт пайда болып, қатты нөсерден теңіз суы көтеріліп, маңайды жайпап кетті...

Қытай, Вьетнамда да осындай нөсердің салдарынан үйлер су астында қалып, халқы зардап шекті...

Жер шарының өзге де бөліктеріндегі мемлекеттерде де алып құйындар, бұрын-соңды болмаған, адам ақылына сыймайтын табиғи құбылыстар пайда болды. Торнадо үйлердің шатырларын, тіптен, адамдар мен зәулім үйлерді, көліктерді ұшырып әкетті...

Планетаның әр бөлігінде, әсіресе, Бразилия, Австралия, Чили, АҚШ, Аргентина мемлекеттерінде 23м\сек. мезгілсіз қатты жел тұрып, төпе-

леп нөсер жаууда. Ауа-райын зерттейтін синоптиктердің мәліметі тура келмеді. Табиғаттағы ауа-райымың құбылып, басқа бір жұмбақ күштердің әсерінен осындай дауылдар пайда бола бастады...

Кноп Мор терезе алдына барып, төменге ұзақ көз тастады. Аула ішінде жайбарақат демалып отырған көршісі Маникс атай мен Кура әжейді анық көрді. Ауладағы таңертеңгі сағат алтыда өте ерте тұратын осы екеуі. Кноп Мор – табиғатты қорғау компаниясында кіші ғылыми қызметкер. Жасы қырыққа толған сүрбойдақ.

Аздан соң үстіне спорттық киімін жедел киіп, екінші қабаттан жүгіріп төменге түсті. Бұл кезде Маникс атай мен Кура әжей қолтықтасып, аула ішін аралауға беттеді. Аяқ-қолдары жеңіл. Екеуі өзара қолдарын ербеңдетіп, жаттығып алып, күндегі әдеттерінше аула ішін аралауға кірісті. Бірнеше жылдан бері екеуі жұптарын жазбай серуендеуді өте жақсы көреді. Маникс атайдың жасы сексенге келсе де әлі бақуат. Техникалық университетте сабақ берген. Университеттің профессоры. Бүгінде демалыста. Жердің атмосферасы туралы ғылыми еңбек жазды. Атмосфераның құрамы туралы пәннен дәріс берді. Кура әжей де осы университетте зертханада ассистент болып істеген.

Маникс бейбіт өмірді жақсы көретін, соғысты жек көретін профессор. Шіркін, тыныштықта бақытты өмір сүргенге не жетсін! Пешенелеріне

жазғанды көрді. Екеуінің перзенттері болмады. Бақытты өмір сүру үшін қолдан келгенін жасады. Өз бақыты үшін күресті. Көңілі жабырқау тартса болды, аула аралайды. Профессор қоршаған ортада атмосфераның адамның іс-әрекетінен бұзылуы туралы бірнеше еңбектер жазды. Ғалым болды.

Бүгін түнімен ұйқысы қайта-қайта бұзыла берді. Түсіне әрнәрсе бір кіреді. Көк зеңгір аспанда бір шөкім бұлт жоқ. Айнала төңіректе қатты жел тұрып, ағаштарды түбімен қопарып, тіптен, көшедегі машиналарды да адамдарымен қоса аударып, аспанға ұшырып әкетіп жатыр. Арасында жанұшыра айқайлаған адамдар да бар...

Маникс көзінен жасы парлап, әл-дәрмені құрып, бар даусымен айқайлады. Бірақ, қолынан келер дәрмен жоқ... Осы түстен кейін жүрегі бір жайсыздықты сезіп, тағатсыздана берді. Не деген сұмдық түс...

Тегі, қарт профессор Маникс жасы ұлғайса да ол жалғыз өз мамандығы төңірегінде ғана емес, ғылымның басқа салаларынан да хабары жетерлік, жан-жақты танылған-ды. Профессор өзін түсінетін білгенді адаммен сөйлесіп, ой-пікір бөліскенді жаны ұнатады. Қазір өзегін өрт шалғандай күй кешіп келеді. Сиқырлы азап аза бойын қаза етті. Мұның түрінің өзгеріп, мең-зең күйін сезген Кура әжей жай ғана баяу үнмен:

– Сүйіктім! Түрің өзгеріп кетті ғой, не болды, сонша... Бір жерің ауырды ма? – деді қолтығынан оң қолымен демеп ұстап.

– Қобалжитын дәнеңе жоқ. Денсаулығым

жап-жақсы. Түсіме қай-қайдағы бір жаман жәйттер кіргені...

– Ол қандай түс?..

– Саған оны айтуға аузым бармайды...

– Қатты қайғыра берме, әшейін түс қой.

– Бұл анау-мынау түс емес... Сұмдық! Мүмкін емес!

Профессор демін ішіне тартып, терең күрсінді... Көзін сығырайтыңқырап, кемпірін алғаш көргендей мең-зең болып тесіле қарады. Оған түнде көрген қорқынышты түсін, осы уақытқа дейін айтпай келген құпиясын жасырмай айтсам ба екен деп бір ойлады. Ойы тұйыққа тіреліп, қандай амал табарын білмей дағдарып қалды. Бірақ таяу уақытта бір сұмдықтың боларын жүрегі сезіп, көзіне еріксіз жас алды.

Ойда-жоқта алдынан көрші тұратын, өзінің пікірлес інісі Кноп Морды көргенде сәл де болса көңілі сабасына түсті.

– Амансың ба, Кнап Мор! – деді қатты қуанып кеткен профессор Маникс жүзіне қан жүгіріп.

– Құрметті профессор! Амансыз ба? Сізді көргеніме қуаныштымын.

Ол профессорға бастан-аяқ қарап, сөзін аса байыппен жалғай берді. – Көңіл-күйіңіз қалай? – деді ол профессордың арқасынан жайлап қағып.

– Кноп Мор, дәл қазір сені осы жерде кездестіргенім қандай жақсы болды десеңізші...

– Мен де сіздерді кездестіргеніме қуаныштымын.

– Бұл өте тамаша кездесу болды. Иә, иә, дәл солай...

Профессор Маникстің тұла бойы жеңілдеп қалғандай болды. Тіптен, аяқ-қолын жеңіл қимылдата бастады. Ол басын жайлап көтеріп, Кноп Морға да, кемпіріне де сүйсіне қарады.

– Иә, расында да көңілім бір көтеріліп қалды... Иә, қарағым, Кноп Мор, сен де ғылымға бір табан жақынсың ғой. Екеуміз пікірлеспіз. Ғылымдағы тосын жәйттер туралы бірнеше рет пікірлестік емес пе?

– Өте дұрыс айтасыз, профессор мырза! Сізбен бірге болу, пікірлесу мен үшін үлкен ғанибет.

– Тым асыра айтқан жоқсың ба? Мен жасым ұлғайған қарт адаммын. Бүгінде мені біреу сыйлайды, біреулері сәлем де бермейді.

– Жо, жоқ, профессор... Олай деменіз. Басқаларды білмеймін, өз басым сізді қатты құрметтеймін.

– Түнде мен өте бір жайсыз түс көрдім. Тегі, түс дейтін түс те емес... тура бір өнімдегідей. Аспан шайдай ашық болса да табан астында қатты жел тұрып, жер мен көкті жайпап барады. Артынша қатты нөсер жаңбыр жауып, айналаны топан су басты... Осы түсімнен өзім қорқып отырмын. Бұл жай түс емес, ескерту секілді... Бәрі көз алдымда, кинолента сияқты тізбектеліп өтіп жатыр. Иә, иә...

Маникстің денесі қайтадан дірілдеп, көзі жа саурап кетті.

– Расында да бұл бір ғажап, жұмбақ түс екен. Әрине, дөп басып бірден анық-қанығына көз жеткізу мүмкін емес. Сабыр сақтаңыз...– деп Кноп Мор келген бетте әй-шайға қарамай профессорды

қапсыра құшақтай алды. Оны сабасына түсірудің басқа амалы болмады. Мұны күтпеген профессор Маникс жас балаша елпендеп, көз жасына ерік берді.

Екі иығы селкілдеп жылаған профессорды Кноп Мор аяп кетті. Қандай бір тасбауыр болса да дәл мұндайға шыдап тұра алмас еді. Бұған профессордың кемпірі Кура да қосыла жылады. Кноп Мор бұларға басу айтып, жұбатты. Профессор Маникс ауыр ыңыранып, қаудырап қалған шашын оң қолымен жайлап сипады. Бұл оның сабасына түсіп, өзіне-өзі келгенінің белгісі.

Кноп Мор жүрегі жарыла қуанды. Кура әжейдің қолынан сүйіп, сабыр сақтауды өтінді. Әжейдің ажары кіріп, мейірімді көзімен екеуіне күлімдеп қарады да Кноп Морға алғысын айтты.

– Тірлігіңе береке берсін, маған көрсеткен құрметіңе рахмет. Жақсылығың Құдайдан қайтсын, – деп Кноп Мордың бетінен сүйді.

– Кноп Мор, саған көп рахмет. Көңілімді орнына түсірдің. Сенің құрметіңе баға жетпейді. Тағы да алғыс білдіремін. Сонымен, менің көрген түсіме оралайық. Бұл түс тегін емес. Сен бұған не дейсің? – деді қарт профессор Маникс қуарыңқыраған күйде.

– Мәртебелі, профессор Маникс! Бұл расында да тегін түс емес секілді... Сіз осы түсті бірнеше мәрте көріп келесіз. Солай ғой. Неліктен бұл түс қайталана береді. Бар гәп осында... бұл түс мен үшін де жұмбақ болып тұр.

– Иә, иә, мен үшін де бұл жұмбақ. Мұның

шешімін қалай анықтауға болады? Менің айтарым, бұл адамзат баласына ескерту, Кноп Мор...

– Әлбетте, әлбетте-е-е... Сіз, мәртебелі профессор, мен үшін заманымыздың озық ойлы данышпанысыз. Сіздің біліміңіз бен тәжірибеніңізді әлі де болса пайдалану керек, – деді қуанған Кноп Мор.

– Әй, балам-ай, мен қазір кімге керекпін? Ешкімге де керек емеспін... Мен бұл дүниеде жоқ адаммын. Әлдеқашан өлгенмін. Аты-жөнім өзгеріп кеткен қаусаған шалмын. Профессор деп жүрген сенсің ғой, құрметті Кноп Мор. Бұл екеуара әңгіме тек екеуіміздің арамызда қалсын. Басқа ешкімге тіс жарып айтушы болма. Бәріміздің басымыз кетеді... Түсіндің бе? Осы есінде болсын! Кноп Мор, жалпы менің ниетім адал.

– Профессор, мен табиғатты қорғау компаниясында кіші ғылыми қызметкермін. Бүгін бізде ауа-райы тамаша. Прогноз бойынша жел де, жаңбыр да жоқ. Маған рұқсат етіңіз, жұмысыма барайын. Күнделікті жаттығуымды жасайын. Бірнеше айналым жүгіруім керек. Өзіңіз білесіз, – деп кетуге ынғайланды Кноп Мор.

– Бойым сергіп, тынысым кеңіп қалды. Еңсемді басқан уайымды сейілттің. Рахмет. Рұқсат, – деді профессор Маникс кемпірі Кураны қолтықтап. – Бүгін күн ашық болады дейсің бе?

– Иә, бүгін күн ашық болады, – деді жүгіріп бара жатқан Кноп Мор қолын бұлғап. – Прогноз солай-й-й...

– Өте жақсы. Рахмет, – деді профессор Маникс ризалығын білдіріп. – Бүгін бір жақсылап серуен-

дейік. Не де болса ғалымдар қауымына жатамыз ғой. Енді қауіптенетіндей дәнеме де қалмады.

Дәл осы сәтте профессор Маникстен бақытты жан жоқ сияқты. Кенет аяқ астынан бұл қалада бұрын-сонды болмаған сұрапыл дауыл басталды да кетті. Ағаштарды тамырымен қопарып, көп қабатты үйлердің шатырлары ұшып, көзден ғайып болды. Көше бойындағы әртүрлі жеңіл автомашиналар адамдарымен аударылып-төңкеріліп жатыр. Айнала төңіректің астан-кестені шықты. У-шу болған адамдар.... Кейбіреулері ағаш астында қалуда...

Сөйтіп, бар болғаны жарты сағат тұрған дауыл пышақкесті тиылды. Артынша аспанды бірден қара бұлт басты. Сол-ақ екен, шелектеп нөсер жаңбыр жауды. Дауылдан тірі қалған бірлі-жарым адамдар биік жерлерге шықты. Жауынның қатты жауғаны сонша, көшелерді бір метрдей су басты. Құлаған ағаштар, автомобильдер, үй шатырлары сумен ағып барады. Су деңгейі көтеріліп барады. Әне-міне дегенше су екі метрге жетті. Жауын толастар емес. Үдей түсуде. Су енді күшіне мініп, сарылдап-сарқырап, жолындағының бәрін ағызып жайпап барады... Үсті-үстіне көтерілген топан судан адамдар жан ұшыруда... Қою бұлт аспанды тұмшалап алды. Тірі жанның бәрі есеңгіреп қалған...

Кенет табан астында басталған дүлей дауыл пышақ кескендей тыйылып, жер мен көкті жайпап өткен нөсер жаңбыр да бірден тоқтады. Бұл жұмбақ табиғат апатының анық-қанығын айтатын тірі жан табылмады әзірге...

Ертесіне барлық бұқаралық ақпарат құралдары алапат дауыл жайлы жарытып ештеңе айта алмады... Тек қираған үйлер мен ағаштарды, суға ағып бара жатқан адамдар мен жануарларды, автомобильдерді ғана көрсетумен шектелді. Бәрі жұмбақ күйінде қалды...

Мей Карлос маңдайынан аққан терін сүртті. Жасы елуге келсе де әлі бақуат. Ол Тынық мұхитындағы картада жоқ Уран аралының бұрыннан тұратын жергілікті тұрғыны. Әке-шешесі де осы аралда өмір сүрді. Шағын ғана арал. Жан-жағын Тынық мұхиты қоршаған. Халық саны екі-үш жүз адамдай арал тұрғындары негізінен ауыл шаруашылығымен айналысады. Күн көрістері осы. Сонымен бірге балық та аулайды.

Бүгін ауа-райы тамаша. Күн шайдай ашық. Тыныштықты теңіз жақтағы шағалалардың үйреншікті дауыстары бөлді. Мей Карлос қалың ну ағаштың арасындағы аумағы атшаптырым жердегі ашық алаңқайға еккен күрішке су жіберуде. Аралда су жеткілікті. Ортадағы шағын таудың арасынан шағын өзекше ағады. Суы мөп-мөлдір әрі тұщы. Осы өзенше суы арал тұрғындарының ішуіне де, егін суаруына да жетеді. Жеміс-жидек, жүзім деген мол.

Мей Карлос өз өміріне дән риза. Бір жақсысы, шағын аралда әскери база жоқ. Арал тұрғындары

жеміс-жидек, банан, балық дайындайды. Өнімді арнайы кеме келіп тиіп алып әкетеді. Бұлардың басшысы жуан қарын Тери Мор қатігез, пейілі жаман адам. Аралда одан бәрі қорқады. «Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс». Арал тұрғындарын ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстайды. Өзі бұл аралдық емес. Оны мұнда құрлықтан сайлаған. Сығырайған көзі өңменіңнен өтіп кете жаздайды. Тай аралының әскери маңыздылығы жоқ деп шешілді. Мұның қасында бұдан өзге көлемдері үлкен басқа да аралдар бар еді. Әскери база сол аралдарға орналасқан.

Қысқасы, арал тұрғындары жауынгерлерді балық, жеміс-жидекпен қамтамасыз етеді. Аралға кіріп-шығуға қатаң тыйым салынған. Сыртқы әлеммен байланысы жоқтың қасы... Әлемде не болып жатқанынан мүлдем бейхабар. Әйтеуір бұларға сырттан бөгде ешкім тиіспейді: Қысқасы, «сен тимесең, мен тимен, бадыраң көз» демекші, өздерімен-өзі... Былайша айтқанда, өздерінше бейбіт өмір сүріп жатқан тұрғындар. Жүйке жүйелері тозбаған, зұлымдық, аштық, ауру, соғыс індеті, уайым-қайғы дегенді бұлар тіпті білмейді.

Бұлардың қожалары да шағын аралды барлық жағынан таза ұстау керектігін жоспарлады... Таза аралды түрлі аурулармен ластамай, өнім дайындайтын жұмысшыларды да ешқандай арам ойлармен, жаман пиғылмен ластамаған жағдайда өсірген өнімдері де өте таза, пайдалы болатынын әдейі ескерді. Олар зұлымдықты, арамдықты білмек түгілі, ойламайды да.

Қастарындағы көрші аралдарда әскери база орналасқан. Тарих дөңгелегін кері айналдырып жібереміз дейтіндердің, арам пиғылын іске асырамын дейтіндердің ордалары орналасқан. Олардың басқарушылары жердің қай бөлігінде екенін ешкім ешқашан білмейді. Мұндағы арал тұрғындары биороботтар секілді. Орталық жүйе жүйесіне арнайы бұйрыққа тән биоөріс жіберіледі. Сол себептен ғана шүбәсіз, арам пиғыл жасамай жүргендері. Адал ниетті, адал ойлы адам санатына бейімдейтін арнайы программа беріледі. Табиғат заңдылығы, адамның жаратылысынан берілетін, ұдайы жетілетін адами игі қасиеттері санадан алынып тасталған. Бұл да арнайы жасалып жатқан тәжірибе...

Зерттеулер нәтижесі күннен-күнге жетіле түсуде. Нағыз айтқанды екі етпейтін, тіл алғыш зомби адамдар. Ешқандай сенімсіздік тудырмайды... Моп-момақан. Тұс-тұстарынан анталап жүрген жауыздарға азық-түлік әзірлеп жүргендерінен бейхабар. Бақытты ғұмыр сүруге қақы бар екендігінен мүлде мақұрым. Аралдағы азын-аулақ тұрғындарға жасалып жүрген сынақ әлі өз мәресіне жеткен жоқ...

Егер ғылыми тәжірибе нәтижелі аяқталса, оны кең көлемде әлемнің өздері жоспарлаған мемлекет халқына қолдану жоспарларында тұр. Телепатиялық аппараттардың неше түрі жасалып, сынақтан өтуде. Аппарат әсері әртүрлі қашықтықтан жіберіледі... Адамның орталық нерв жүйесіне бірте-бірте арнайы тапсырма беретін биоөрістер жіберіледі. Сөйтіп, тіршілік атаулыға адам айтқысыз нұқсан келмекші. Кім білсін, бұл сұрқия жаңалық

жер кеңістігін кезіп кетсе келешек не болмақ? Иә, ашқан жаңалығы жалпы адамзатқа орасан зиян келтірді деген күдік сол ғалымдардың ойына кірді ме екен? Әрине, кірген жоқ. Әңгіме, жаңалық қандай пиғылды адамның қолында тұрғанында.

Осындай бір керемет сынақ қолданылып жатқан Тынық мұхитындағы белгісіз шағын арал тұрғындары жәймен тіршілік етіп жатты. Арал тұрғыны Мей Карлостың ойына әлдене түсті білем, ол жұмысшылар жүрген жаққа жалт бұрылды. Әлі де болса санасы толық биоөріспен зақымданбаған ол Джонның ысқырған даусын естімеді. Джон бұған таяп қалған екен.

– Мей Карлос, құлағыңыз естімей қалғаннан сау ма? Ойыма бір нәрсе келді. Ертең біздің жүгіміз толық дайын болуы керек.

– Иә, иә, білемін.

– Балықтар мен жүзімдерді, банандарды арнаулы жәшіктерге тиендер... – деді Джон сәл даусын жұмсартып.

– Құп болады!

– Генерал Дауль мырза екі рет ескерткенді ұнатпайды, – деді Джон даусын сәл жұмсартып.

– Қабылданған әрбір тауарды дозиметрмен мұқит тексеріңіздер. Ешқандай күмән болмасын, естідіңіздер ме? Арнаулы жәшіктерге тиесілі азық-түліктер, балық, шаян, банан, түгел-түгел салынсын. Ертең таңертеңнен бастап «F-100» арнаулы жүк тасығыш тікұшақтар келеді. Тікұшақтар қабылданатын орындар даярлансын!

Мей Карлос пен Джон тікұшақтар қонатын

алаңға келгенде бұларды жауапты Марк пен Юксты тыпыршып күтіп тұр екен. Жүздерінде қобалжу бар. Қалай болар екен деп қауіптеніп тұрғандай. Өйткені, кеше ғана мұнда табан астында алып құйын пайда болып, тікұшақ қонатын алаңдағы жерді ағашымен аспанға сорып әкеткен. Орны екі, тереңдігі он метрдей болып ойылып қалған. Марк пен Юкстің үрейленіп тұрғаны осыдан. Енді олар тікұшақтар қонатын орынды арнаулы топырақсүргіш тракторлармен тегістеп те болған екен. Бірақ, онда баратын жолдағы сынған ағаштар толық таза-ланбапты...

– Тікұшақтардың қону, ұшу, жүктерді тиеу графиктері толық сақталады, – деді Марк нық сеніммен, бұл қалай болды екен деп қауіптенуден бойын аулақ салып. Көңілі сәл орнына түскендей көзін жан-жаққа жүгіртті.

– Орталықтың тапсырмасы толық орындалады. Бірінші рет емес қой... Күдіктенетін ештеңе жоқ, – деді Джон. Ол аралдағы ең сенімді, әбден тексеруден өткен басшы.

– Құп болады, мистер Джон! Тапсырма толық орындалады, – деді Мей Карлос күлімдеп. Қуаныштан қолын көтеріп, жан-жаққа сермеді...

Ертесіне түс мезгілінде аралды жан-жақтан оншақты «F-100» арнаулы жүк тиегіш тікұшақтар басып кетті. Мей Карлос басқарған жұмысшылар бірнеше жүк таситын машиналарға тиелген жүктерді түсіре бастады.

– Джон мырза, қабылдап алыңыз, – деді Мей Карлос. – Жүз жәшік банан, жүз жәшік жүзім, жүз жәшік алма, жүз жәшік ананас, екі жүз жәшік қызанақ, екі жүз жәшік қияр, жүз жәшік тұздалған балық, екі жүз қалбыр қара уылдырық...

– Өте жақсы, Мей Карлос...

– Барлығы арнайы дозиметрмен өлшенген. Зертханалық тексеруден өткен, – деді Мей Карлос нық сеніммен. – Барлығы ойдағыдай. Тап-таза...

Әне-міне дегенше жүктер тікұшақтарға түгел тиелді. Тікұшақтар бір мезгілде бірден аралды гүрілдетіп, аспанға көтеріліп, жан-жаққа тарай бастады. Мей Карлос жерге отыра кетті. Терең күрсініп алып:

– Тамаша-а-а! Бәріңе көп-көп рахмет! Екі күн демалыс жариялаймын. Әрқайсыңның өз жұмысың, үйлерің бар. Емін-еркін демалыңдар...

Бәрі жан-жаққа тарады.

Кенет тып-тыныш жатқан арал үстін құстар қаптап кетті. Қиқулап, шағын аралды бастарына көтерді. Құстардың үні өзгеше есіледі... Үріккен шағалалар адамдарды жанай ұшып жүр. Адамдар түкке түсінбей, аң-таң болып тұр.

– Мына құстарға не болған?

– Әлденеге алаңдаулы сияқты...

– Кім білсін, не болғанын?..

Арал тұрғындары құстармен қосыла маймылдардың мұншалықты әбігерге түскенін біле алмай дал. Құстардың үні құлаққа өзгеше естіледі. Бұл да бір тылсым күштің әсері ме екен?! Дауыстары біресе аянышты, біресе саңқылдап күлгендей болып шығады. Әйтеуір, ат төбеліндей арал тұрғын-

дарын үйрейлендіріп-ақ тастады. Олар аң-таң болып, дағдарып қалды... Құстар дамыл таппай, арал үстінде әрлі-берлі ұшып жүр. Маймылдар да әбігерге түсті. Арал тұрғындары жүректері бір нәрсені сезгендей, секем ала бастады. Түсініксіз, жұмбақ жағдай... Бәрі де үн-түнсіз, жүздері жабырқау...

Тынық мұхиттан ескен салқын самал бірден ызғарланып, суып кетті. Көп жылдан бері мұндай ызғарлы, суық жел соққан емес. Әлі ешкім басынан өткізбеген, тосыннан пайда болған жел бірте-бірте күшейе түсті. Аралда ешқашан күшті жел болмайтын. Тұрғындар енді шындап сасайын деді... Жан-жақтарына, бір-біріне жалтақтап, көмек күткендей сыңай танытты. Кейбіреулері ауыздарын ашып, таңдана қарап қалыпты. Үрей пайда болды... Үрей үдей берді... Үдей берді...

Кенет... Кенет құстардың жат қылықтары пышақ кескендей тыйылды. Маймылдардың да үндері өшті. Аралда мүлгіген тыныштық орнады. Аралдықтар үрейден арылып, өздеріне келе бастады. Сол-ақ екен, теңіз жақтан гүрілдеген судың даусы естілді. Теңіз буырқанып, 15-20 метрге дейін көтеріліп, аралға қарай лап берді...

Көзді ашып-жұмғанша арал су астында қалды. Енді бірде шағын арал бетіндегі үйлер, ағаштар тіршілік белгісін біржолаа жоғалтты. Арал бұрын-соңды болмаған күй кешті. Ол біртіндеп теңіз түбіне қарай шөге берді... Шөге берді... Аралды түп-түгел теңіз жұтты. Қасындағы аралдар да апатқа душар болды. Теңіз суы арал бетін түп-түгел сыпыра-сиыра тұңғиыққа тартып бара жатты...

Осынау күтпеген тосын апат туралы арал қожайынына ешкімге тіс жарып айтуға тыйым салды. Бұл құпия күйінде қалсын деп шешті. Барлық бұқаралық ақпарат құралдары осынау қайғылы, табиғи апат жайлы ешнәрсе білмеді. Жабулы қазан жабулы күйінде қалды...

Бірақ, арал қожайындары бұл тосын оқиғаны жасырын түрде жедел анықтап, мән-жайды білуге тапсырма берді.

Арнайы құрылған ғылыми топ қанша зерттегенімен мандытып ештеңені анықтай алмады...

«Бұл бұрын-соңды болмаған табиғи апат. Теңіз түбіндегі тектоникалық өзгеріс әсері... Теңіз түбінде жойқын жарылыс болып, сызат ашылып, арал сонда жұтылған...» деген дүдәмал жорамал жасалды...



IV-тарау

Жасырын апиын өндіретін концерннің басшысы Джеймс Дантостың асығы алшысынан тұрды. Апиын өндіретін жасырын концерндегі химиктердің жүйке жүйелеріне арнаулы биоөріс жасау арқылы естерін жоғалтып, тек қана апиын өндірумен айналысатын код енгізіп қойған... Жұмған аузын ашпайтын момақан, тіл алғыш, мүсәпір біреулер болып шыға келді. Соның бірі Ален Маркус. Бір кезде ол желкесі күжірейген, анау-мынауды көзіне ілмейтін Колорадо штатындағы университеттің білдей профессоры болатын.

Джеймс Дантостың айлакер қызметкерлері Ален Маркусты автомашинамен қағып, екі аяғын сындырды. Оны өздерінің жасырын ауруханасына апарды. Ауруханада екі аяғын кесті. Ален Маркустың мінез-құлқын жете тексерді. Миын, жүйке жүзіндегі талшықтардағы биоток импульсті, оның білім деңгейін анықтап барып, тек апиынның әлемде жоқ жаңа түрін жасауды қолға алуды іске асыруды тапсырды.

Миының барлық қабілетін апиын өндіруге бағыттады. Екі аяғы жоқ, арбадағы мүгедек Ален Маркус өзінің бар талантын жаңа құрамдағы апиын өндіруге жұмсады. Өзінің жасап жатқан жұмысын адам баласына пайдалы жұмыс деп ойлайды.

Зертхана іші түгел автоматтандырылған. Ален Маркустың үсті-басын өткізгіш сымдармен оңды-солды шандып тастаған. Оның бет-әлпетіне караған адам оның өз өміріне дән риза екенін байқайды. Тіптен, шашы қаудыраған басы өзгеше шандылған. Ален Маркус отырған пульта алдындағы аппараттарға аса ептілікпен көзін тігіп, дүниедегінің бәрін біржолата ұмытқандай. Көзін әрбір аспаптың қыбырын, оның қосылған жерінен шығып жатқан қағазға оралған тәттілерден алмайды. Кішкене қораптарға түсіп жатқан шағын-шағын тәттілер ең жетілген, соңғы лабораториялық тәсілдерімен алынып жатқан апиындар...

Кэмпит қағазына оралып жатқан апиын конфекттер миллиондаған жастарды өмірден бездіретін жаңаша қару іспеттес... Кейінгі кезде бұлар дүние жүзінің көптеген мемлекеттеріне құпия таратылып жүр. Өмірге енжар, үнемі үрейде жүруге итермелеп, ақыр соңында өз-өзіне қол жұмсап, өмірден оздыратын қасиеті бар арнайы жасалған қарудың бір түрі. Қасында дәл осындай есірткі өндірудің маманы Дукар Дик отыр. Өне бойы үрейде жүретін сорлы «мен бұл жерден кетпеймін» деп дабырлап отырады үнемі.

Ален Маркусті бұрын көрген таныстары бүгінде мүлдем танымайды. Бетіне де пластикалық операция жасалған. Жанары тая бастаған көздері шүңірейіп, қабақ астына түсіп кеткен. Тірі әруақ секілді...

Дукар Диктің де жағдайы оңып тұрған жоқ. Оны да бет-әлпеті адам танымастай өзгерген. Әжім

басқан жүзі шүберектей бозарып, екі иығы еңкіш тартып, бүкірейіп отыр.

Ален Маркус мүгедектердің автоматтандырылған кресло-арбасына таңылған. Қажет жеріне кресло-арбаның өзі жеткізеді. Әйтеуір өліп қалма-сын деп оған уақытылы төрт мезгіл тамағын береді. Бұл қожайындарының бұған жаны ашығандықтан емес, өздеріне қажеттіліктен ғана жасалып жатқан қамқорлығы.

Жасырын есірткі, апиын өндіретін концерннің құпия жиналысы өтетін арнайы жабдықталған залдың іші ала көлеңке. Үлкен стол үстінде әр адамның алдына күлгін сәулелі шам орнатылған...

Джеймс Дантос кірген бойда бірден отырғандарға мұқият шола қарады. Отырғандардың бәрі езу тартып, бастарын иіп, ізет көрсетті. Әбден үйренген, қойылған талап осы. Шынайы берілгендерінің белгісі. Шынайы ілтипат. Жасандылық емес. Джеймс оларға сұсты жүзімен сүзіле қарады. Осы отырғандар үнемі күлімдейді де отырады, шынайылық па, әлде өтірік көлгірсеу ма? Қабағын түйген күйі ұзағынан үңіле қарады. Жанарын тайдырмастан, аспандағы жұлдыздарды санағандай тесіле қарады.

«Қулық пен залымдық түбірі тереңде бұлығып жата береді» деп ойлады іштей. Күндердің бір күнінде ол қылтың етіп шыға келмесіне кім кепіл? «Алтын көрсе періште жолдан таяды» деген емес пе? Бұл дүниеде әрбір пенде барлығына қа-

нағат етіп, ынсаппен қараса ғой. Қу нәпсінің құлы болғандар жер бетінде жетіп-артылады. Олар өзгенің дүниесіне, байлығына, тағына қол салады. Оның соңы бірін-бірі өлтіру, қан төгуге ұласады... Енді біреулері нәпсінің жетегінде кетеді. Оның жолында бәрін құрбан етеді. Зинақорлар көбейді... Жыныстарын ауыстырып, еркек әйелге, әйел еркекке айналып жатыр. Бірінің айтқанын бірі түсінбейді. Келісу, мәмілесу қалып барады. Бұл жөнінде әлі дау-дамай, айтыс-тартыс алда болады. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып өмір сүретін заман ғой бұл».

Джеймс Дантостың кесапаттығы, қырсықтығы, қулығы, қиқарлығы бір басына жетіп артылады. Өзіне ұнамағандарды, айтқанына көнбейтіндерді бір есебін тауып көзін жоятын арам істері жетіп жатыр. Оның мұндай құйтырқы, арам ойын бұлар сезеді. Джеймс Дантос бұл жайлы көптен бері ойластырып жүргенін сездірмегенсиді. Керісінше, мұнда отырғандар оның мұндай қатыгездігін жақсы біледі.

Джеймс Дантос отырғандарға тағы бір барлап қарап алды да сөзін бастады. Бұл жолы даусы өзгеріп, жайлап қана:

– Сендердің миларыңа тағы да мынаны құяйын. Біз өз мақсатымызды орындау үшін барлық білімімізді аямаймыз. Өндіріп жатқан апиынның жаңа түрі бүгінде дүние жүзін біртіндеп жаулап алуда. Міне, мәселе қайда жатыр?! Егер біздің жоспарымыз іске асса, келешекте әлем біздің ұсымызда болады...

Джеймс Дантостың көзі жайнап кетті.

– Ғажап жоспарымыз іске асып келеді, – деді олардың көзінше қолдарын құшырлана уқалап. – Сондықтан, жұмыла жұмыс істейік... Апиынды жалғыз біз емес, біз сияқты көптеген жасырын зертханалар өндіруде. Бірақ, біз өндіріп жатқан апиынның сапасы өзгеше... Теңдесі жоқ. Бар гәп осында... Біздің өндірген апиынға сұраныс өте жоғары. Сондықтан, сапаны жоғалтпайық. Апиынды жасанды жолмен жасап отырған барша ғалымдарға бақылау күшейтілсін. Сапа, тағы да сапа... Бүгіннен бастап сапаға ерекше көңіл бөлуді қатаң тапсырамын.

Джеймс Дантос жан-жағына ызғарлана қарап, өктем үнмен гүр-гүр етіп барып сөзін аяқтады. Сендер бұған не дейсіндер дегендей отырғандарға сүзіле көз тастады. Отырғандар түгел орындарынан тұрып, оң қолдарын көкіректеріне қойып, бастарын иіп:

- Келістік!
- Мейліңіз, сэр...
- Орындаймыз...
- Орындай-й-м-ы-з... – деді бір ауыздан.

Жылжып жылдар өтіп жатты... Сэр Джеймс Дантостың асығы алшысынан тұрды. «Елдің қамын жеп жүрмін... Адамдарға бақыт сыйлап келемін» деп өзінше масаттанып қояды...

Ол өзінің ойының таяз, арам, қараңғы, жақсылығы өз басынан артылмайтын, түйсік-танымы төмен, тоғышар пенде екенінен бейхабар еді. Адам-

зат баласына қайғы-қасірет төндіріп жүрген көр-соқыр екенін білмейді.

Сэр Джеймс Дантосқа жер бетінің қожасы «алтылықтардан» арнайы шақырту келгенде зәресі зәр түбіне кетті. Салған бойда «алтылықтар» шақырған тірі жан ешқашан да білмейтін, тіпті, тірі жанды ойламайтындар мекенінен бір-ақ шықты. Онда кірерде көзін қара шүберекпен тас қып байлаған.

Көзіндегі қара шүберек те шешілді-ау... Сілейіп тұрған ол енді бірден басын көтерді. Ойнақшыған кішкене жанары таңданғаннан шығып кете жаздады. Жүрегі атқақтап аузына тығылды. Оның қарсы алдында «әлем билеушілері» отыр еді... Олар өздерін солай санайды. Қасқиып отыр. Көздерін қара көзілдірікпен тұмшалап алған...

Сэр Джеймс Дантосқа бұлар таңсық емес. Өйткені, ол бұлардың алдына үш рет келді. Бұл жолы оны ертерек шақырды. Гәп сонда. Бұл тегін емес... Екі жылда бір рет қана шақырылуы тиіс еді ғой. Шыдамның да шегі бар. Оны қарсы алдында отырған «алтаудың» сұсы басты. Сөйтті де қалбақтап отырғандардың аяғына жығыла кетті.

– Түрегел! – деді оған бірінші қара көзілдірікті қатқыл үнмен. – Тұр, тұр!..

«Қорқа беретін дәнеңе жоқ» деп іштей ойланған Джеймс Дантос тізерлеп отырған жерінен жайлап көтерілді.

– Иә, сөйле! Не үшін шақырту жібергенімізді білесің бе?

– ?!

– Саған «жаңа тапсырма» беруді ұйғардық...

– Құлағым сіздерде, мәртебелі...

– Көзінді бақырайта бермей, жөндеп тыңда! Біз аспан әлеміне саяхат жасауды қолға алмақшымыз. Галактикаға, одан да әріге... Жер планетасындағы жүзбелі базамыз осыдан елу жыл бұрын әр түрлі мұхит, теңіздерде ғылыми-зерттеу жұмыстарын атқарып жүрді. Теңіз түбіндегі тылсым күштерді зерттедік... Жер планетасынан тысқары әлемге ұзаққа саяхат жасау жоспарланды...

Құпия, айтылмайтын біраз сырлар егжей-тегжейлі зерттелді. Бұрын-соңды адамзат білмеген теңдесі жоқ жұмбақтар сыры ашылды... Оған ерекше материал, ерекше жобалық конструкциялар қажет. Жұлдыздарға саяхат жасауды қолға алуға кірістік. Бұл біздің көптен бергі арманымыз. Қысқасы, жер бетіндегі ешқандай мемлекетке, ешқандай Президентке бағынбаймыз...

Біз өзіміздің кім екенімізді ешқашан жария етпейміз. Бұл сендер үшін, жер планетасындағылар үшін құпия болып қала береді... Джеймс Дантос жалпы, олар туралы азды-көпті біетін. Бірақ, дәл қазір жұмбақ адамның айтқандарын асқан зейінмен тыңдады.

– Жұлдыздар, жаңа планеталар, галактикалар... Бұл ұшы-қиыры жоқ дархан жұмбақ өзгеше бір әлем. Осы бір түпсіз аспан мұхитында небір алып жұлдыздар бар. Ал, Жер планетасы ше? Жер олармен салыстырғанда титтей ғана. Әлем кеңістігінде шек жоқ. Ол ұшы-қиырсыз, түпсіз әлем...

Пәлен деп деп болжап айту, әрине, қиын. Бірақ, соңғы кездері алынған мәліметтер елеңдетіп, бізді

өзіне тартып отыр. Бүкіл ғарышқа тарап кеткен өмір бар екенін аралап көру, бір планетада өмірге жаңадан тіршілік әкеліп жатқан құбылыстарды көзбен көру қандай ғанибет десеңші?! Дәлірек айтсақ, жұлдыз, галактикааралық саяхат жасауды біздер алғашқылар болып қолға аламыз.

Аты аталмайтын, түрін де көрсетпейтін «алтылықтар» құпия қоғамы атынан сөйлеп тұрған қара көзілдірікті сөзін аяқтады. Ол арманын қысқаша ғана тұжырымдады. Ұлы жоспарлары туралы айтуды, мәлімет беруді «алтылықтар» жөн деп санады.

Үн-түнсіз мәлімет бермей Джеймс Дантосқа бас салғанды, тапсырма бергенді дұрыс деп санамады. Расында да, осыған сенуге бола ма өзі?.. Джеймс Дантос расында да таң қалды. Оның қарапайым түсінігінен, ой-толғауынан шығатын тұжырым келісу. Үлес қосу. Тіптен, ақылға сыймайды...

«Алтылықтар» мұны қайдан ойлап тапты? Тегі, керемет идея! Біраздан кейін Джеймс Дантос сергіп, екі иығын басқан ауыр жүктен арылғандай, жеңілдеп қалды. Ол жайлап басын көтерді. Сөйтіп, «алтылықтарға» жағымпаздана қарады. «Алтылықтардың» көмекшісі Мур Мек мұның қолына бір парақ қағаз ұстатты.

– Тапсырма осы... Көрсетілген қаржыны шұғыл түрде мына есепшотқа аудар! – деді бетіне тесіле қараған Мур Мек. – Бір күн уақыт береміз. Ертең қаржы толығымен бізге аударылатын болсын!..

– Келістік! Келістік! – деді даусы бір қалыпты шыққан Джеймс Дантос.

– Солай болсын... Сен боссың, – деді өктем сөйлеген «алтылықтардың» біреуі, отырған орнынан қозғалмаған қалпы.




V-тарау

Джеймс Дантос «алтылықтардан» алған бір жапырақ хатын алған бойда аяғы жерге тиер-тимес сыртқа атып шықты. Тоқта, Тоқта... Иә, бұл түсінікті болды...

Қанша мәрте шақырса да бұл жолы бәрі тез аяқталды. Бұл «құпия жиынның» жұмбақтау болып тұрғанын сезді... Жұлдыздар әлемін зерттеу туралы сырын айтуларына қарағанда, әрине, бізді қоршаған жұлдыздар, жалпы, дүниетанымдарын жариялауы тегін емес... Бірақ, қаншама тосын болғанымен, әбігерге түсулері, дегбірлерінің қашуы Джеймс Дантосқа да қатты ой салды...

Билеушілердің ашықтан-ашық қысымшыл қызымырлығын, озбыр өктемдігін Джеймс Дантос соңғы кездері иттің етінен жек көреді. Соңғы кездесуден кейін оның тұла бойы тітіркеніп кетті... Сырт көзге түк болмағандай сыңай танытады. Тек амалсыздан өтірік сабыр сақтап, шыдап-ақ бағуда. Бірақ, жүрегі қан жылап, жігері құм болды.

Жасырын апиын, есірткі атаулының түр-түрін өндіретін өз компаниясына келіп, көп ойланды. «Алтылықтардың» сұраған қаржысы өте көп болатын. Ертеңге дейін мұндай қаржыны олардың есепшотына аудару мүмкін емес-ті. Бар байлығын жинаса да жетпейді. Бұл қалай? «Алтылықтарға»



VI-тарау

– Толь Артемос, есінде ме, сені бұл жерде ұлы істер күтіп тұр деген едік, – деді Клаус Мок, – жұмысқа бар ынты-шынтыңмен кіріс! Міне, сен енді бізге шын берілген, айтқанымызды екі етпейтін қолбалаға айналдың, – деді сэр Клаус маңғаздана түсіп.

– О, сэр Клаус, сізді көргеніме өте қуаныштымын. Берген тапсырмаңыз ойдағыдай орындалып жатыр. Мен туралы ештеңе ойланбай жүре беріңіз, – деді Толь Артемос даусын соза түсіп, ойнақы дауыспен.

– Толь Артемос, жалпы, сен туралы біздің пікіріміз жаман емес...

– Сіз тапсырма берер болсаңыз, ойланып жатпай-ақ, бәрін орындауға әзірмін...

Толь Артемос өзінің құпия істерге қатысты ғылыми жұмыстармен айналысып жатқанынан бейхабар... Оның миы арнайы биоөріспен өңделіп, артық ештеңе ойламайтын, тілалғыш ойыншыққа айналғанына да бес жылдың жүзі болды. Әне-міне дегенше Толь Артемостың АҚШ-тағы Вашингтон қаласының қайыршылар ортасынан осында жеткізілгеніне бес жыл толып қалды. Толь Артемостың бүгінде бет-әлпеті де, үні де, тәртібі де күрт өзгерген. Оны көрген адамдар бүгінде танымайды.

Бүгінде ол өзінің өткен өмірін, бұрын кім

болғанын мүлдем білмейді. Оның ми қатпарындағы тұрмыс, махаббат туралы ойлары, басқа қылықтары толық өшірілген. Оған жасалған ғылыми сынақтар толық өзінің нәтижесін берді. Тек бірақ нәрсе қалды. Ол жоғарыдан берілген тапсырмаға сәйкес ғылыми жаңалықтар ашу. Ғылыми жаңалықты аса ыждаһаттылықпен, шын берілгендікпен, білімділікпен ашу... Ол қандай ғылыми жаңалық, адам баласына пайда бере ме, жоқ әлде зиян ба, онымен ісі болмайды...

– Толь Артемос, жалпы нәтиже қандай?

– Өте тамаша...

– Иә, иә.

– Мен әр күні осындағы өз жұмыс орныма келуге асығамын...

– Сендей ғалымдардың қолынан келуі керек.

– Әрине, әрине.

– Мен ештеңеден аянбаймын.

– Керемет. Керемет қой бұл дегенің...

– Өте дұрыс айтасыз, сэр Клаус.

– ?!

– Сен айналысып жатқан жаңалықтың берері көп.

– Бұл идея неге басыма бұрын келмеген? Идеяны енді іске асыратын болдым, – деді Толь Артемос шаттанып, жан-жағына ризалықпен қарап отырып.

– Несі бар, дұрыс айтасың...

– Бүгінде менің шабытым тіптен асқақтап тұр.

Шынтуайтына келсем, біз саған барлық жағдайды толық жасап отырмыз...

– Оны байқап жүрмін. Төрт құбылам тең...

– Тамаша, тамаша.

– Не ішем, не києм демеймін. Бәрі-бәрі бар, бәрі дайын.

– Өте орынды айтасың. Өзге, қасындағы ғалымдар не дейді?

– Өзге ғалымдар не дейді дейсіз бе, Клаус Мок мырза?

Әңгіме желісінің өзге арнаға ауысқанына қуанып кетті. Ол алдында жатқан темекі қорабына көзі түсіп кетіп, қолын созды. Бір талын алып, темекісін байыппен тұтатып, бір данасын Клаус Мокқа ұсынды.

Клаус Мок маңғазданып, темекіні байыппен құшырлана сора бастады. Толь Артемос та ішіне бір-екі рет тастап, мауқын басып, рахаттанып қалды. Күлсалғышқа темекі күлін байыппен тастады. Ол Артемостың жүзіне таңданғандай тесіле қарады. Бізге бұл Толь Артемостың әлі көп пайда әкелетін түрі бар... Жалпы, біздің тексеруден өтіп, өзінің шын берілгенін дәлелдеді. Иә, оған сенуге болады...

– Толь Артемос, ғылыми зерттеуіңді әрмен қарай мұқият жалғастыр...

– Әрине, әрине...

– Тапсырма солай.

– Мен сізді Клаус Мок, ұятқа қалдырмаймын.

– Сенемін... Саған сенемін... Ғалымдардың ішіндегі ерекше сенімге ие болғандардың біреуі сенсің.

– Рахмет, Клаус Мок!

– Осындай жақсы көзқараста екеніңді мен бұрыннан сезіп жүр едім. Бүгін көзім анық жетті, – деді Клаус Мок рахаттана күліп отырып.

– Адам миы да әлі жұмбақ әлем сияқты...– деді Толь Артемос әңгіме төркінін басқа арнаға ауыстырып.

– Қызық... Қызық екен... Иә, иә-ә-ә.

– Құрметті Клаус Мок... Расында да адам миы жұмбақ бөгде әлем секілді.

– Айта бер.

– Мен алдағы кезеңдерде сіздер берген ғылыми жұмысты аяқтап болғаннан кейін рұқсат берсеңіздер, адам миының құпиясын зерттесем деймін. Оған қалай қарайсыз, Клаус Мок мырза...

– Қарсы емеспін. Өзің айтқандай ғылыми жұмысыңды аяқтап, бізге тапсыр... Сосын нәтижені әбден тексеріп, келісім береміз...

– К-к-көп-п р-рахм-е-ет, – деді қуаныштан кекештеніп қалған Толь Артемос ыңғайсызданып.

– Толь Артемос, сен ой-жоспарыңды алдынала бізге хабарлап отыр...

– Әрине, әрине... Адам миы үнемі үйренуге бейім. Тек іздену, оқу керек...

– Талант, талант ше?! – деді Клаус Мок қасына тағы да темекі алып тұтатты. Оның көзі Толь Артемостың ойлы көзіне түсті. Әңгіме желісін оның өзі қалаған арнаға қарай ауыстырып, ойын дамыту. Жалпы, осы кезең ішінде ол қалай өзгерді, не туралы ойлады. Арам пиғыл нышаны бар ма екен деген құйтырқы мақсатпен жасалған амал болатын. Дегенмен де жаңалық толық анықталғанша күн де-

мей, түн демей сарыла іздену мұның бойынан табылды. Бұл қуанарлық жәйт деп шешті Клаус Мок іштей.

– Жарадың, Толь Артемос...

– Мен тек айтқанды орындауды міндет санайтын ғалыммын.

– Сен нағыз бізге адал қызмет ететін ғалымсың... Бұдан артық ашық сөз бола ма?! Ақиқатқа көзі әбден жеткен Клаус Мок өте риза болды. Арада болған әңгімеге дән риза. Қайткенмен де құпия іске қатысты ғалым ғой... Немен айналысып жатқанын, оған бар шындықтың бетін ашуға ешқашан да болмайды. Ол орнынан тұрды. Әскери тәртіп... Клаус Мок бір сағаттан соң генералдың алдында болуы тиіс... Иығын қомдап қойды.


– Сендей ғалымдар көп болса ғой... Өте жақсы, іске сәт! – деді Клаус Мок ойнақы үнмен Толь Артемосқа тіктей қарап.

– Рахмет. Мен үшін бұл зор құрмет. Сіз өзіңізше, Клаус Мок, менің пікіріме қалай қарайсыз?.. Қыстаймысыз, әлде?

– О-о-о, не-е дегеніңіз-з-з? – деді Клаус Мок масаттанып. – Қолдаймын, мен толық қолдаймын...

– Келістік-к-к...

– Менің көңілім жай тапты, – деп Клаус Мок қолын бұлғап, есікке беттеді, – мен асығыспын. Өлі-ақ асықпай сөйлесеміз...



VII-тарау

Жерорта теңізі жағалауындағы шағын ғана Фаруска деген шағын қалашық. Бұл қалашықта жүз-шақты ғана адам тұрады. Негізгі кәсіптері – теңізден балық аулау. Балықтарды тазалап, арнаулы бөшке-лерге салып сатады. Негізі еркек кіндіктілер балық аулаумен айналысса, әйелдер ауланған балықты тазалап, сатуға әзірлейді. Балық аулайтын «Шағала» атты шағын кемеде он бес адам бар. Кеме капитаны Дукат Элен қырықтар шамасындағы толық, мұртты, жігіт ағасы. Жұмысшы-матростар Джон Мур мен Макар Лор тісқаққан кәнігі балықшылар.

Бүгін аспан шайдай ашық. Теңіз беті де тып-тыныш. Анда-санда шағалалар ғана тыныштықты бұзып қояды. Шағын балықшы кемесі бүгін теңізге күндегі әдетімен ерте шықты. Кеме капитаны Дукат Элен штурвалды нығыздай ұстап, алға қарап тұр. Кеме теңіз бетінде пырылдап жүзіп келеді. Балықшылар көп ұзамай өздерінің балық аулайтын жеріне де жетті. Джон Мур мен Макар Лор балық сүзетін ауларын алып, теңізге тастады. Көп ұзамай аулары балыққа толды. Ауларын арнайы көтергішпен кеме үстіне шығарды. Балық төгетін орын толып қалды.

– Капитан мырза. Бүгін расында да олжалы болғалы тұрмыз, – деді балықтарды жинастырып жатқан Джон Мур күлімдеп.

– Мен де қуаныштымын... Ауды тағы да екі рет тастайық теңізге. Тағы да келеміз, – деді Дукат Элен шаттанып.

– Не деген керемет... Балықтар ауға өздері түсіп жатыр, – деді Макар Лор таңдайын тақ-тақ еткізіп.

– «Ас – адамның арқауы» капитан, тамақтанып алсақ қайтеді, – деді Джон Мур.

– Капитан, Джон Мурдың айтқанын орындамасан болмайды. Джо, сен қазір ауланған балықтан жақсылап қуыр... Біз ауды келесі балық аулауға дайындайық, – деді капитан көңілденіп. Матростар тамаққа тойып алса, көңілдері көтеріліп, балықты жақсы аулайтын болады.

– Жақсы, тамақ қазір дайын болады, – деді елпілдеп кеткен Джо іске кірісіп. Ағаш себетке оншақты жаңа ауланған балықтарды салып, кеменің төменгі бөлігіне түсті.

– Иә, бүгін өте жақсы балықтар түсті, – деді капитан Дукат Элен қуанып.

– Бүгін жолымыз болайын деп тұрған сияқты, – деді балық аулайтын ауды теңізге тастауға әзірлеп тұрған матрос Макар Лор.

– Керемет екен...

– Көптен бері ауымызға мұндай балықтар түспеген еді...

– Рас, рас айтасың.

– Қуанышым қойныма сыймай барады.

– Менің де.

– Тамаша, өте тамаша ғой бұл.

– Балықтар семіз екен...

– Иә, иә.

– Өткен жолы осы жерде кешке дейін теңіз бетінде қалқып, бостан-бос жүзіп, ауымызға бір-екі ғана балық түсті ғой...

– Расында да солай болды ғой. Мен бүгін таң қалып отырмын. Мынау не деген үлкен олжа?!

– Сонда қалай?

– Мен де жөнді түсінбей отырмын... Мұны жақсылыққа балайық.

– Балықтар да теңіз астында ауып жүреді.

– Теңіз жыртқыштары акула, киттерден қашады ма?

– Бұл теңізде киттер жоқ. Мен киттердің біздің қалаға жақын келгенін кездестірмедім... Ал, акулалар бар.

– Бүгін жан-жағыңа жөндеп қарашы. Акулалар көрінбейді...

– Мен отыз жылдан бері балық аулап жүрмін. Теңіз менің екінші үйіме айналды. Қарт балықшымын. Соңғы кездері болған осы жұмбақ жәйттерге таң қалып жүрмін. Балықтардың кейде ізім-қайым жоқ болуы, енді бүгін көп болуы маған үлкен ой салды... Түбі осында бір гәп бар-ау. Сен не дейсің...

– Жиырма жылдан бері мен де балықшымын ғой. Бұл жер балықтың ең көп жиналатын жері...

– Тегі, осының сырын анықтап көрейік те.

– Сіз сияқты мен де ойлана бастадым...

– Міне, тамаша! Көңілім көтеріліп қалды, – деді аспаз Джо ыдыстарды жинап, үстел бетін тазалады.

– Мың алғыс саған, Джо. Пісірген балығыңа тағы да рахмет. Мықты аспазсың, – деді матрос Джон Мур.

Балықшылар шағын балық аулайтын кеме­нің палубасына шықты. Бағанағыдай емес, теңіз бетінің түсі өзгеріп, судың түсі қарақошқылданып кетті. Бұлар кезекті ауды теңізге тастады...

Бәрі аудың толуын күтті. Бірақ, бұл жолы аулары балыққа толмады. Ұйысқан балықтар ізім-қайым жоғалған. Енді бірде жан-жақтан су бетіне шығып, бір-екі метрге дейін секіріп, суға қайта сүңгіп бара жатқан дельфиндер тобы көрінді. Дельфиндер бірде­неден секемденгендей суға бір батып, бір шығып алысқа ұзап бара жатты... Арагідік кикүлаған үрей­лі дауыстары шығады...

Балықшылар мына көрініске аң-таң... Өз көз­деріне өздері сенбей тұр. Олар әбігерленіп, не істерін білмей қалды. Көңіл-күйлері су сепкен­дей басылды. Балықшы кеме капитаны енді ойла­нып тұрмастан, жүгіріп радиорубкаға жетті. Жа­нып-өшіп тұрған дабыл шамы астындағы түймені басып қалды. Осыны күтіп тұрғандай репродуктор­дан үзіліп-созылып дауыс естілді...

– Бір сағат уақыт беріледі!..

Бұл белгі ерекше жағдайда ғана берілетін...

– Мына координаттағы «Х-100», «Ү-60» теңіз аумағындағы барлық кемелер! Осы координаттағы барлық кемелер! Осы координаттағы барлық кемелер! Сақтаныңыздар! Сақтаныңыздар! Ғарыштан күшті белгісіз толқын келе жатыр... Толқын күші өте күшті. Өте қауіпті әсері бар. Жедел түрде коор­динаттан басқа жаққа кетіңіздер!

Картаға үңіле қараған шағын балық аулайтын кеме капитаны Дукат Эленнің қорқыныштан жүзі күреңітіп кеткен. Картаға қадала қараған көзінде

қорқыныш басым. Әлгінде ғана қуанышы қойнына сыймай тұрған еді, енді, міне...

Қазір ғана кездейсоқ келген жайсыз хабар қандай қорқынышты еді?! Ырғалып-жырғалуға болмайды. Жедел түрде кемеңі аталған координаттан аулаққа әкету керек. Не болып кетті?.. Не-е-е... Үлгереміз бе, жоқ па? Қалайда үлгеруіміз керек! Шағын дизельді балық аулайтын кемеңіз түгінді будақтап келеді. Кеме капитаны Дукат Элен жан-жағына енді ғана байыппен қарады. Сөйтсе, жан-жағында бұдан да өзге үлкенді-кіші балықшы кемелері жаппа-тармағай ышқынып, түгіндері будақтап жүзіп келеді екен...

– Апат келеді! Апат келеді! – деген радиogramмаға орай бәрі үдеріп, теңіз бетінде жарыса жүзіп кетіп барады. Апат екендігі жайлы ешқандай мәлімет жоқ...

Дукат Элен дал болып, есінен танған жанша капитан мостигінде алға қарап келеді. Бұл теңіз ауданы ең тыныш аймақ еді ғой?! Әсте, жәй әскери жаттығу болар. Әлде хабарды шатасып берді ме? «Әйтеуір кемеңіз бір жерінен ақау шықпаса болды» деді іштей мазасызданып. Теңіз толқыны буырқанып, бірте-бірте көтеріле түсті. Дукат Эленнің даусы қатты шығып кетті. Ол дереу капитан мостигіне төніп тұрған кеудесін бірден тартып алды. Оның түнерген жүзінен қауіп-қатердің төніп келе жатқанын анық сезінуге болатын еді.

Ол тағы да балықшы кемесінің бір жері бұзылмаса болар еді деп тіледі. Бірақ, техниканың аты техника ғой... «Бізді апаттан құтқара көр!» деп кемеңіз мотор жағына бір қарады.

Дукат Элен еңсесін басқан ауыр ойды серпіп тастады.

– Түкке түсінсем бұйырмасын, – деді капитанның қасына жетіп келген Джон Мур оған үрейлене қарап.

– Шынымды айтсам, менің де түсініп тұрғаным шамалы...

– Сонда қалай?..

Джон сөзін кілт үзді. Ойын толық айта алмай, мүдіріп қалды. Тілі күрмеліп қалғандай, аузына жөнді сөз түспеді.

– Джон, мен ештеңені ашып айта алмаймын. Әйтеуір, ақылға сыймайтын бірдеңе. Аптықпай, соңын күтейік. Маған небір күмәнді ойлар келуде. Бізді балық ауламасын деп қасақана жасалып жатқан әрекет де болуы ғажап емес...

– Әрине, әрине, ол да мүмкін...

– Жағалаудағы барлық маяк дабыл қағу белгісін жолдауда, – деді капитан Дукат Элен.

– Өзіңіз білесіз ғой... Не болса да көрерміз енді, – деді Джон батылданып.

Бұл жолы тура жауаптан бұлт етіп тайқып кетті.

– Құдай сақтасын! Бұл жаңылыс берілген жалған хабар-ау, шамасы, – деп Дукат Элен көңілін жұбатқандай болды.

Ал, шын мәнінде осылай болса ше? Мүмкін емес! Онда бұл бізге жасалған опасыздық қой. Сен бұған не дейсің дегендей, ол өзіне тесіле қарап тұрған Джонға сұраулы жүзбен қарады.

– Иә, мұндай жағдай менің өмірімде бірінші

рет болып отыр... Түкке түсінер емеспін, – деді ол аң-таң қалпы.

– Әйтеуір қаупім сейілер емес, – деп Дукат Элен қолына дүрбісін алды. Дүрбісімен айнала төңіректі сүзе қарады. Сөйтсе, бұлардың алдында жеті-сегіз мұнай таситын траулер, ең алдында екі әскери ракета кемелері қанат байлап алғандай теңіз суын ақ көбікке айналдырып, зулап жүзіп барады. Олар әлдеқайда ұзап кетті. Бұрын-соңды Дукат Элен мұндай кемелер жарысын көрмегендіктен танданып тұрып қалды.

Тілсіз теңіз бетінде кемелердің бұлай жарыса жүзуі бұған күдік үстіне күдік тудырды. Жан-дүниесі түршігіп, жүрегі шымырлап, денесі дірілдеп кетті. Бойын белгісіз үрей жайлап алды. Әбден амалы түгесіліп, тығырыққа тірелді... Құпия... Қандай құпия?..

«Әйтеуір, сақтансаң сақтаймын деген, сақтанайық» деп жан-жағына алақтай қарап алып, дүрбісін жанындағы үстел үстіне қойды. Осылайша кемелер өзара жарысып, бір сағаттай жүзді...

Дукат Элен шағын балық аулайтын кемесінің ең соңында қалғанына қатты мазасызданды. Моторы сыр беріп келеді. Дүрбісін салып, бақылай бастады. Дабыл қағудың қажеті шамалы. Ол тағы да дүрбісін қолға алды. Алға озып кеткен кемелер сол қалпында көш бастап келеді. Күдік тудыратын көзге оғаштау ештеңе байқалмайды. Сонда да жүрегінде үміттен гөрі күдік басым.

Кенет алдыңғы жақтағы кемелер бірден көзден ғайып болды. Ол өз көзіне өзі сенбей, көзін қайта-қайта сүртті. Сөйтті де дүрбісіне жармасып, қайтадан шүкшия қарады. Шынында да кемелер ізім-қайым жоқ... «Бұл мүмкін емес!» деп ышқына дауыстаған Дукат Элен орнынан ыршып кетті. «Кемелер қайда-а-а кетті-і-і?». Ол көзін сүртіп, дүрбісімен қайтадан қарады. Кемелер теңіз жұтқандай ізім-қайым жоқ... Ол бар даусымен айқайлап жіберді.

–А-а-а-а-а...

Қасына жүгіріп келген Джон аң-таң:

– Сэр Дукат Элен, не болды?

– Катастрофа-а-а...

– Қандай катастрофа?

– Апат, апат болды-ы-ы...

– Қандай?

– Алдымыздағы кемелер көзден ғайып болып кетті...

– Қалайша?..

– Жоғалып кетті... Көз алдымда жоғалып кетті-і-і-і...

– Мүмкін емес!

– Немене, мені есінен адасып қалды деп отырсың ба?

– Ж-ж-жоқ...

– Мен өз көзіммен көрдім. Есімнен адасқан жоқпын...

– ?!

– Сұмдық, сұмдық-қ-қ...

– Апат деген осы болды да...


– Иә, иә.

– Әйтеуір біздің кеме аман-есен ғой... Біз тірі қалдық... Біз тіріміз-з-з.

– Біз тірі қалдық. Біз тіріміз... Аман-есенбіз...

– Құдайға шүкір!

– Кемені кері қарай бұр. Қауіп сейілді, үйге қайттық...



VIII-тарау

Алып мұнай таситын кеме капитаны Крис Кон Тынық мұхитын бірнеше рет жүзіп өтіп жүрген кәнігі тісқаққан, жасы елуге келген кексе кеме капитаны. Жер бетіндегі теңіздің бәрін шыр айналып, жүзіп өткен. Тынық мұхитын да бірнеше рет кесіп өткен.

Крис Кон нағыз жүрек жұтқан теңіз қасқыры. Ол өмірін өлімге тігіп, небір адам айтса нанғысыз теңіз жорықтарын дін аман кезіп жүрген кәнігі капитан. Өзі тұл жетім... Әке-шешеден де, туыстан да жұрдай, жалғызбасты адам. Өмірде жолы болмай, жер бетінен опа таппаған қашқын. Ол жерде емес, теңізде саяхат құрып шарлағанды жаны сүйеді. Жерге келсе сыймай, кемесін теңізге дайындауға қайта кіріседі. Кемені жөндеп, кем-кетігін қалпына келтіруге тырысады.

Кеме әр кезде, әртүрлі уақытта портта тұрады. Кейде екі ай, кейде үш-төрт ай. Осы уақыт ішінде кеме теңізге шығуға дайындалады. Мұндай кездері басқа кеме капитандары қалаға, курорттарға демалуға кетеді. Енді біреулері отбасының жанында болады. Тек қана Крис Кон ешқайда кетпейді. Теңізден бір қадам аттап баспайды. Оның бұл қылығын әркім әрқалай қабылдайды.

Біреулері оны теңіз ауруына шалдыққан десе, енді біреулері жұмысына әбден берілген, ешкімге сенбей, кемесін өзі жөндегенді жөн көреді дей-

ді. Енді біреулері егер ол қалаға барса, оны аңдып жүргендер өлтіріп кетеді, ол қылмыс жасап, қашып жүрген болуы мүмкін деп топшылайды. Шынтуайтына келгенде олардың сөздерінің де жаны бар болатын.

Крис Кон шын мәнінде адам өлтірген қылмыскер емес-ті. Ол отыз жасында кемеде жәй ғана матрос болатын. Кенеттен ол қатты теңіз дауылы кезінде биік мачтан құлап, басын жарақаттап, екі қолын сындырып алған. Оны АҚШ-тың әскери жабық госпиталіне емдеуге әкетті. Госпитальде Крис Конға ауыр ота жасалды. Миы ауыстырылды. Оның бас сүйегі ашылып, кеме капитаны болған егде жастағы Крис Конның миы салынды. Бет әлпетіне пластикалық ота жасалып, бет-жүзі толық Крис Конға келтірілді.

Крис Кон осы жабық госпитальде қайтыс болды. Ол кәрі теңіз қарақшысы еді. Оны бәсекелес кеме қарақшылары атып кетті... Крис Конның басы керек болды. Жасырын клиникада бұл ота бір жағынан тәжірибе жасап көруге, екінші жағынан, қолбала теңіз капитаны Крис Конды қайта дүниеге әкелу болды. Отаның мақсаты – теңізден басқаны жаны сүймейтін тілалғыш капитан жасау еді. Ол сауыға салысымен өзгеріп сала берді. Күні бұрын даярлап қойған ойлары іске асты. Енді Крис Кон бар деген жағына баратын, ештеңеден, тіптен өлімнен де қорықпайтын теңіз қасқыры болып шыға келді...

Мұның өзі жәй ғана эксперимент болуы да мүмкін. Біздің қазіргі зымыран ғасырымызда сынақтан өткізілмейтін не нәрсе жоқ дейсің?! Алайда, мұндай

жағдайда тәжірибе өте ұзаққа, бірнеше жылдарға созылатыны бар. Бұл іс жүзінде аса батылдықпен жасалған эксперимент еді. Алдында азапты күндер болуы да ықтимал. Өкінішке орай, бәріне көзжұмбайлықпен қарап, оның нәтижесінің қандай болатынына еш мән-мағына берілмейді. Кейін қайғылы жағдайлар бола ма, жоқ, әлде, эксперимент нәтижесі бола ма, оған сеніп болмайды.

Міне, осы кеме командасы түгел экспериментті сынау үшін ұйымдастырылды. Тіпті, адам баласының тағдырын ойыншыққа айналдыру болды. Олар үшін былайғы адами өмір бірте-бірте көмескі тарта берді. Осылайша адамға берілген ақыл-ойдың көзге көрінбейтін шекарасы одан әрі ай, күн, сағат санап ығыстырылуда.

Бұлар әлемаралық теңіз кезбелеріне айналды. Бар деген жаққа барады. Іс жүзінде кеме мұнай тасымалдайтын траулер дегені жәй ғана көзбояушылық. Кемеде мұнай атымен жоқ. Табиғат заңынан тысқары теңіздердегі жұмбақтарды зерттеуге пайдаланылатын эксперименттік алып кеме...

Теңіз тылсымға толы. Үнді, Тынық, Атлант мұхиттарын, Жерорта теңізін осы кемесімен түгел ара-лап шықты. Теңіздің қай бөлігінде қандай бір жұмбақтарды анықтауға эксперимент ретінде Крис Кон командасы таңдалатын. Ғылыми тұрғыдан алғанда кұпиялардың сырын ашумен, не себептерден болып жатқанын анықтаумен, дәлелдеумен Крис Кон айналыспайды. Ол тек қиын, кемелер жүзіп өте алмайтын жерлерге барып, аман-есен оралады. Міне, Крис Конның кереметтігі осы. Небір адам сенгісіз қиыншылықтардан оп-оңай өтеді.

Тіптен, Крис Кон теңізшілердің қорқынышы мен үрейіне айналды. Теңіз бетінде жүзіп жүрген оның кемесін көрген басқа кемелер, тірі теңіз мақұлықтары жасырынатынды шығарды. Кейбір адамдардың өздері бұдан жүздері тайқып, беттерін тайдырып әкетеді. Әйтеуір кейбіреулері мүсәпір күй кешеді. Крис Конның құпиясы көпшілікке беймәлім. Бірақ, оның жүзінен қайғы табы байқалады.. Үнемі солай...

– Сарыуайымшылдық мені көп мазалайды, – деді Крис Кон өзінің көмекшісі Дик Курге..

– Адам қызық жаратылған ғой... Адамбыз ғой..

– Дик Кур, дегенмен де дүние құпияға толы ғой.

– Келісемін...

– Қырық жылдан бері жер шарындағы теңіздерді кезіп келемін... Басымнан не өтпеді?!

– Сіз бақытты адамсыз.

– Бірақ ұшы-қиыры жоқ теңізге шықпасам, теңізде кемемен жүзбесем, көңілім құлазиды.

– Нағыз капитан сіздей болу керек?

– Тым асыра сілтеп жіберген жоқсың ба?

– Жоқ ә, о не дегеніңіз, капитан Крис Кон!

– Мен теңізсіз өмір сүре алмаймын.

– Нағыз теңізші солай болуы керек.

– ?!

– Сіз нағыз теңіз капитанысыз.

– ?!

– Мен сізді қатты құрметтеймін. Сізбен бірге теңізде жүргенімді мақтан етемін. Көмекші болып жүргеніме де отыз жыл болыпты.

– Сен сияқты сенімді, білгір көмекшімнің болғанына да шүкіршілік...

– Шынымен айтып тұрсыз ба? – деген Дик Курдың даусы дірілдеп кетті.

– Әрине, әрине! – деп капитан Крис Кон оң бармағын батырып-батырып шекесінің солқ-солқ соғып тұрған білеу тамырын қайта-қайта уқалады. Басы ауырғандай болып еді, енді сәл басылып, көзінің алды ашылғандай болды. – Соңғы кездері шекем солқ-солқ ететінді шығарды. Көзімнің алды тұманданып, қарауытып кете ме?!

– Абайлаңыз, аса құрметті капитаным, – деп Дик Кур оған шынайы жаны ашып-ақ кетті.

Иә, қайбір жетісіп жүр дейсің... Үй-жайы жоқ. Үйі де, күйі де осы кеме. Күні-түні осында жүреді. Мен білетін отыз жылдан бергі жүрісі осы. Өзі біртүрлі жұмбақ жан... Е, әйелі жоқ...

– ?!

– Мен, – дей беріп еді Дик Кур, ол арғы жағын айттырмай тастады.

– Білем Дик Кур. Сенің маған жаның ашығанына рахмет. Сен менің ең сенімді көмекшімсің... Екеуіміз қаншама теңіз жорықтарын бірге өткіздік қой.

– Иә, иә, рас айтасыз...

– Қысқасы, теңізсіз менің өмірім өмір емес. Бәрін түсіндім енді, – деп әрбір қимылын қалт жібермей бағып тұрған Дик Курға бұрылды.

– Құдай сақтасын, сізді капитан... Шынтуайтына келгенде мен сізге ризамын, капитан, – деді оның ойын енді түсіне бастаған кейіппен Дик Кур.

Крис Кон күлді.

– Жә, жә-ә-ә-ә, болды, – деп ол күлкісін тиып, әңгімені одан әрмен жалғастыруға ниет танытты.

– Кей кезде мен сізге таң қаламын. Табан астында батыл ой, батыл шешім қабылдайсыз. Капитан, сіз мен үшін өте құрметті, тіптен бар ғой жұмбақтаусыз...

– Шынымен айтып отырсың ба?

– Әрине. Солай ойлаймын. Тіптен, кемедегі бүкіл матростар да солай ойлайды.

– Таласым жоқ... Сенің, бүкіл команданың солай ойлағандары өте жақсы. «Кемедегінің жаны бір» дейді ғой.

– Сіз нағыз психолог капитансыз...

– Негізінен біздің кемеде әскери құпия тапсырмаларды да орындайтын кезіміз кездеседі.

– Қандай әскери құпия?

– Тапсырмалар табан астынан беріледі... Қайда, не үшін, қандай мақсатпен жүзіп бара жатқанымыз туралы айтылмайды... Міне, бұл нағыз әскери құпия...

– Бірінші рет естіп отырмын...

– Мұны саған бірінші рет айтып отырмын. Негізі айтуға рұқсат жоқ. Осы мәселе көмейіме тығыла береді. Тығыла береді-і-і.

Осы сөздерден кейін капитан Крис Конның жүрек түкпіріндегі уайым, көңілсіздік көлеңкелері сейілгендей болды. Бірақ көмекшісі Дик Кур ештеңе сезбегендей сынай танытты.

Капитан Крис Кон көмекшісіне қараған күйі сәл үнсіз қалды да:

– Мұны сен естіген жоқсың, мен саған айтқан жоқпын.

Дик Кур сабырлы кейіппен үнсіз басын изеді. Ештеңе болмағандай сол жайбарақат күйінде тұр. Жүзі де жайдары. Дәл осы сәтте өзінен бақытты жан жоқ сияқты.

Капитан каютасы ішінде ерекше тыныштық орнаған. Ашық иллюминатордан оңды-солды ұшқан шағалалардың даусы естіледі. Әлден уақытта капитан Крис Кон орнынан тұрды. Ол өзінен көз алмай сынай, байыппен қарап қалған Дик Курге бұрылды.

– Сен менің ең сенімді көмекшімсің ғой! – деді капитан Крис Кон ерекше мейірімді, мақпал дауыспен. Жүзінде қуаныш табы бар.

– ?!

– Тапсырма бойынша біздің теңіздегі әрбір жорық құпия...

Дик Кур капитанға таңдана қарап қалды.

– Мейліңіз, капитан Крис Кон. Мен бәріне дайынмын. Дайынмын-н-н.

– Қырық жыл бойы мен өз бастығымды көрген емеспін. Тапсырманы «ерекше істер» бөлімі басшысы береді... Солай-а-й-й...

– Мен бәрін түсінемін. Таңданатын түгі жоқ.

Ол ірі күрек тістерін ақсита күлді.

– Өзің білесің ғой, кейбір картаға түспеген аралдарда, жерлерде болдық. Жер планетасында ерекше жұмбақ жерлер көп екен ғой...

– Сондай жерлерге, аралдарға барған сайын мені белгісіз бір үрей билейді. Көңіліп қобалжып кетеді, – деді Дик Кур қобалжып.

– Бүгін екеуміз шешіліп, ұзақ әңгімелестік. Не-

гізі шер таратқанға ешнәрсе жетпейді-ау, шамасы...
Көңілім көтеріліп қалды.

– Мен де өте сергіп, денем жеңілдеп отырмын,
– деп Дик Кур оның бетіне сүйсіне қарады.

– Жарайды, бір сыр аштық. Біздің көзқарасымыз, ойымыз бір жерден шығып жатыр, – деді капитан Крис Кон.

– Біз бір-бірімізге соншалық бауыр басып кеттік, – деді Дик Кур күлімдеп.

– Дұрыс айтасың...

– Бұл негізі дұрыс екен. Ұзақ жыл теңіз жорықтарында бірге жүрдік. Қаншама қызықты күндерді, тіптен қиыншылықтарды да бастан бірге өткіздік. Қалайша бір-бірімізге бауыр баспаймыз. Қанша дегенмен адамбыз ғой... Адамдар қиын жағдайларда сыналады. Бір-бірінің қадірін түсінеді, – деді өте риза болған Дик Кур. – Мен сізге көмекші болмағанда бүгінде кім болатын едім. Оны өзім де дәл болжап айта алмаймын. Мені өзіңізге көмекші еткен, сеніп тапсырған, теңіздегі кемені басқарудың қыры мен сырына баулыған да өзіңізсіз... Теңіздегі осы алып кемеде көмекші болып жүргеніме ризамын.

Менің де отаным – теңіз. Теңіз мені тәрбиеледі. Теңіз мені осыншалықты дәрежеге жеткізді. Өмірдің мәнін алыста, жырақта жүргенде білесің. Соңғы кездері өмір туралы көп ойланатын болдым. Сіздің капитандық іскерлігіңіз арқасында берілген барлық тапсырмалар түгел орындалып келеді. Сенімді ойдағыдай атқарып жүру біз үшін баға жетпес қуаныш, капитан Крис Кон. Теңізде жүзу мен

үшін баға жетпес романтика. Теңізге шықсам бар ғой, жаным жай табады. Кейде теңіздің көтеріліп, сарқ-сұрқ қайнап, ақ көбік атып, жал-жал толқындардың біздің алып кемені ұрғылағанының өзі мен үшін үрей туғызбайды. Керісінше теңіз бізді аймалап, сипап жатқандай әсер туғызады. Басымыздан өткен талай қайталанбас сәттерді тағы бір мәрте көз алдыңызға елестетіңізші, капитан Крис Кон.

Шындығында да өте керемет емес пе? Қайталанба бермейтін, былайша айтқанда теңіздің бізге жасап жатқан еркелігі ғой, бұл а-а-а. Мен солай қабылдаймын. Мұндайда кемеміз теңізге батып кетеді екен деп үрейленбеу керек. Егер үрейленсең болды... Кім біледі, теңіз түбіне кетуің де мүмкін...

Капитан Крис Кон, сіз басқарып жүрген алып кемедегі барлық матростар да осылай ойлайды. Иә, иә... Мен олардың ойын әбден зерттедім. Команда мүшелері әбден сынақтан өткен, нағыз жүрек жұтқан теңізшілер... Иә, кемедегінің жаны бір. Біздің жанымыз да, жүрегіміз де бір. Сондықтан біз барлық тапсырмаларды бір кісідей орындаймыз...

Капитан Крис Кон, бізге сеніңіз. Қандай да бір қиын орындалмайтын тапсырма болса да біз оны орындауға бір кісідей әзірміз, әзірміз-3-3. Анау-мынау, кейбір қорқақ, кертартпа, екі ойлы теңізші емеспіз. Алға ұмтылатын, ержүрек теңізшілерміз... Біз сияқты батыл теңізшілер ғана теңізді бағындырады. Бізді сол үшін бірнеше жылдардан бері мұхиттарды кездіріп жүр емес пе? Кейбіреулер теңізден қорқады. Теңізден ешқашан да қорықпау керек. Теңізден қорықпағандар ғана біз секілді се-

руен жасайды. Теңіз де өз алдына бір үлкен, әлі толық зерттелмеген жұмбақ әлем.

Кейде теңіз бізге бір нәрсе айтқысы келетін сияқты көрінеді... Бірақ, мен оның не екенін әлі түсіне алмай жүрмін. Осы жолғы теңіз жорығымызда да екі рет осындай бір сәттер басымнан өтті емес пе, капитан Крис Кон?! Осындай кезең әсіресе, тал түсте теңіз беті тып-тыныш болатын кезде бар ғой, теңіз көкпенбек болып, біз теңіз үстінде емес, жұмбақ бір әлемде жүргендей боламын. Дәл осы сәтте қайдан екенін білмеймін, теңіз түбінен мен бұрын-соңды естімеген, жер бетіндегі ешқандай музыкалық әуенте ұқсамайтын сиқырлы, жұмбақ дыбыс естіледі... Сол дыбыс мені өзіне баурап әкетеді. Мұндайда мен дүниедегінің бәрін ұмытамын. Өзімді ерекше бақытты сезінемін. Жұмбақ дауыс мені өзіне еріксіз баурап, ғарышқа, тіптен, шексіз бір белгісіз әлемге жетелеп бара жатқандай болады...

Мен осы сәт ұз-а-а-қ, тіптен бар ғой, капитан Крис Кон, іштей бітпесе екен, жалғаса берсе екен деп тілеймін. Бірақ оным көпке созылмайды, бірден сап тиылады. Иә, кәдімгі пышақ кескендей тиылады. Осы сәтте маған ерекше бір жұмбақ, түсініксіз сөздер, әуендер келеді. Өкінішке қарай, сол сәтте-ақ бәрі есімнен шығып кетеді. Мен соған қатты таңқаламын. Кей-кейде теңіз түбінен көгілдір түс көрініп, аспанға бу боп көтеріліп, әп-сәтте жоқ болатын кездер де болып тұрады. Сондай кездері денемде еріксіз бір діріл пайда болады. Бірақ, жаным рахатқа бөленеді. Соңғы кездері осындай ғажайып құбылыстардың қайталануын тілейтін болдым...

Иә, иә, капитан Крис Кон, сізге мұның бәрі қызық. Түсініксіз, тіптен, ақылға қонымсыз нәрсе болып көрінуі мүмкін. Бірақ, бәрі шынайы, болған оқиға. Сенсеніз, дәл қазір де сол жұмбақ сәтті асыға күтудемін. Басымнан өткен осы жәйтті сізге айтуды парыз санадым, капитан Крис Кон. Сіз мені дұрыс түсініңіз. Мені ақылынан адасқан ба деп ойлап қалмаңыз. Сап-саумын...

– Мен сенің бұл таңқаларлық әңгімеңе шын мәнінде түсіністікпен қарап отырмын. Бастан-аяқ басымды изеп, қызығып тыңдаудамын. Теңіздің құбылыстары туралы айтып отырғаның кәдімгі шындық... Мұндай құбылыстарды көру менің де басымнан талай мәрте өткен. Қайсыбірін айта берейін. Ертең тағы да қайталануы мүмкін... Теңіздің әр бөлігінде мұндай таңғажайып құбылыстар жиі-жиі кездеседі. Бірақ, өткінші, бір сәттік қана... Бұл қалай дегенде де тегін емес-ау...

Капитан Крис Кон өзіне де, оған да жауап бергендей ерекше таңданыспен қарап алып, әңгімесін байыппен жалғастырды.

– Бағанадан бері сенің айтқандарыңды мұқият тыңдадым. Тағы да қайталаймын. Айтқаныңның бәрі түп-түгел шындық. Соңғы отыз жылдан бері екеуміз осы алып кемеді теңіздерді шарлап келеміз. Сондықтан, сенің көргендеріңді мен де көріп келемін. Дегенмен, мен өзімнің көп жылғы тәжірибемде мына оқиғаға таң қаламын. Теңіздегі осы құбылыстар тек біздің кемелер жүрген жерлерде ғана байқалады. Басқа теңіз аумақтарында кездеспейді. Сен осы жайлы ойландың ба?..

Ал, мені осы жәйттер қатты ойландырады. Мұндай жағдайлар неге тек біздерде ғана кездеседі? Себебі не-е-е? Бұл тегін емес. Мен де сен айтқан теңіздердегі жұмбақ құбылыстар туралы соңғы жылдары көп ойланып жүрмін. Бірақ, қанша ойлансам да ақылым жетер емес... Екеуміз күе болып жүрген мұнан да өзге жұмбақтар жөнінде ешқандай газеттерде бір ауыз сөз жазылмайды, тіптен, теледидардан да айтылмайды...

Сенің көзқарасың, ойың менің ойыммен орайлас жатыр. Бұған әбіржитін дәнене жоқ. Қазір де біз берілген бағыттан адасқан жоқпыз, бағытымыз дұрыс. Кемедегі жанармайды артық шығындамай келеміз.

Манадан бері иллюминатордан көз алмай тұрған кеме капитаны Крис Кон теңіз бетін бір бақылап алып жүзін Дик Курге бұрды да:

– Сонымен... біз тәуекелге жүгінетін ержүрек кеме тарландарымыз. Тек алға, алға... Кеме әбден сынақтан өткен, оны өзің де жақсы білесің.

– Иә, иә, капитан Крис Кон. Дұрыс айтасыз.

– Солай, солай. Кеменің жүзу бағыты Тынық мұхитындағы ең қауіпті аймақ...

– Неге қауіпті аймақтан жүзіп өтуге тапсырма берілді екен, капитан? – деді сыпайыланьып.

– Олардың негізгі мақсаттары – біздің үнемі жер шарының ең қауіпті бөліктері арқылы жүзіп өтуіміз. Кемені де, команданы да сынақтан өткізу. Сынау...

– Қашанға дейін осылай жалғаса береді? Сынақтардан мүдірмей өтіп келеміз ғой...

– Дұрыс айтасың. Ол жағын мен де білмедім,

Дик Кур. «Олар» бізге ешнәрсе айтпайды. Тек сырттан бақылап отырады. Сол себептен бәріне шыдап, көну қажет. Сонда өміріміз ұзарады. Басқа жол жоқ қой. Жалпы, кей кездерде олар біздің сөзімізді де тыңдайтын сияқты болады маған...

– Жалпы, артық-ауыс ештеңе айтылған жоқ қой.

– Дұрыс айтасың, көмекші Дик Кур. Екеуара бөліскен ойымыз, айтылған әңгімелерді олар әлдеқашан-ақ білді. Бәрі, бәрі бүге-шігесіне дейін баяндалған. Бұл құпия емес қой... Сол себептен үрейленбе...

– Е, солай десеңізші... Жүрегім дүрсілдеп кетті ғой.

– Бір қызығы, олар бізді қатты құрметтейді. Мұны мен үнемі байқап жүрмін. Себебі, біздің адал еңбегіміз, тәжірибелерімізді бағалап, көп жағдайларда еркелігімізді де көтереді. Біз ғалым емеспіз. Сыңаржақты түсінік, нақтылы, дәлелсіз айтылған тұжырымдарды есепке алмайды.

Теңіздегі шытырман, жұмбақ болып келетін нендей бір ғажайып құбылыстарды алмайық, ондай құбылыстың құпиясын ашатын теориялық тұжырым ғалымдардікі ғой. Қысқасы, кемедегі осындай жағдайларды арнайы құрылғы аппараттар жазып, мәліметтерді тиісті орындарға жолдап отырады. Бәрі-бәрін түк қалдырмай, – деді кеме капитаны Крис Кон тамағын сәл қырнап алып. – Бұл жерде мәселе зерттеулердің практикалық маңызы хақында болып тұр. Қысқасы, бар деген теңізге барамыз, жүр деген жерлермен мүдірмей жүріп келеміз ғой...

Бар жұмысымыз осы. Өз басым «оларға» дән ризамын. Мені ешқашан кемсіткен емес. Ешқашан ала көздерімен қарамады. Бұл – шындық. Мен әрқашан берілген тапсырмаларды уақтылы орындаймын. Теңіз кезіп, бас ауған жаққа жүзіп кетпеймін. Біле білгенге бұл керемет қой. Қымбат қазына іспеттес... Ойымдағыны саған жеткізуді зор бақыт санаймын!

– Біз ниеттес, пікірлеспіз... Ойымыз да, жолымыз да бір. Сондықтан сіз айтқандай, еңсемізді көтерейік.

– Айтуға оңай, әрине. Бірақ, бар өмірімізді теңізге арнағанымызға өкінбеймін, – деп капитан Крис Кон терең күрсінді.

– О, міне, бұл сөзіңізге дән ризамын.

– Енді қызметіңе бар. Бүгінге осы да жетеді.

– Құп болады, капитан Крис Кон!

Аға көмекші Дик Кур капитан каютасынан жылдам басып шығып кетті.

«Ойының бәрін білдік, несі бар, оған сенім артуға толық болады. Шын берілген кеме көмекшісі екен» деді капитан Крис Кон ішінен.

Дик Кур кеме палубасына шықты. Кеудесін кере, терең дем алды. Матростар палубаны швабрамен жуып жатса, енді біреулері кеменің есіктерін тазалап жүр. Екі матрос кеменің мачтасын қолдарындағы шүберекпен сүртіп отыр.

Күн шайдай ашық. Теңіз мөп-мөлдір, көгілдірленіп, біртүрлі құбылып тұр. Теңіз суы тұп-тұнық. Енді бірде су бірте-бірте қошқылдана түсті.

Аға көмекші Дик Курдің көңілі орнына түсті. Палубаның қалаған жерінде темекі тартуға рұқ-

сат етілген. Матростардың назарын өзіне аудармау үшін оқшау бөлікке барып, қалтасынан жәйлап темекісін алып, оттығын тұтатты. Шылымын ішіне ұзақ та қатты сорып алып, түтінін будақтатып рахаттанып тұр.

Алып кеменің палубасын жайбарақат аралауға кірісті. Бұл кеме көмекшісінің тікелей міндеті. Матростардың өз міндеттерін ойдағыдай атқарып жатқандарын көріп риза болып қалды. Бұл кеме теңізде айлап, тіптен, жылдап та жүзуге бейімделген. Барлық жағдай жасалған. Кемеге жетерлік азық-түлік пен таза судың орасан қоры тиелген. Таза суды теңіздің ащы суынан сүзгілеп алатын арнайы аппарат та бар. Бұл кемедегі су таусылған жағдайда ғана іске асырылады.

Аға көмекші Дик Кур кеменің ұшар басына әп-сәтте жетті. Теңіз толқынын қақ жарып алға зулап келе жатқан кеме үстінде тұрған ол аспанда қалықтап ұшып келе жатқандай болды. Екі қолын жоғары көтеріп, бір сәтке шағалаға айналып, ұшып жүргендей әсерде болды. Бір қарағанда кеме тапжылмастан, бір орнында тұрған сияқты.

– Ғажап! – деп дауыстап жіберді көмекші Дик Кур таңданысын жасырмай.

Палуба жаңа ғана жуылғандықтан, жалтырап-ақ тұр.

– Дик Кур, кеме Бермуд үшбұрышы жанына жақындап қалды...

Арақашықтық жақындай берді. Кенет тып-тыныш жүзіп келе жатқан кеме шайқала бастады. Дик Кур аң-таң болып, командалық рубкаға қарай жүгіре жөнелді.

– Кеменің барлық жоғары жағындағы құрылғылар қатты дауылға орай жедел бекітілсін!

– Команда белгіленген орындарға жедел жетсін!

– Күшті дауылға әзірленіңдер!

Палуба үстінде жан адам қалмады. Матростар зым-зия болып кеткен... Шайқалыс енді бірте-бірте күшейе түсті. Теңіз дауылы шынымен-ақ құтырына бастады. Кеме біресе оң бүйіріне, біресе сол бүйіріне ауып, әуірімдеп қайта түзелді. Теңіз толқындары да жал-жал болып, жоғары көтеріліп, кеме палубасына дейін жетіп, жолындағының бәрін жуып-шайып барады...

Аға көмекші Дик Курдің түрі әлем-тапырық. Табан астында не болды? Теңізді қандай түлен түртті? Миына ып-ыстық қан құйылып кеткендей. Басы зырқ-зырқ етеді. Кеме су бетінде бірқалыпты қалқып тұр. Суға батпайтын үлкен алып кеме ғой... Қорқуға негіз жоқ. Жер жүзін теңіз арқылы түгел кезген кеме емес пе?!

Капитан Крис Кон әбіржіп, сасатын емес. Ол әдеттегідей салмақты қалпында. Төніп келе жатқан қауіптен бүкіл кеме командасын, кемені сақтандыруды өзінің ресми борышы және қызметтік міндеті деп санады.

Шетсіз-шексіз мұхит төрінде бүкіл команданың батылдығы болмаса, апаттан құтылу мүмкін емес. Капитан Крис Кон бұл қағидатты жақсы біледі. Қауіп төнген сәттерде әрқайсысы өз орнында болып, өз міндеттерін ақырына дейін атқару тапсырылған.

Атлант мұхитының осынау құпия тұсында капитан Крис Кон білмейтін құбылыс жоқ. Ол белгісіз үрейден қорқып, мысықтан қашып, інге тығылған тышқандай болып, бас сауғалайтындардан емес. Осындайда оның көзіне кеменің каюталары мен трюмдерінде отырған матростар інге тығылған тышқандай болып көрінеді.

Саргасс теңізінде болғанда да, дәлірек айтқанда осындай дауылдар тұрып, қанша әбігерге түсіргенімен кеме матростарының ержүректігі арқасында дін аман шықты... Қатты теңіз дауылы кезінде су түбіндегі балдырлар жаппай көшіп, жоғары көтеріліп, кейбір кемелердің винттеріне оралып, шырмалып, айналуын тоқтатып, жүзуге мүмкіндік бермейтіні бар. Өте көп шырмалған теңіз балдырлары винттерге шырмалғаны былай тұрсын, кемені төмен қарай тартып кетуге дейін барады.

Қысқасы, теңіз кейде өз құрбандарын аспай-саспай шетінен неше түрлі айла-әдістермен жалмай береді, жалмай береді... Капитан Крис Кон кемесі үлкен әрі оның төменгі қабаттағы винттері өте үлкен және күшті болғандықтан, балдырлар шырмап, кемені апатқа ұшыратады деп үрейленбейді. Мұндай жағдайда капитан Крис Кон бір винтті тоқтатып, екінші винтті кезек-кезек қосып, балдырларды майдалап, үзіп, кескілеп тастайтын әдістерді талай рет қолданып, кемені апаттан аман-есен алып шығатын.

Капитан Крис Кон дүрбімен айналаны шолып шықты. «Теңіз біртүрлі оғаш көрінеді, сайтан алғыр» деп өзіне-өзі сөйледі. Сонау алыстағы ке-

мелердің дінгектері мен трубалары көрінді. Бірақ, мына қызыққа қараңыз. Бірде-бір трубадан будақтаған түтін шықпайды. Капитан мұның сырын біле алмады. Бірақ, өте таң қалды. Кемелер бір орнында тұр ма, қалай өзі? Не себептен?

Капитан бір күрсініп қойды. Бірақ, кенеттен оны бір күдікті ой шырмап алды. Неге екенін өзі де түсінбеді. Негізі ол мейірімсіз, тасбауыр емес. Енді бір сәтте төңіректі өлі тыныштық басты. Тек дауыстары ащы бір құстар теңіз толқындары үстінде бірін-бірі қуалап, кейде тістесіп ұшып жүр. Бұларды не түлен түртті деп ойлады капитан.

Кеменің капитан пультінде отырған ол таңданысын жасыра алмады. Қас-қағымдай сәтте айнала төңіректі қалың тұман басты... Тұман...

Арада бірнеше ғана секунд өтті. Бірнеше секунд... Кенет теңіз бетіндегі алып кеме ізім-қайым жоқ болды...

IX-тарау

«Алтылықтың» кезекті құпия отырысы. Екі топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы отыр. Үнемі солай... Үн-түнсіз... Бөлмеге «алтылықтың» ең сенімді тыңшысы, бесаспап білгірі, кей кездері көріпкел де болатын, аса тәжірибелі Клаус Мок кірді. Келген бойда бекітілген тәртіпке орай бас изеп:

–Мырзалар, саламатсыздар ма?! – деді аса бір ілтипатпен.

–?!

–Төраға мырза, бастауға рұқсат етіңіз.

–Иә, иә.. рұқсат, – деді Клаус Мокке жақындау отырған қара көзілдірікті, орта бойлы, жылы жүздісі.

–Жер планетасы, бүкіл әлем құпияға толы... Айтуыма мұрсат беріңіздер, – деді Клаус Мок аса мәдениеттілік танытып. «Алтылықтар» бір кісідей бас изеді.

–Қазіргі кезеңде жер шарында біздің араласуымыздан тысқары әртүрлі қарулар жасалуда. Сіздер оны білесіздер... Біздің жасырын зертханада одан да күшті қару түрлері жасалды. Олар жер шарының түкпір-түкпірінде әртүрлі сынақтан өтті. Нәтижесіне баға жетпейді... Жер планетасындағы ғалымдар, жалпы, Президенттер біз ойлап тапқан жаңа қару түрлерін адам ойлап тапқан жоқ деп қабылдады. Ең

кереметі осында болып тұр, мырзалар! Ол табиғаттың құбылысы деп ойлап жүр. Нақтылап, сіздерге түсінікті етіп айтайын.

Біздің жасырын зертханада керемет ғылыми жаңалықтар ашылды. Арнайы жасалған аппараттарды ғарыштық кемелерге орнаттық. Аппараттар ғарыштық кемелерден жер бетінің белгілі бір бөлігіндегі арнайы тапсырмаға сәйкес магниттік өрістердің тепе-теңдігін бұзады. Нәтижеде, сол бөлікте не нөсер жаңбыр, не өте күшті жойқын дауыл, не торнадо болады. Бұл тіптен сол бөліктегі үйлерді, ағаштарды, бәрін-бәрін сорып, аспанға, тіптен ғарышқа шығарып тастайды... Қатты алып құйынның бәрінің күшін де қолдан реттеуді үйрендік. Арнаулы жасалған аппараттар ғарыштан оның күшін көбейту үшін сол бөліктегі магниттік тепе-теңдікті бұзу үшін бір-біріне үстін-үстін атқыласақ, жер бетіндегі үлкен қалаларды, тіптен, аралдар мен кемелерді түгел жұтқызу, жермен-жексен ету біз үшін ештеңе емес...

Қысқасы, бұл әлі әлемге белгісіз жаңа қару түрі. Былайша айтсақ, климаттық жаңа қару. Көпке дейін бізге белгісіз, беймәлім болып келген жер бетіндегі магниттік өрістердің құпиясын енді-енді анықтай бастадық. Мұның әліге дейін ашылмаған жақтары өте көп. Негізі тамаша идея... Жердің магниттік өрістері жөнінде зерттеулер әлі құпия түрде жүргізіліп жатыр. Кешіріңіздер, әзірше қысқаша мәлімет осы, – деді сэр Клаус сөзін аяқтап.

– Расында да бұл керемет екен, – деді жоғарырақ отырған алтылықтың егделеуі риза кейіппен.

– Жақсы баяндадың...

- Мен де ризамын.
- Керемет идеяны тереңдетіп зерттей беріңіздер.
- Зертханадағы жұмыс бір күн де тоқтамасын...
- Жер бетінде қолданыс аймағын біздер нақтылап бекітеміз.
- Иә, қайда, қашан қолдану керектігі қосымша тапсырылады.
- Бұл өте құпия күйінде сақталсын!
- Климаттық қаруды жетілдіре түсіңдер.
- Оның климаттық қару екенін жер бетінде тірі жан білмейтін болсын...
- Ғаламның тұс-тұсында ұшып жүрген біздің Жер серіктерге орнатылсын...
- Адамзат алаңдамай, бұл табиғат апаты деп ойлайтын тәсілдер жасалсын!
- Уақыт ұттырмай тәжірибе жалғаса түссін!
- Қаржы мәселесі сөз болмасын.
- Қанша қаржы керек болса, сонша қаржы жедел түрде беріледі.
- Байқаймын, мырзалар, бұл қуанышты ғылыми жаңалықтар бәріміздің көңілімізді бір көтеріп тастады.
- Әлбетте!
- Әлбетте!
- Әлбетте!
- Мырзалар, рахаттанып демала беріңіздер.
- Баспасөз, теледидар, интернеттен ешқандай мәліметтер берілмесін!
- Бұл өте қатаң бақылауда болсын!
- Керекті қаржы бөлінеді.

- Әрине, әрине...
- Тапсырмалар мүлтіксіз орындалсын!
- Біздер тұрғанда сен ештеңеден тайсалмай, тапсырмамызды ойдағыдай орында.
- Барлық бөлімдерге, агенттерге, бәріне осы тапсырманы қатаң түрде орындау жүктелсін!
- Мырзалар, сіздердің тапсырмаларыңыз толық орындалады. Барлық жағдай жасалған. Сіздерге деген алғысымда шек жоқ, қадірлі мырзалар! – деді Клаус Мок бәріне ризашылықпен байыптай қарап.
- Тынық мұхитында климаттық қару көмегімен бірнеше кемелерді командасымен батырып жібердік. Бір аралды тұрғындарымен басқа ғарышқа аттандырдық. Теңіз жағалауынан суды 10-25 метрге көтеріп, қолдан нөсер жаңбыр жаудырдық. Біз енді алдағы уақыттарда осындай жойқын апаттарды сіздер берген континенттерде, қалаларда жалғастыра түсеміз. Жалғастыра береміз... Бізде тоқтау, кідіру деген болмайды... Бол-май-ды-ы-ы, мырзалар.
- О-о-о-о, керемет!
- Қуанышымызда шек жоқ.
- Атлант, Тынық, Үнді мұхиттарындағы аралдарда тәжірибе жалғаса түссін.
- Жай қарудан біз енді бас тартуымыз керек.
- Иә, иә...
- Жаңа климаттық қару тұрғанда, бұрынғы жаппай қырып-жоятын қаруларды шығаруға бөлінетін қаржы тоқтатылсын!
- Иә, бұрынғы шығарылған қарулар қоймада толып жатыр. Бізде оның қоры өте көп...
- Бүгінге кеңес осымен бітті.

- Бәріне рұқсат. Демалуға болады...
- Келесі кеңес арнайы хабарланады.

Клаус Мок жабық кеңестен ерекше көңіл-күймен оралды. Оның көп жылғы адал еңбегі ақталып, оң бағасын алды. Сенім артылды... Оған бұдан артық ештеңе керек емес-ті. Айтты-айтпады, оған басқа не керек?..

Ғылыми негізі әлі толық зерттелмеген тың істі жалғастыру, зерттеу жүргізу тапсырылды. Клаус Мок жабық құпия тәжірибе жасайтын жерасты зертханасынан бірақ-шықты... Әбден тексеруден, сенімнен өткен талантты ғалым Толь Артемосты бірден өз кабинетіне шақыртты. Толь Артемос бүгінде еңсесін көтерген, бірақ, шашының біразы түсіп, егде тартқан, көзінде көзілдірігі бар, әлемге белгісіз ғалымға айналған. Шефі Клаус Моктың шақырғанын естігенде көңілі көтеріліп-ақ қалды. Ол бұл кездесуді жамандыққа жорыған жоқ. «Құп болады!» деді Толь Артемос орнынан жылдам тұрып.

Көтеріңкі көңіл-күймен келген Толь Артемос шефі Клаус Мокке қол беріп амандасты. Клаус Мокпен амандасқанда ерекше ілтипат көрсетті. Артынша басын сол қолымен сипап, иіліп те алды. Оның мұндай әрекетіне риза болған Клаус Мок әлі де өзіне жалтақтай қарап, қолбала болған талантты ғалым Толь Артемосқа сүйсіне қарады. Әбден шаршағандықтан ба, Толь Артемос әлсін-әлсін есінеп, көзілдірігін қайта-қайта жөндеді. Көзі

жыпылықтай береді. Ол Клаус Мокке таңырқай қарап отыр. Клаус Мок бұған не болды дегендей сүзіле қарады. Әшейінде сәтті өткен кезекті тәжірибесі жөнінде ғылыми ойларын ортаға салуға ынтығып, дес бермеуші еді.

– Клаус Мок мырза, сізді көргеніме қуаныштымын! Көптен бері келмей кеттіңіз...

– Құрметті Толь Артемос! Менің де қуанышымда шек жоқ. Соңғы кездері жұмыс көбейіп кетті.

– Түсінікті ғой. Менікі жәй ғана еркелік қой. Кейде жас балаша еркелегім келіп кетеді. Менің бұл қылығыма таң қалмаңыз. Орынсыз болса, кешіріңіз, – деді Толь Артемос жүзі бал-бұл жанып.

– Жо-жоқ, о не дегеніңіз. Сізге бәрі де жарасады.

– Клаус Мок мырза, мен ғылымға жан-тәніммен берілген, шын жаны ашитын ғалыммын. Негізі ғылымды алға жетелейтін ұлы күш, ол – идея! Иә, иә, идея. Ал, оны өмірге әкелетін ғалымдар ғой. Жүздеген, тіптен, мыңдаған зерттеулер, тәжірибелер қажет, – деді ғалым оған жаутаң-жаутаң қарап.

– Әлбетте, әлбетте солай. Зерттеулер жүргіземіз, – деді Клаус Мок көңілдегі күдігін біржолата сейілткендей болып.

«Біздің Толь Артемостан үлкен үміт күткеніміз дұрыс болған екен... Жасырын зертханадағы өзге ғалымдар бір төбе де, Толь Артемос – бір төбе. Күткен үмітіміз толық ақталды. Ешқандай күдік жоқ, ешқандай... Осы өміріне риза сияқты. Көзінен қуаныш оты жылтырайды. Қуанышында шек

жоқ. Тамаша! Өте тамаша-а-а. Бізге керегі де осы» деп Клаус Мок іштей көңілі жайланып, қалтасынан темекі қорабын алды. Оның бір талын Толь Артемосқа ұсынды. Оттығын алып, оның да, өзінің де темекісін тұтатты.

Екеуі де темекіні құшырлана сорып, рахаттанып қалды. Ойға берілген екеуі біраз уақыт үнсіз қалып, темекіні будақтата түсті. Толь Артемос оған қарап күлімсіреп, сәл басын изеп, ризашылығын білдірді. Ол ойын тиянақтап, шашыратып алмайын дегендей, неден бастасам екен деп ойланды. Не де болса Клаус Моктың сұрағына жауап бергенім жөн болар деген шешімге тоқтады.

Оң қолымен екі көзін уқалады. Өзі терең толғаным үстінде отыр. Ана жақтағы осыдан жиырма бес жыл бұрын өзі әзер қашып шыққан қаласы туралы ойланар да емес. Бәрі, бәрі, түгелімен есінде ешнәрсе қалмаған... Осынша жылғы атқарған тынымсыз жұмыс оны шаршатып-ақ тастапты. Вашингтон қаласындағы аспан тіреген сорайған көпқабатты үйлер кескіні де, көше толы алуан-алуан машиналар да бүгінде есінен шыққан. Тіптен, өзінің мұнда қайдан тап болғанынан да бейхабар... Басқа бір әлемнен келгендей. Бір ғажабы, қазір қолбала ғалым Толь Артемос жасырын зертхананың ең құрметті ғалымы... Клаус Моктың қуанышында шек жоқ. Ол өзіне-өзі бек сенімді. Толь Артемосқа сүйсіне бір қарап алды да:

– Магниттік өрістер туралы бізге қосымша не айтасыз?

– Клаус Мок мырза! Жалпы, магниттік өрістер

әлі толық зерттелмеген. Әлемнің көптеген ғалымдары магниттік өрістің қыр-сырын аша алмауда. Әрине, оған үлкен түсіністікпен қараған жөн. Өйткені, магниттік өрісті зерттеу өте қиын... Магниттік өрістер жер бетінде, ғарышта кездеседі. Оны көзбен көру, күшін есептеу мүмкін емес...

– Сонда қалай болғаны, Толь Артемос?

– Мен бұрын зертханада көрсеткен едім ғой. Менің ойлап тапқан керемет аппараттық қондырғым арқылы магниттік өрістердің бір-біріне қиылысу нүктесін дәл есептеп, өзара қас-қағым секундта түйістіре алсақ, сол жерде әртүрлі табиғи құбылыс, яғни апаттар болады... Теңіз суын жоғары көтеріп, су алдыру, теңіз бетіндегі кемелерді батыру немесе ғарышқа қарай ұшыру, алапат күшті дауылдар жасау, тағы басқа ақылға сыймайтын апаттар жасауға болады...

Толь Артемос магниттік өрістердің құдіреттері туралы ойларын қалайша айтқанын өзі де байқамай қалды. Оның бәрі зертханада әлдеқашан дәлелденген ғылыми жаңалығы еді. Клаус Мок оның бұл жаңалығын әлдеқашан қолданысқа енгізіп, дүниеге жаңа климаттық қару әкелген болатын. Климаттық қару жер планетасының әр түкпірінде сыналды. Нәтиже күткендегіден де асып түсті...

Толь Артемос ғылыми жаңалығының адамзатты айтып келмес апаттарға ұшырату, қыру үшін қолданылып жатқанын білмеді. Өзінше керемет ғылыми жаңалық аштым деп қуануда. Ал, Клаус Мок пен оның қожайындары әлемге билік жүргіземіз деп жанталасуда.

– Клаус Мок мырза, егер магниттік өрістердің

бір-бірімен қиылысу, яғни өзара кездесу нүктесінде өріс күшін арнайы аппараттармен күшейтсек, не болатынын білесіз бе?

– Қайдан білейін? – деді Клаус Мок өтірік таң қалып. Толь Артемостың бұл жаңалығын осыдан 20 жыл бұрын соғыс құралы ретінде жасырын түрде қолданғанын ол қайдан білсін?! Ғылыми жаңалық аштым деп өзінен-өзі мәз болып, жас балаша қуанып жүр. Ашқан ғылыми жаңалығының қайда, қандай мақсаттарға жұмсалып жатқанынан мүлдем хабарсыз.

– Клаус Мок мырза, магниттің өрістің қиылысқан жері жер бетінен қандай қашықтықта, қандай күшпен кездесуіне орай су, теңіз үстіндегі кемелерді, кішігірім ғана ауылды, тіптен, қаланы сорып, жұтып жіберуге болады...

– Не-ме-не, не-е-е дейсің? – деді даусы қаттырақ шығып кеткен Клаус Мок.

– Рас, рас айтамын. Бұл тәсілді бейбіт жағдайда қолдануға мүлдем болмайды...

– Әрине, әрине-е-е. Мұның расында да адам таңқаларлық құбылыс, – деді қос жанары жалт-жұлт еткен Клаус. Өте күрделі мәселе екен. Оған өтірік көлгірсіп, қошемет көрсеткенсіп отыруым керек. Адамзатқа, бар тіршілік атаулыға қорқыныш, үрей туғызатын жаңа қару болғалы тұр, – деді әбден қызынып алған Толь Артемос.

Жалпыға ортақ тілде айтсақ, жаңа, бұрын-соңды болмаған соғыстың тамызығын тұтату... Мұның шын құпиясын біздер ғана білуге тиіспіз... Оның нақты жұмыс істеу принциптері тек бізге ғана аян.

Түптеп келгенде, жаңа климаттық қаруды жетілдіру, оны игеру, қолдану біздің қолымызда... Сарқылмас, тамаша идея. Ақыл-ойдың жақсы идеясын да түптеп келгенде игеріп, оны тиімді пайдалана білу – негізгі мақсатымыз ғой... Әйтсе де негізгі мақсатты іске асыру – біздің «алтылықтардың» тапсырмасы. Ғалымдарымыздың ойлау процесі нәтижесінде дүниеге келген ерекше қасиеттерге ие қару ғой, тегі...

Толь Артемос өзінің ғұлама ғалым екенінен бейхабар. Жалпы, жерде ашылмай жатқан құпиялар ұшан-теңіз ғой. Осы терең ойлардан кейін Клаус Моктың көңіліндегі қобалжу басылғандай болды. Өзіне тән қызметтік әдептілігімен бұл жолы да сақтықтан ауытқымай, сыпайылап қана, тағы да ойын дамытып, анықтағысы келіп:

– Рахмет, Толь Артемос мырза! – деді оны тіптен бір көтеріп алып, – әртүрлі қызық ғылыми ойлардың басын шалып, кеңестік. Атқарылатын істің бағдарын анықтадық.

Толь Артемостың атқарылған ғылыми жаңалықтарға көңілі тасып отыр еді. Ол расында да қажыған адамдай екінші рет есінеп, дел-сал денесінің құрысын жазғысы келді білем, сәл ғана керілгендей болды.

Клаус Мок оны аяп кетті. Қанша дегенмен адам ғой. Онымен жалығатын ойлар айтып, ұзақ сөйлесе беруді дұрыс көрмеді білем:

– Иә, Толь Артемос, сізге көп рахмет. Ғылыми жұмыстарыңызды жалғастыра беріңіз. Кете беруіңізге болады, – деді жұмбақтай күліп.

– Рахмет, рахмет. Кешірерсіз, мен-е-н солай

етейін, – деп Толь Артемос орнынан тұрып ілби басып, есікке беттей берді.

Сэр Клаус Мок осы кездесуден кейін Толь Артемос және басқа да аты-жөні мәңгілікке жұмбақ болып қалатын басқа да ғалымдардың жаңалықтарын жабық отырыста арнайы қарады. Бөлмеде жиналғандар оншақты ғана. Бәрі жұмсақ креслоларға жайғасқан. Клаус Мок отырғандарға қулана қарап, жұмбақтай сөйледі. Алақанын ысқылап қойып, жарқын дауыспен:

– Иә, құрметті мырзалар! Жер шарының түкпір-түкпірінен, күл-қоқыстар арасынан әкелінгендер бізге аса қажетті тың ғылыми жаңалықтар ашты. Сенімімізді толық аяқтады. «Алтылықтар» бізге дән риза. Оны өздеріңіз де көріп, байқап жүрсіздер. Анту Лос, ұмытпасам, саған осыдан бес жыл бұрын бекітіліп берілген Тос Кит атты ғалымның қол жеткізген нәтижесі туралы қысқаша баянда.

Бөлмедегілер елең ете қалды. Анту Лос та осындағы әбден тексеріліп, сенімге кірген агенттердің бірі. Ол орнынан тұрып, отырғандарға ілтипатпен басын изеді.

– Клаус Мок мырза! Тос Кит те менің арнайы бақылауымда. Ғылыми жұмысы тындырымды әрі өте маңызды. Жұлдыздар әлеміне ұзақ мерзімге саяхат жасау туралы керемет ғылыми идея ұсынды. Күні бүгінге дейін жер шарындағы бірде-бір мемлекет ғалымдары мұндай идеяны ұсынған емес. Иә, иә, дәл солай. Қазір оның осы ғылыми идеясы

практикалық жағынан тексерілуде. Практикада толық дәлелденсе, жұлдыздар әлеміне ұзақ мерзімге саяхат жасалады.

Біздің мына әлемде жалғыз еместігімізді растайтын күн де алыс емес. Табиғатта сыры ашылмаған, шытырман, жұмбақ болып келген миллиардтаған жұлдыздар әлемі де зерттеле бастады. Адамзат баласы түбінде жер бетіне сыймайын деп отыр ғой. Оның үстіне экологиялық апаттар да жетерлік. Өзге де адамзат басына оқтын-оқтын төніп жатқан қасіреттер көп. Жұлдыздар әлемінен біздер мекен ететін жаңа планета іздеп табамыз.

Анту Лос аз-кем кідіріп, отырғандарды байыппен маңғаздана шолып шықты. Тыңдап отырғандар арасынан қыбыр еткен қимыл байқалмады. Ол енді денесін Клаус Мок жаққа бұрды.

– Менің өз басым бар тәжірибемді айтқан ғылыми идеяны дәлелдеуге жұмсап бағамын, – деді Анту Лос сөзін одан әрмен жалғап. – Түбінде бар ғой, АҚШ, Ресей ғалымдарының осы бағыттағы жасалып жатқан батыл ғылыми бастамасын нағыз батылдық, нағыз көрегендік деп бағалағанымыз дұрыс сияқты. Сіздер, яғни мына біздер, қандай бір істі бастамас бұрын оны әбден зерделеп, елеп-екшеп, ақылдылардың талқылауынан өткізуіміз қажет деп есептеймін.

– Клаус Мок мырза, сізбен бұған дейін болған жеке кездесу кезінде зерттеу нәтижесі бүге-шігесіне дейін түсіндірілген. Аталмыш ғылыми идея ресми түрде мәлімделді. Оның іске асыру жолдары, тәсілдері арнайы есептеліп, сызбалары сызылып, қағазға

түсірілді. Сіздерден жасыратын ешқандай құпия жоқ. Анту Лос өзіне тән әдептілігінен бұл жолы да ауытқымай, сөзін байыппен асықпай жалғай түсті:

– Ғылыми идея егжей-тегжейлі зерттеліп, теориялық негіз алуға таяу қалды. Қысқасы, жұлдыз-аралық ғарыштық кеме де жасалатын уақыт алыс емес. Галактиканы аралау керемет емес пе?! – деп сөзін аяқтаған Анту Лос отырғандарды түгел сүзіп өтті.

– Меніңше, бұл керемет.

– Жұлдыздар әлеміне саяхат жасау деген адамзаттың асыл арманы ғой.

– Қолдау керек?!

– Иә, иә-ә.

– Солай жасау керек.

– Барынша қолдаймыз.

– Анту Лос, жарайсың!

– Ақиқатқа жеткізуді сұраймыз!

– Біз қуаныштымыз.

– Ризамыз-з-з.

– Ризамыз-з-з.

– Тәжірибе жалғаса түссін.

– Ғажа-а-ап!

– Ғажа-а-ап!

Сонымен эне-міне дегенше арада жылжып тағы да ширек ғасыр да зулап өте шықты...

Әлем үлкен дүрбелеңге тап болды. Жер шарының әр түкпірінен адам баласына үрей туғызатын, бұрын-соңды болмаған апаттар көбейді.

Үсті-үстіне... Толассыз...

Теңіз үстінде жүзіп жүрген кемелер, кішігірім аралдар, тіптен, құрлықтағы зәулім үйлер де көзден ғайып болып жатты...

Еуропа, Африка, Қытай, Жапония мен Американың жағалауларындағы қалаларда аспаннан әп-сәтте, қас пен көздің арасында толассыз нөсер жаңбыр жауып, теңіз деңгейі бірнеше метрге дейін көтеріліп, топан су басатынды шығарды. Апаттар көбейді... Бұл апаттар туралы түрлі жорамалдар айтылды. Бірақ, анық-қанығын ешкім дөп басып айта алмады....

Х-тарау

...Орталық Қазақ ұлттық ғылым академиясының кең бөлмесі. Жабық ғылыми жиын өткізуге бәрі әзір. Бөлме қабырғаларының оң қапталына жағалай қойылған есептегіш электронды машиналар. Бөлмеде арнайы шақырылған жеті адам отыр. Олар – профессор Заңғар Кемелұлы, Ардақ Асылұлы, Жұмаш Мақсатұлы, Сәкен Есенұлы, Сапар Асанұлы, Асыл Ескендірұлы, Қасым Сайлауұлы. Үстерінде ақ халат. Әрқайсысының өзіне берілген арнайы тапсырмалары бар.

– Соңғы жылдары жер шарында жыл санап, тіптен күн санап, бұрын-соңды болмаған тосын табиғи апаттар саны көбейе түсті. Теңіз жағалауындағы мемлекеттерді топан су басып, үлкен қалалар тұрғындарымен су астында қалып, опат болуда. Мұнан өзге қатты алып құйын әп-сәтте ғайыптан пайда болып, жер-көкті сыпыра-сиыра жоқ етуде.

Тағы бір таңқаларлық жұмбақ құбылыстар теңіз бетінде де көбірек кездесуде... Атап айтсам, теңіз бетіндегі кейбір кемелер із-түссіз жоғалуда. Мұндай жағдай бар ғой, енді жердің теп-тегіс жерлерінде де орын алуда. Кенеттен нөсер жауып, жер бетін топан су басып қалуда...

Қалай десек те бүгінгі таңда біз өмір сүріп отырған Жер планетасында бұрын-соңды болмаған апаттар үсті-үстіне көбейіп келеді. Иә, иә... Бұл бүкіл әлем халқын, ғалымдарын алаңдатуда. Қауіп күшеюде. Расында да бұл құбылыстардың сыры

неде? Қайдан пайда болған тосын апаттар? Адамның ақылына сыймайтын жәйттер орын алуға.

Осы кезде орнынан атып тұрған кіші ғылыми қызметкер Сәкен:

– Сонда не істеу керек? Қандай шара қолдануға болады, – деді.

Артынша жан-жақтан:

– Иә, иә-ә-ә.

– Қандай қауіптер?

– Жанымыз түршігіп кетті ғой..

– Енді не істеуіміз керек?

– Бұл қайдан келген апаттар?

– Біздің қолымыздан келер не дәрмен бар?

– Табиғат алдында әлі де дәрменсізбіз. Қолымыз қысқа.

– Түсініксіз жағдай-й-й...

– Сонымен, не істеуге болады?

– Жер шарының түкпір-түкпірінде табиғи қауіптер қаулап келеді...

– Жұмбақ құбылыстың сыры неде екен? – деген сұрақтар қарша борады.

– Иә, маған қойылған барлық сұрақтарға алдын-ала жауап беруге әзірмін, – деп профессор Заңғар сөзін әрі қарай жалғап кетті. – Бұл жерде мәселе менің зерттеулерімнің теориялық және практикалық маңыздылығында болып тұр... Ол айтар ойын бір арнаға жинағандай, аз-кем ойланып алды да: – Негізінен менің көп ойланып, бірнеше жылғы талмай ізденуімнің нәтижесінде туындап, өмірге келген ғылыми жаңалығым ерекше маңызға ие. Жер шарындағы адамзат баласының ғасырлар

бойы бейбіт, алаңсыз өмір сүруіне кепілдік береді. Сондықтан, мен бұл бағытта табаны күректей он жыл бойы күні-түні тапжылмай, зерттеулер жүргіздім.

Адамзат баласына төніп келген қасіретті қалайда тоқтату керек деп бел буып кірістім... Сөйтіп мен өз дегеніме жеттім. Ғылыми идеям арнаулы зертханада егжей-тегжейлі зерттелді. Жер планетасындағы тіршілік атаулыны апаттардан құтқарудың күрделі мәселелері шешілді.

Заңғар аз-кем кідіріп, үкіметтің арнайы жіберген жауапты қызметкерлері мен ғалымдарды бір шолып шықты. Отырғандар қыбыр етер емес. Ұйып тыңдап отыр. Ол іштей толқып тұр. Даусында сәл ғана діріл бар.

– Иә, сонымен, жалпы шексіз ғарыш әлемінен ғарыш кеңістігінің пайда болуы жөнінде бізде әртүрлі пікірсайыстар айтылуда. Бір тоқтамға, бір шешімге тоқтаған жоқ. Жүйелі нақты ой айтылмады. Жер планетасына сырттан, іштен келетін апаттардың, әртүрлі табиғи құбылыстардың қайдан пайда болатынын дөп басып айту мүмкін болмай келеді... Табиғат заңдылықтары біз үшін әлі де жұмбақ.

Жер шарының әр бөлігінде өздеріңіз білетіндей күтпеген жерден нәсер жаңбыр жауып, топан су басу, алып құйындардың пайда болуы, ұшақтар мен кемелердің ғайыптан із-түзсіз жоғалуының сыры неде? Ол не себептен болады? Ең негізгі аталған апаттарды біржола тоқтатуға бола ма? Міне, менің ашқан ғылыми жаңалығымның мәні осында. Мен

жер шарындағы осы апаттардың қайдан пайда болатынын аштым... Керек десеңіздер, аталған апаттардың алдын алу, болдырмау, тоқтатудың тәсілін де таптым... Ең маңыздысы осы... Отырғандар өзара гуілдесіп, тыпыршып кетті...

– Мынау адам сенгісіз жаңалық қой...

– Рас па?

– Мүмкін емес.

– Қалайша!

– Керемет қой.

Заңғар еңсесін тіктеп алып, ойын сабақтай түсті:

– Ешқандай күмән келтірмеңіздер. Рас-с-с. Біріншіден, жер шары аумағын ғасырлар бойы магниттік өрістер қоршап тұр. Бұл табиғи жолмен миллиондаған ғасырлар бойы тіршілік атаулыға өмір сүруге мүмкіндік жасап келеді. Жалпы, магниттік өрістер өзара қатаң тепе-теңдікте орналасқан. Тепе-теңдік сәл ғана бұзылса, жер бетінде адам айтқысыз апаттар – топан су басу, алып құйындар (торнадо), теңіз бетіндегі кемелер мен ұшақтардың із-түссіз жоғалуы, тағы басқа да адам ақылына сыймайтын тосын жәйттер орын алады.

Мен магниттік өрістердің ішкі және сыртқы жақтан өзара қақтығысу нәтижесінде, яғни олардың өзара түйісу нүктесін алдын-ала арнайы аппараттармен есептеп, қас-қағым сәтте түйісулері нәтижесінде жоғарыда баяндалған апаттардың болатынын анықтадым. Ойлап тапқан аппараттың көмегімен жоғарыда аталған магниттік өрістердің өзара түйісу нүктелерін алдын-ала дәл анықтап,

артық магниттік өрістерді басқа ғарыш кеңістігіне қарай санаулы секундтарда бұрып, магниттік өрістердің тепе-теңдігін сақтап қаламын. Қысқасы, артық магниттік өрістерді ғарышқа қарай бағыттап жіберемін. Аппаратым арнайы жабдықталған ғарыштық станцияға орнатылады. Бәрі автоматты түрде іске асырылады...

Жер шарының қайсыбір бөлігінде магниттік өрістердің қалыпты тепе-теңдігі бұзылса, аппарат оны қалыпты күйге түсіреді. Міне, осыдан соң қасқағым секундтарда апаттар бірден тоқтайды. Аппарат осыдан бес жыл бұрын тепе-теңдік бұзылатын аумақты анықтады. Магниттік өрістердің шамадан тыс жиынтық күштері әсерінен жер бетінде менің ойлап тапқан аппараттарымның көмегімен анықтап, жұлдыздар әлемінен жерге қарай бет алған әртүрлі деңгейдегі алып астероидтар мен метеориттердің жер шарына жақындауынан пайда болатынын анықтадым...

Егер магниттік өрістер Жер планетасында тепе-теңдікті бұзатындай күшке ие болса, жоғарыда айтқандай тәсілдермен бейтараптандырамын. Соңғы кездері Жер планетасының кейбір бөліктеріне әдейі, қасақана апатты жағдай тудыратын арам ойлы біреулердің ұйымдастыруымен қасақана магниттік өрістер таратылуда. Әрине, бұл жақсылық емес. Қаскөйлер жасанды құпия тәсілмен жер бетінде әдейі апаттар жасауда... Мұның артында кімдер тұрғанын білмеймін...

- Оны тоқтатуға бола ма?
- Алдын алуға болмай ма?
- Әрине, әрине, болады, – деді Заңғар нық

сеніммен отырғандардың күдігін біршама сейілттіп. Сөйтіп, салмақпен сөзін әрі қарай жалғады. – Жалпы алғанда, магниттік өрістер ғасырлар бойы жер шарын қоршап, бірқалыпты тепе-теңдікте ұстап келеді. Бұл қалыптасқан табиғи заңдылық. Адам баласы магниттік өрістердің тепе-теңдіктері бұзылған жағдайда өзіне кесірін тигізбеу жолын ойластырып, бейбіт өмір сүруге құқылы. Көп жағдайда біздер бұған жете көңіл бөле бермейміз. Тіптен, кей кездері білгіміз де келмейді. Біз, адамзат, Жер планетасындағы саналы тіршілік иесіміз. Қандай да бір ғылыми жаңалық ашуды қолға алмас бұрын оны әбден елеп-екшеп, таразылап барып іске кірісуіміз керек. Жаңалық адам баласына пайдалы ма, жоқ па?... Жаратылыстың бізге берген сыйын сақтау бәрінен де маңызды.

Жер шарындағы ғасырлар бойы қалыптасқан магниттік өрістердің өз нормасынан ауытқуы, күндегі дақтардың пайда болуы, ғарыштық астероидтар мен метеориттердің жерге жақындауы, жердегі атом, сутегі бомбаларының шектен тыс жарылуы, экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы, жанартау атқылауы, сонымен қоса жер шары бетіндегі космостық кешендердің істен шығып, ғарыш бетінде бей-берекет ұшып жүруінен де пайда болады... Мұны мен ұзақ жылғы тәжірибемде анықтадым. Осының бәрі жер шарындағы магниттік өрістердің тепе-теңдігінің бұзылуына әкеліп соғады. Сол себептен аталған кедергілерді тоқтату керек. Ең бір таңқаларлығы, жоғарыда аталған кедергілер ең бірінші неге әсер ететінін білесіздер ме?

Заңғар отырғандарға зер сала қарап, сөзін әрі қарай жалғады.

– Біздің жер ұйығымыз – Жер шарының өз осінен айналу жылдамдығына да әсер етеді. Ол деген сөз – Жер планетасының өз осінен айналуы бірер секундқа айныса, жер бетінде адам айтқысыз апаттар болады. Жер шарында бүкіл шіршілік атаулы қас-қағым сәтте жойылады...

– Сонда сен не демексің? – деді шыдай алмаған Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының белді академигі, оның досы Жұмаш.

– Иә, иә, Жұмаш, солай. Бұл түп-түгел рас. Біз соған жақындап келеміз. Бұл өте күрделі, ғаламдық мәселе. Осы мәселеге әлі күнге дейін дұрыстап көңіл бөлінбей келеді. Оның осындай қауіп-қатер әкелетінін білетін прогресшіл, адал ойлы ғалымдар Құдайға шүкір, бар. Мысалы, АҚШ, Еуропа, Ресей, Қытай, Қазақстан ғалымдары. Бірақ, нақты шешім әлі жоқ. Мен осы жабық ғылыми кеңестен соң жедел түрде магниттік өрістер туралы идеямды іске асыруды жедел түрде қолға алуға көмек берулеріңізді сұранамын...

– Заңғар, сен асыра сілтеген жоқсың ба? Осы айтып отырғандарыңды ой елегінен өткізгенің рас па? Жоқ, әншейін, құр болжам ба? – деді Жұмаш орнынан тұрмаған қалпы.

– Иә, сенің айтқаныңның да жаны бар. Менің бұл ғылыми идеямды анау-мынау ғалымдардың өзі дұрыстап түсініп, қабылдай алмайды. Өйткені, мұның бәрі тым ақылға қонымсыз көрінеді. Сонымен бірге өте ауқымы кең. Бірақ, идеямды аса батыл-

дықпен, шынайы сеніммен қабылдау керек. Тіптен, досым ғалым Жұмаштың өзі менің ғаламды апаттан құтқару туралы керемет жаңалығыма сенбей, сенімсіздік танытып отыр... Бұл орынды да. Оған дауым жоқ. Досым, сен бұдан да қызық идеяма құлақ сал.

Сонымен, менің зертханамда бұдан да қызықты жаңалығым бар. Иә, иә... Тынық, Атлант мұхиттарындағы ғасырлар бойы адам баласының жанын түршіктіріп келе жатқан Бермуд үшбұрышының құпиясын аштым. Құпияны ашу өз алдына, ең кереметі, кемелер мен ұшақтардың із-түзсіз ғайып болуын да біржола тоқтатудың жолын таптым...

Үшбұрышқа тап болған кемелер мен ұшақтар бұдан былай із-түзсіз жоғалмайды. Негізі осындай аумақтарда магниттік өрістер екі жақтан емес, үш жақтан келіп өзара аса қатты күшпен түйіскен нүктеде осындай ауытқу нәтижесінен кемелер мен ұшақтардың із-түзсіз ғайып болуы орын алады...

Әрмен қарай тыңдаңыздар. Мұнан да қызық кереметін баяндайын. Бүгінгі таңда жер бетінде жанартау атқылауы да басылмай тұр ғой. Мен жанартаудың атқылау себебін де анықтадым... Тіптен, оны тоқтату тәсілін де ұсынамын. Жанартау атқылауының себебі, Жер планетасындағы магниттік өрістердің тепе-теңдігі шамадан тыс бұзылған бөлікке менің есебіме орай, жиырма жыл бойы ғарыштан, дәлірек айтқанда, Күннен келетін қуаты өте күшті магниттік өрістер атқылайды. Соның салдарынан жер астында үлкен химиялық өзгерістер, яғни химиялық реакциялар жүріп, жиырма жылдан соң жа-

нартаудың атқылауына әкеліп соғады. Бұл жерде де он бес жыл жанартау атқылайтын жерді анықтап, артық магниттік өрістерді менің аппаратымның көмегімен бөгде әлемге ғарышқа бағыттап отырсақ, жанартау атқылаудың алдын аламыз...

Өзімнің ғылыми зерттеулерімнің нәтижесінде жер шарында магниттік өрістердің бірқалыпты айналуын, шектен тыс өзгеріске ұшырамауы, ғарыштан келетін магниттік өрістерді кері қайтаруды миллиондаған жылдар бұрын бақылап, іске асырып отырғанын дәлелдедім. Білесіздер ме, оны не атқарғанын?.. Жақсылап ой таразысына салып көріңіздерші. Кім айта алады? – деп бір сәтке айнала отырғандарға сынай қарады.

Отырғандар ләм-лим демей, бір-біріне сұраулы жүзбен қарады. Арада екі-үш минут өтті. Бәрі аңтарылып, Заңғарға қарады. Сұрақ қойғыш Жұмаш та өзінің артық кеткенін сезгендей қипақтап қалды. Қалай дегенмен Заңғардың тосын ғылыми идеясы бәрінің мысын басты.

– Бұл жәй болжам емес, ғылыми дәйекті тұжырым. Өзекті идея, – деді арнайы шақырылған Досым.

– Мойындаймын... Мына ғылыми жаңалыққа тәнтімін, – деді Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясынан арнайы келген жас ғалым Мақсат.

– Мен арнайы келген комиссия мүшесімін. Өте жақсы. Қолдаймын. Барлық қажетті жұмыстар атқарылады. Ғылыми идеяңызды қалай да іске асырамыз. Әлемдік маңызды идея, – деді ұзын бойлы, ат жақты, аққұба өңді Сапар атты жігіт.

– Жарайсың, Заңғар!

– Рахмет.

– Ойынды бөліп жібердік-ау. Тағы да айтарың болса, түгел баянда, – деді Сапар оған ишара жасап.

– Ендеше, ойымды толық айтып шығуға рұқсат етіңіздер. Бізге дейін өмір сүргендер миллиондаған жылдар бұрын жер шарындағы магниттік өрістерді реттеп тұруды пирамидалар қолға алған екен. Бақылауға алмаса, әлемдік апат болатынын болжаған. Жер бетіндегі пирамидалар жайдан-жай салынбаған. Сол пирамидалардың көмегімен ғарыштан, күннен, метеориттер мен астероидтардың жақындауынан пайда болатын магниттік өрістерді бірқалыпты ұстап тұрған. Біздің ғасырға дейін жеткен пирамидалардың бір міндеті осы болған. Оның ішінде Мысыр пирамидаларының алатын орны ерекше деп айтуға болады.

Бүгінгі таңда пирамидалар күннен, ғарыштан келетін магниттік өрістерді қабылдай алмай, істен шыққан... Магниттік өрістерді қабылдап, оны жан-жаққа, ғарышқа бағыттап, бейтараптандыру күшінен айрылған. Әлде де жер шарындағы көптеген пирамидаларды түбегейлі зерттеп, магниттік өрістерді ғарышқа қарай кері аттандырып, бейтараптандыратын механизмді іске қосуды қолға алуымыз керек. Пирамидалардың жер шарында атқарған ғылыми негіздерге арналған жұмыстары жетерлік. Бұл менің тақырыбымнан тысқары ойлар.

Тағы бір қызық жәйт, Солтүстік мұзды мұхит түбінде жүз елу метр тереңдікте де магниттік өрістерді қалыпты ұстайтын арнайы жасалған алып

қондырғы болған... Бүгінгі таңда ол қондырғы да өзінің күшін жойған. Екеуінің де не себептен істен шыққанын әзірге айта алмаймын. Алдағы уақытта арнайы зерттеп, анықтап, сіздерге нақты жауап беруге уәде беремін... Менің үлкен арманым, жер шарының магниттік өрістерін қалыпты жағдайға түсіру. Сөйтіп, тіршілікті өз арнасымен жалғастыру. Ол үшін менде керемет идеялар бар.

Жиналғандар көздерін профессор Заңғардан алмай, аса таңданыспен бір-біріне қарады. Артынша бәрі тұс-тұстан Заңғарға ерекше құрмет көрсетіп, ду қол шапалақтады. Профессор Заңғар сөзін әрі қарай жалғап кетті.

– Сонымен, магниттік өрістердің бізге берер пайдасы ұшан-теңіз... Оның көмегімен тіптен де бар ғой Солтүстік мұзды мұхиттың мұзын да ерітіп, оның суын жер шарының қалаған жеріне жаңбыр жаудыруға да болады. Жер шарында сусыз қаңырап жатқан жерлер көп. Мына өзіміздің Арал теңізі тартылып, табаны қурап қалды емес пе? Енді Арал теңізін бір-екі айда толтырудың ғылыми тәсілі табылды. Мұнан өзге атом, сутегі бомбалары сыналып тоз-тозы шыққан жерлерді бастапқы қалпына келтіруге де болады.

Ұлан байтақ қазақ жері атом, сутегі бомбаларының зардабынан шұрқ тесік болып, Жер-ананың қарғысына қалдық. Семей облысының Абыралы ауданындағы ядролық қару сынағынан зардап шеккен жерлерді жуық арада қалпына келтіру мүмкін емес. Тек менің ұсынған ғылыми тәсіліммен ғана екі-үш айда бастапқы қалпына келтіруді ұсынамын.

Иә, ағайындар, мен қысқаша ғана соңғы жылдары ашқан ғылыми жаңалықтарым жөнінде мәлімет жасадым. Өзімнің қым-қиғаш табиғи құбылыстарды, апаттарды тоқтату, оның алдын алу туралы атқарған жұмыстарыма көңілім толады. Зерттеу жұмыстары әлі де жалғасуда, – деді Заңғар отырғандарға қуанышты жүзбен шола қарап.

Қалың ой шырмауында отырған Сапар мына сөзден кейін серпіліп, Заңғарға ерекше құрметпен қарады. Қуаныштан жүрегі дүрсілдеп, көзі шырадай жанды. Ол орнынан тұрып, ортада күлімдеп отырған Заңғарды қапсыра құшақтады.

– Рахмет саған Заңғар. Рах-м-ет-т-т, – деді даусы дірілдеп кеткен Сапар оны құшағынан эзер босатып.

- Жарайсың, Заңғар, жарайсың!
- Алғысымызда шек жоқ.
- Ғажа-а-ап!
- Керемет!
- Заңғар секілді ғалымы бар қазақ елі бақытты.
- Қазақ елі ғана емес, бүкіл әлем бақытты.
- Иә, иә.

Осы арнайы өткен жабық ғылыми кеңесте айтылған барлық әлемдік маңызы бар идея өте құпия күйінде қалдырылды. Арнайы келген үкімет өкілдері ғылыми кеңесте болған барлық ғалымдардан «құпия сақталсын» деген жазбаша тілхат алды.

XI-тарау

Толь Артемос түскі үзілісті өзінің тынығатын бөлмесінде өткізеді. Бұл мезгілде үш сағат өз қалауынша демалады. Өзгелер шамалы мызғып, көз шырымын алса, ол жұмсақ диванға жантайып, кітап оқығанды ұнатады. Интернетке тек түнде шұқшияды. Өйткені, түнде ешкім кедергі жасамайды, алаңсыз отырады.

Осы кезде мұның қасына зертханада ғылыми жұмыспен айналысатын экспериментатор Вилли Мур келді. Келген бойда сұрақтың астына алды. Төсқалтасына қолын салып, темекінің біреуін маңғаздана аузына салып, оттықпен шырт еткізіп тұтатты. Көк түтінді аузы-мұрнынан рахаттана шығарды. Өзі өте көңілді.

– Толь Артемос мырза, мен сізге өте ризамын. Аспай-саспай, үнемі жүйелі, өз жоспарыңызға сәйкес ғылыми жұмыспен айналысасыз. Бәріміз сізді үлгі тұтып, құрметтейміз.

– Ғылыми жұмыспен күн-түн демей, ынты-шынтыммен айналысқанды жаным сүйеді.

– Шынымды айтсам, сіз секілді ғалымдар саусақпен санарлық. Сіздің талантыңызға бас иемін.

– Вилли, асыра мақтап жібердің ғой.

– Жо-жоқ, шын сөзім. Нағыз құрметке лайық жансыз.

– Рахмет.

– Сіз туралы басшылар да жақсы пікірде.

– Солай ма?

– Клаус Моктың өз аузынан естідім.

– Мен өзіме берілген тапсырмаларды уақтылы орындауға тырысамын.

– Керемет ғылыми жұмыстар атқарыпсыз.

– Иә, рас. Ашқан ғылыми жаңалықтарым аз емес.

Толь Артемос пен Вилли Мур өздері ашқан ғылыми жаңалықтарын жер бетіндегілердің білмейтінінен мүлде бейхабар. Олар бір-біріне өткен өмірлері туралы сұрақ қоймайды. Әйтеуір, бәрі жәй ғана қиял емес, шындық екенін ғана түсінеді. Екеуі де ғылыми жұмысты құпия жерасты зертханасында жасап жүргендерін білмейді.

– Сен бүгін көңілдісің ғой, Вилли, – деді Толь Артемос. – Қуанышыңды бөлісе отыр.

– Неге екенін білмеймін, бүгін біртүрлі көңілім көтеріңкі.

– Көңілдің көтеріңкі болғанына не жетсін! – деді Толь Артемос оны қосшап.

– Дүние жүзін су басады дегенге сенесіз бе?

– Өте қиын сұрақ қойдың? Әрине, оған әртүрлі себептер әсер етуі мүмкін. Турасын айтсам, дәл мына уақытта топан су басады деп айта алмаймын. Егер адамзат баласы бірігіп, ғарыштан келетін тосын құбылыстарға бірлесіп қарсы тұрмаса, жер бетін бірте-бірте топан су басуы әбден мүмкін. Жер шарына немесе теңіз-мұхиттарға ғарыштан астероидтар, метеориттер түссе, топан су басу қаупі бар. Вилли, сен менің ашқан ғылыми жаңалықтарыммен таныссаң ғой...

– Таныспын, Толь Артемос мырза. Сіздің қай-таланбас, керемет ғылыми идеяларыңыз біз үшін мақтаныш қой.

– Жер планетасына ғарыштан ұшып келе жатқан астероидтар мен метеориттерді ататын арнаулы қондырғылар арқылы бағытын өзгертіп, шетсіз-шексіз ғарышқа бұруға болады. Әлемнің кейбір ғалымдары жер шарына жақындап келе жатқан астероидтар мен метеориттерді өте жойқын алып лазер сәулесімен немесе арнаулы жарылғыш қойып қопаруға ұсыныс жасап жүргендерін білесің ғой. Бұл тәсілдерді іске асыру қиын.

Негізі бар ғой, Вилли, аурудың алдын алғандай, астероидтар мен метеориттердің жер шарына жақындауының себебін анықтап алған дұрыс. Міне, гәп осында жатыр... Жер шарын миллиардтаған жылдар бойы қоршап тұрған магниттік өрістердің табиғи қалыптасқан тепе-теңдігі бұзылған. Одан құтылудың бірден-бір себептері Жер планетасының үстіңгі қабатындағы магниттік өрістердің тепе-теңдігін жедел, өте жедел түрде қалыпқа келтіруді қолға алу керек. Егер жедел қолға алмаса, не болатынын айтуға аузым бармай отыр, Вилли.

Саған көп рахмет. Табанда маған ғылыми, бұрын ойламаған тың идея айтқыздың. Сені маған Құдай айдап келді. Иә, иә. Бұл идеяны мен әрі қарай жетілдіре түсемін. Әзірше сен Вилли, бұл идея туралы ешкімге тіс жарып айтушы болма. Себебі, мен бұл идеяны зерттей түсуім керек. Жетілдіруім керек. Егер де осылайша жер шарының магниттік өрісі бұзыла түссе, онда әртүрлі апаттар орын алуы мүмкін.

– С-с-сонда жер бетінде не-е болады? – деді Вилли көзі шарасынан шыға жаздап.

– Иә, иә-ә, Вилли, жер шарында жантүршігерлік апаттар болады. Өзің де сезіп отырған шығарсың. Түсіндің бе? Олай деуге дәтім де бармайды.

– Толь Артемос, мен сіздің ғұламалығыңызға басымды иемін, – деп Вилли оны қапсыра құшақтап, көзі жасаурап, қос тізерлеп отыра қалды. Басын жерге тигізіп тағзым етті.

– Ви-л-л-ли, саған не болды сонша? Тұр, тұр-р-р... Ұят болады-ы-ы, – деп Виллиді қос қолдап орнынан тұрғызуға әрекет жасады.

Оның мұндай әрекетіне таң қалды. Бірақ, Вилли орнынан қозғалар емес. Қанша дегенмен жас емес пе, Толь Артемостың жасы ұлғайып қалғандықтан, оны тұрғызуға шамасы келер емес.

– Е-е-е, айналайын Вилли, тұр орныңнан. Мұның не? Не-е-е деймін, а?

– ?!

– Есінен адасқаннан сау ма?

...Кіндік қаны тамған, туған жерде жырақта, жұмбақ жерасты зертханасында жүрсе де бір қызығы екеуі де осынау бір қасиетті ұғымды есінен шығарған... Қожалары екеуінің де санасынан өткен өмірін, махаббат, сүйіспеншілік деген сезімдерді мәңгіге өшіртіп тастаған... Бірақ, соңғы кездері Толь Артемостың санасында адамгершілік, тіптен, адам баласына жаны ашитын мейірімділік қасиеттері ояна бастаған... Ол көп нәрсеге аң-таң болып

қарайтынды шығарды. Кейде басында қалың ой пайда болады. Қалың ойдың шырмауына бір түссе, қайта сергіп шығуы қиынға айналады. Қазір де Виллидің «дүние жүзін топан су баса ма?» деген сұрағына әп-сәтте дәйекті, ғылыми тұрғыдан шынайы, бұрын-соңды анау-мынау ғалымдар айта алмайтын идеяны бірден жайып салуы осының айғағы болса керек.

Толь Артемостың жасы ұлғайған сайын ғылымдағы әлі күнге дейін шешімі табылмаған құпиялар туралы сұрақ қойса болды, көп ойланбастан дәйекті жолын бірден айта салатын көрегендік қасиет пайда болды. Бұл таңқаларлық құбылыс. Бұған ешкім де жөнді жауап таба алған жоқ. Толь Артемосты соңғы кездері әбден тексеруден өтті, сенімге кірді деген уәжбен миына алыстан биоток жіберуді азайтты. Осыған орай Толь Артемос бөтен ойдан біржола ажыратылды. Дегенмен, оның миы тек ғылымға ғана арналды. Миға арнайы даярланған программа өз нәтижесін беруде. Сол себепті де оның осы жолдан тайып кетіп, шатасуына әсте болмайды.

Түсіне де ылғи ғылыми жаңалықтарды ашып жатқаны кіреді. Небір сан алуан беймәлім техникалар... Кейде мұны биге робот қыздар шақырады. Робот қыздар биге шақырған кезде шошып оянады. Сұмдық... мұны қоршап алып кезек-кезек биге шақырып таласқанда, қорқыныштан жан дауысы шығады... «Бұл мүмкін емес! Мүмкін емес!» деп жатқан орнынан қарғып тұрады. Сосын «түсім, түсім екен ғой» деп көңілі орнына түседі. Бірақ,

осындай түстерден кейін қажыған адамдай дел-сал болады. Көздері шарасына сыймай шатынап кетеді. Содан сәл сабырға келіп, қайта қисаяды. Міне, қазір де сол шытырман түстерді есіне қайта алды. Осы бір қызық түсі туралы айтып қала жаздап барып өзін-өзі зорға тоқтатты... Іштей «қажеті жоқ» деп шешті. Көңіл-күйімді түсірмейін деп ойлады.

– Толь Артемос, сізге не болды? Қатты ойла-нып кеттіңіз ғой, – деді манадан бері оны бақылап отырған Вилли. – Қалай десек те сіз нағыз данышпансыз! Иә, иә-ә-ә.

– Тым асыра сілтеп жібердің.

– Рас айтамын...

– Мен жай ғана көптің бірімін ғой. Мен секілді ғалымдар жер бетінде жетіп-артылады...

– Олар бір төбе, сіз бір төбесіз.

– Вилли, рахмет. Мені аспандатып жібердің ғой.

– Толь Артемос, мен ешқашан айтқанымнан қайтпаймын. Сіз сияқты ғалымдар дүние жүзінде саусақпен санарлық. Ұлы ғалымдар өздерін мақтағанды жақсы көреді ғой...

– Вилли, мені жай ғана құрметтесең де жетеді.

– Мен айтқан сөзімнен қайтпаймын.

– Шынымды айтсам, мені құрметтегеніңе көп рахмет, – деді Толь Артемос күлімдеп.

– Осының өзі ұлылықтың белгісі ғой.

– Қысқасы, Вилли, сенің жақсы пікірлеріңе алғыстан өзге айтарым жоқ. Ниетіңе тағы да рахмет.

– Құрметті Толь Артемос, артық кетсем

кешірім сұраймын, – деп екінші рет құшақтап арқасынан қолымен сипады.

– Жарайды, – деп Толь Артемос Вилдің құшағынан босап, оның басын сипады. – Түскі үзіліс аяқталды, енді өз жұмыс орнымызға барайық. Кеттік, кеттік, – деді байыппен. Вилли оның қолын алып, бөлмеден шықты.

– Толь Артемостың магниттік өрістер туралы ғылыми жаңалығы зертханаларда толық зерттеліп, анықталды. Біз жаңалықты Жер планетасының қалаған бөлігінде іске асыруды жедел қолға аламыз. Магниттік жаңа қаруларды кең көлемде қолданамыз. Өздеріңіз білесіздер, бұған дейін де жердің әр бөліктерінде іске асырдық. Нәтижесі өте оңды. Жердегі ғалымдар табиғат құбылысы деп қабылдап жатыр. Қысқасы, жаңа климаттық қаруға қажетті қаржы бөлінді, – деді Клаус Мок отырғандарға көз тіге отырып.

– Клаус Мок, бұл климаттық қаруды қолдануға біздегі қондырғылар дайын. Жер бетінің ең биік тауларына климаттық қаруды қолданатын электронды аппараттар көптеп орнатылған, – деді экспериментатор Вилли нық сеніммен.

– Өте жақсы... «Алтылықтардың» тапсырмасына сәйкес жаңа климаттық қарудың келешегі зор. Жер шарында атом, сутегі, химиялық, бактерологиялық қаруларды қолданып, оның зардабын жоюды қиындатқаннан гөрі, топан су бастырып немесе мемлекеттерді қалаларымен түгел аспанға ұшырған әлдеқайда тиімді... Осы іс қолдарыңнан келе ме?

– Әрине, әрине. Жер бетіне әлі де аппараттар санын көбейту керек. Тағы да көптеген электронды аппараттарды жасақтап, орнату керек. Қалалар үстіндегі магниттік өрістердің тепе-теңдігін бұзып, бұрын-соңды болмаған апаттар туғызуымыз қажет. Тепе-теңдік бұзылған сол бөлікте өте күшті апаттар пайда болады...

Электронды аппараттардың бесеуі оң, бесеуі теріс магниттік өрістер туғызады. Міне, осы жағдайда магниттік тепе-теңдік күрт бұзылып, апатты өте күшті құйын жолындағысының бәрінің апшысын қуырып, жермен-жексен етіп жұтып, қасқағым сәтте жоқ етеді... Өрістерді жасанды тәсілдермен туғызу, оның күшін, уақытын біз өзіміздегі арнаулы басқару пультінен басқарып отырамыз. Егер де тепе-теңдікті екі сағатқа ұстап отырсақ, не болатынын білесіз бе?

– Ж-жо-жоқ...

– Жасанды тәсілмен жасалған климаттық қару тіптен жерді де ойып, алып шұңқырға айналдырады... Қысқасы, неғұрлым көп ұстасақ, соғұрлым алдындағының бәрін сора береді...

– Бұл өте қауіптілеу екен. Сол үшін климаттық қарудың ғарыштан жұмыс істеу уақытын көбейту қажет, – деді Клаус Мок.

– Әрине, мен жалпы түсінікті болу үшін сізге мәлімет ретінде айтып отырмын... Өзіңіз білесіз ғой, біздер жасанды тәсілмен теңіз бетіндегі кейбір кемелерді де сорып алдық қой...

– Айтпақшы, сол кемелер қайда кетті, ғарышқа ма? Жоқ, әлде, басқа теңізге ұшып кетті ме? – деді Клаус Мок таң қалып.

– Клаус Мок, сізге жаңа айттым ғой. Магниттік өрістердің тепе-теңдігін жасанды жолмен көбірек ұстасақ, кеме немесе қала болсын, басқа ғарышқа ұнтақталып ұшып кетеді... Кей жағдайларда біздің ұшырған кемелер теңіздің басқа бір бөлігінен де шықты ғой. Бірақ, бір қызығы, кемеңіздің команда мүшелері естерінен айрылып, аспанға ұшқандарын мүлде білмейді. Бізге де ең керегі осы болып тұр...

Жер шарында ешкім біздің магниттік тепе-теңдіктерді бұзып, жаңа климаттық қару жасап жүргенімізді ешқашан да білмейді. Бұл табиғаттың жұмбақ, беймәлім құбылысы деп жатыр...

– Вилли, сен өте жақсы айттың. Алдағы кезеңде осындай ауқымды климаттық қаруды қолданар алдында күдік, күмән болмау үшін алдағы бір жылы жер бетінде ақырзаман болады деп жалған сәуегейлік жасаған болатынбыз. Нәтижеде, ештеңе де болған жоқ қой. Көп жыл бойғы ізденген ғылыми еңбектеріміз өз нәтижесін беруде. Шын мәнінде магниттік өрістерді әлі де зерттей түсуіміз қажет. Осынау ғылыми жаңалықтардың тағы да қандай кереметтері бар? Енді зерттеу жұмыстары тоқтамай, күн-түн демей, жалғаса түссін. Магниттік өрістердің әлі де ішкі қырлары ашылмаған ғылыми құпияларын аша түсіңіздер.

Осынау саланы зерттей түсу неге қажет деп ойлайсың? Себебі, ғылым бір орнында тұрмайды. Үнемі жетіліп, жаңаланып тұрады. Жаңалық ашу үшін зерттей түсу қажет. Үсті-үстіне зерттей беру керек, зерттей беру керек, – деді Клаус Мок.

– Түсінікті. Дұрыс айтасыз. Мен де солай ой-

лаймын. Келесі жаңалықты ашу үшін талап, уақыт қажет. Уақыт-т-т... Зертханалардағы ғалымдар күн-түн демей ізденуде. Әсіресе, талантты ғалым Толь Артемосты ерекше атап өтер едім. Оның дарынына, талантына бас иемін. Қысқасы, өзгешелеу, ерекше тұлға. Мен онымен кездесіп, сөйлескен сайын дарынына таң қаламын. Вундеркинд, – деді Вилл таңданысын жасыра алмай.

Ол Толь Артемосты қатты құрметтейді. Ерекше талантына бас иеді. Сол себептен ғана аузына құм құйылды. Екеуара болған магниттік өріс туралы жаңа ғылыми идеяны құпия күйінде қалдырды. Уақыты келгенде Толь Артемостың өзі баяндап берер деп ойлады. Қалайда өтінішін орындадым. Уәдемде тұрдым.

– Кешіріңіз, Клаус Мок мырза. Мен шын ниетіммен жауап бердім, – деді Вилли жас балаша қуанып.

– Иә, Вилли, сен айтқандай Толь Артемос өте дарынды ғалым. Оның ашқан жаңалықтарына дән ризамыз. Ғылыми жұмыстарымен алаңсыз айналыса берсін.

– Клаус Мок мырза! Қандай тапсырма бар?

– Тапсырманы осы қарқынмен жалғастыра түс, негізі, сен айтқандай климаттық қаруды іске асыру кезінде алдын-ала «ақырзаман» болады деген жалған хабар тарату қажет дегенің өте табылған әдіс деп ойлаймын. Қысқасы, біздің бұл дүниеде бар екенімізді, жаңа климаттық қаруды іске асырып жатқанымызды тірі жан білмеуі тиіс!

– Солай еткеніміз дұрыс.

– Қосымша тапсырма беріледі.

– Біз дайынбыз.

– Менің арнайы шақыруға орай кездесетін уақытым таяп қалды, – деп Клаус Мок кетуге ыңғайланды. Орнынан тұрып, сыртқа беттеді.

– Солай деңіз. Әрине, түсінеміз ғой.

– Жарайды... Қарқын бәсеңдемесін.

– Уайымдамаңыз. Бәрі ойдағыдай болады...

– Вилли, – деді шеф, – тек алға! Алға-а-а...

– Иә, иә. Сізге асығу керек, – деп Вилли оның қуанышты жүзіне жалынышты кейіппен қарады.

Клаус Мок «алтылықтармен» кездесу өтетін бөлмеге эп-сәтте жетті. Бұл жолғы бөлмеде қабырға деген атымен жоқ. Оның орнына алуан-алуан неше түрлі аппараттар орнатылған. Құпия кездесу осында өтетін болды. Шешім солай екен... Анда-санда кенеттен бөлме ішіндегі аппараттар ызыңдап қояды. Клаус Мок бөлмеге кіргенде әзірге мұнда өзінен өзге тірі пенде жоқ екеніне көзі жетті. Ол өзін біртүрлі ыңғайсыз сезініп, сезіктене қарады... Бірақ көзіне қауіптенетіндей ештеңе байқалмады. Бір кезде бөлмеге ұзын бойлы, түр-әлпеті жүдеулеу, көзілдірік таққан экспериментатор Брюс кірді. Келген бойда бірден:

– Клаус Мок мырза, қош келдіңіз! – деп оны жайлы үлкен креслоға отырғызды. Брюс алдындағы пультаң көк кнопкасын басып қалып еді, қабырға сырғып көзден ғайып болды.

– Жалпы, ғылыми жұмыстарыңның барысы жа-

ман емес. Бізге нәтижелері туралы толық мәліметтер келді, – деді алдында отырған «алтылықтың» біреуі.

– Иә, иә!

– Сонымен біздің шешім мынадай. Жаңа климаттық қаруды сынау қатаң, құпия түрде жалғасын!

– Нәтиже өте жақсы, – деді қуанып кеткен Клаус Мок отырғандарға қарай ұмсына түсіп.

– Климаттық қаруды қолдану аумағы көбейтілсін... Қолдану қуаты екі-үш есеге дейін жоғарылатылсын. Ғалымдармен жұмыс қатаң түрде жүргізілсін.

– Жарайды-ы-ы.

– Мұның бәрі бұрыннан өзің білетіндей бұйрық.

– Құп болады-ы-ы. Ешқандай қам жеменіздер, бәрі де ойдағыдай болады, – деді нық сеніммен Клаус Мок.

– Бұл біздің көптен бері күткен арманымыз. Қысқасы, күн санап, Жер планетасының әр жерінде үрей туғызатын ақылға сыймайтын сойқандарды жасай түсеміз. Жасай түсеміз-з-з.

– Солай болып жатыр. Жер шарының әр түкпірінде таңқаларлық тәжірибелер атқарылды. Өздеріңіз білесіздер, күні бүгінге дейін жер бетіндегі кейбір ғалымдар біздің климаттық қару табиғаттың тосын құбылыстары деп жүр. Жақын арада мұның сырын аша алмайды. Тап-пай-ды-ы-ы... Қазір дүние дүр сілкінуде. Жер бетін үрей жайлаған. Сіздерді мақтаныш тұтамын. Көп жылғы ғылыми жұмыстар-

дың нәтижесі... Зертханалардағы ғалымдар кемелдену шағында. Қуанарлық жағдай... Ғалымдарға ерекше көңіл аударудамын. Алаңсыз жұмыс істеулеріне барлық жағдай жасалған... Тағы да сұрақ бар ма? – деп жағалай қарады. Бұл жолы ешкім үндеген жоқ.

– Әзірге бәрі түсінікті ғой, – деген қатқыл дауыс естілді отырғандардан...

Отырғандар езгілеп көп сұрақ қойғанды жөн санамады. Араларынан тек біреуі ғана сұрақ қойып отырды. Жапатармағай жамырамайды. Тәртіптері сондай... Осы отырған алтауының ішінен біреуі ғана суырылып шығып, сұрақтарды қарша боратуында да бір мән бар... Өздерінің ішкі заңдары солай. Бәлкім, бұл дұрыс та шығар. Алтауы алты жақтан сұрақ қойса мәдениеттілікке жатпайды ғой.

Клаус Мок өздеріне тән осындай қасиеттерін о бастан біледі. Сол үшін де өзгеше сыйлайды. Адам санасына сәуле түсіретін ерекше әсер.

– Енді біздің берілген қатаң тапсырмаға сәйкес бекітілген уақыттарда «климаттық қаруды» қатаң түрде қолдану іске асырылсын! Асырыла берсін... Көңілге қонымды нақты тапсырма. Жерліктер табиғаттың жұмбақ күш-күдіретінен үрейлене берсін... Біз өмір сүріп отырған ортада әлі шешімін таппаған күрделі мәселелер жетерлік. Қысқасы, үрей туғызып, қорқытудың өзі өте қажет... Жер шарының мына бөліктерінде барлық климаттық қарулардың күдіреттерін қолданындар, – деп қағазға жазылған бірнеше парақ тізімді берді. Бәрі кезек-кезегімен мұқият тексеріліп жазылған. Әлемнің әр бөлігі түгел қамтылған. Тағы да қайталаймын, бәрі-бәрі аса

құпия түрде сақталсын! Иә, бұл жұмыстар жердегі бақылау қызметтері орындарының назарынан тыс атқарылу жағы қолға алынсын. Біздің мақсатымыз – өмір сүріп отырған органы дүрліктіріп, қызықтарына қарап рахаттану. Бізге одан өзге ештеңе қажет емес...

XII-тарау

– Заңғар, Заңғар, расында да мынауың керемет екен.

– Жер шарының әр жерінде адам ақылына сыймайтын, бұрын-соңды адамзат баласы кездестірмеген, тіптен болады деп ойламаған апаттар көбейіп барады. Бірінен соң бірі. Мұны қалай түсінеміз?..

– Сапар, мен бұл күрделі мәселе жөнінде бірнеше рет өзімнің ғылыми, нақты идеяларымды баяндаған едім. Жердің табиғи магниттік өрісі жөнінде әлем ғалымдары зерттеу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп келеді. Негізі бар ғой, магниттік өрістер оң және сол полюсті болады. Сол екі полюс бір мезгілде түйісетін бөліктер өте көп. Осы бөліктердің кездесетін жерлерінде әртүрлі апаттар болады. Бір қызығы, осы түйісу кезінде магниттік өрістердің күші өте қатты болса, онда апаттар да алапат болады. Ал, егер де аталған өріс жер бетінен жоғарыда түйіссе, апаттар күші әлсіздеу болады. Екі теріс зарядты өрістерге үшінші магниттік өріс қосылса, бұл кезеңде де өріс күші керісінше, күшті апаттардың болуына әсер етеді.

Жалпы, жер бетіндегі магниттік өрістер планетаның өз осінен айналу бағытымен қозғалып отырады. Ғасырлар бойы қалыптасқан қозғалыс... Апаттардың күшті болуының бір сыры магниттік өрістер жер бетіне неғұрлым жақын бөліктерде бол-

са, тепе-теңдік бұзылса, соғұрлым жойқын апаттар туғызады. Бірақ, күшті апаттар тууына мұның да кей кездері әсері болмай қалады. Бір-бірімен өзара қақтығысқан магниттік толқындардың бір бөлігінің күші басым жағдайда да орасан апаттар болып тұрады.

Мен Жер планетасы бетіндегі тепе-теңдік бұзылатын магниттік өрістер бөліктерін бес жыл бұрын анықтайтын арнаулы аппарат ойлап таптым. Аталған бөлікке алдын ала магниттік өрістерді бір-бірімен түйістірмеу үшін өрістерді ғарышқа қарай бағыттап, бейтараптандыратын арнайы жасалған құрылғылар жасадым. Құрылғылар өздігінен ғарыш кемелері көмегімен жоғары көтеріліп, биіктен өрістерді ғарышқа қарай бағыттап, Жер планетасында болатын апаттарды мүлде болдырмай қояды. Қысқасы, арнайы ғарыштық станция құрастырылады да оның үстіне өрістерді бейтарап күйге түсіретін арнайы автоматтандырылған бірнеше құрылғылар орнатылады. Магниттік өрістердің қуатына сәйкес бейтараптандырылған арнаулы станция саны да бірнешеу етіп жасалады...

Мұндағы ең үлкен жоғарыда аталған станция Жер планетасына ғарыштан келе жатқан алуан формадағы, аумақтары әртүрлі үлкен, кіші астероидтарды, метеориттерді жерге жақындатпай, бағыттарын басқа ғарыш әлеміне бұру тәсілін іске асыру үшін өте үлкен ғылыми станция жасалады. Станция кәдімгі үлкен ғылыми орталық іспеттес болып, ғасырлар бойы жердің сақшысы секілді кезекшілік атқарып, ұшып жүреді. Аталған ғарыштық ғылыми

станцияда ғалым астроновтар өмір сүріп, Жер планетасын тосын астероидтар мен метеориттерден сақтау үшін қатаң ғылыми негізге сүйенген құтқару жұмыстарын іске асырып отырады. Станция шектен тыс магниттік өрістерді бірнеше жылдар, тіпті, ғасырлар бойы жерге жақындатпай, ғарышқа қарай ұшырып жібереді.

– Иә, иә, Заңғар. Мұныңыз адам сенгісіз ғылыми болжам секілді емес пе?.. – деді Сапар аса таң қалғанын жасырмай.

– Ғылымнан хабары жоқтар сенімсіздік танытатыны рас. Дегенмен, мұның бәрін мен зертханада толық сынап, дәлелдеп шықтым. Айтқандарым түгел ғылыми негізге құрылған. Бұл туралы арнайы ғылыми тұрғыдан дәлелдеп жаздым. Сонымен қоса, менің зерттеулеріме орай әдейі қасақана, арам пиғылды топтар пайда болғанын байқап жүрмін... Осы топтар да магниттік өрістердің жойқын күштерін адам баласына қарсы әртүрлі жасанды тәсілдермен апаттар жасауды қолға алып жүргендерін біліп жүрмін. Магниттік өрістерді керісінше, жойқын апаттар жасауға пайдалану өте қауіпті. Тепе-теңдікті жасанды жолмен бұзу адамзат баласына бағынбайтын апаттар әкеледі. Жер бетіндегі табиғи қалыпты магниттік өрістер күшін апаттар жасау үшін пайдалану адамзат алдында да, Құдай алдында да мәңгілік кешірілмес күнә...

Жер шары соңғы кезеңдерде көптеген табиғи апаттарға душар болуда. Осының бір сыры, әлі күнге дейін жер шарына басқа түпсіз, шексіз космос кеңістігінен өзімізге түрлі астероидтар мен мете-

ориттерді, кометаларды қатты тартатын магниттік қасиетке айналып жүргенін біле бермейміз. Байқаған боларсың, бұл кезек күттірмейтін күрделі мәселе. Келешекте адамзат тағдыры қандай болмақ? Осыны ойласам болды, жаным түршігеді...

Осы сәт Заңғардың жүрегі дүрсілдеп кетті...

Жалпы, баяндаған ғылыми дәйекті жаңалықтарымды әлі де болса зерттей түсудемін. Бұл бір күннің немесе бір жылдың мәселесі емес. Өте ауқымды, әлі де зерттей түсетін ғылыми мәселе. Кей кезде бар ғой, ғылымның осы саласымен айналысқаным үшін өзімді бақытты санаймын. Жер шарының магниттік өрістерінің құпияларын зерттеу қазіргі таңдағы кезек күттірмейтін күрделі саланың бірі. Дегенмен, мен әлі де болса магниттік өрістердің құпиясын зерттей түсуім қажет. Бұл өте керемет, қызық, жұмбақ, тылсым дүние... Ке-ре-мет, керемет-т-т... Кейде өзіме-өзім таң қаламын. Өйткені, әлі күнге дейін адамзат баласы терең мән беріп, көңіл бөлмеген, көзге көрінбейтін жұмбақ болып келе жатқан магниттік өрістерді зерттеп жүргеніме риза боламын. Алдыма қойған үлкен ғылыми арманым – жер шарындағы магниттік өрістердің бұзылуын сақтап, апаттарды бұғаулап, тоқтату...

– Рахмет, Заңғар. Керемет, керемет идея, – деді Сапар таңдана түсіп.

– Әр жолы ғалыми идеяларымды айтқан сайын ойым дами түседі. Негізі ойды ой қозғайды ғой...

– Сөз жоқ, солай екені рас, – деді Сапар Заңғардың айтқанын қолдап.

– Иә, иә, бұл күндері менің шабытыма шабыт қосылып келеді.

– Ғылыми ойынды дамыта бер.

– Жаңа ғылыми идеяларды қағазға түсіріп, Қазақ Ұлттық Ғылым Академиясына жолдаған болатынмын...

– Идеяларыңның іске аса беруіне тілектеспін!

– Идеяларым қолдануға келісілді. Қолдауға ие болды...

– Өте тамаша. Құтты болсын! – деді Сапар қуанып.

– Рахмет, Сапар! – деп Заңғар маңдайын бір сипап қойды.

– Аңсаған армандарың жүзеге аса берсін!

– Айтпақшы, Сапар, қазір табанда бір ғылыми идея басыма сап ете қалды.

– Айта бер, тыңдауға әзірмін. Кідірме, кідірме.

– Жер бетіндегі магниттік өрістердің тепе-теңдігін сақтауды іске асыру ғарыштық кеңістіктен өте тиімді. Ал, егер аппараттар Жер планетасы орбитасы үстінде болса, мысалға, тау беттерінде немесе жер астында орнатылған арнаулы құрылғылар көмегімен іске асыру өз нәтижесін бермейді. Бүгінгі кезеңде жерде көптеген жасырын орнатылған магниттік өрістердің тепе-теңдігін әдейі бұзып, өз мақсаттарына пайдаланатын «арам пиғылдылар» көбейіп келеді...

Мұндай қауіпті әрекеттер көбейе түссе, тепе-теңдік мүлдем бұзылып, табиғатта орны толмас, қайта қалпына келмейтін адам айтқысыз апаттар пайда болады. Мұның арты неге апарып соғатынын айтудың өзі қорқынышты...

Жалпы, Сапар, өзің де шет жағасын түсініп отырған боларсың, егер арам пиғылдылар бұл әре-

кеттерін тоқтатпаса бар ғой, оны да тоқтату жолдарын ойластырамын. Ешқашан да, ешуақытта да ғылымның тамаша идеяларын адамзат ұрпағына үрей туғызып қорқытуға, тіптен, жасанды апаттар жасап, Жер планетасына табиғатта жоқ қорқынышты, үрейлерді жасауға жол беруге болмайды...

Бірақ, олардың өз көздегендері, өз ойлағандары бар. Бәрі-бәрі қасақана жасалған арам пиғылды әрекеттер. Әлем кеңістігінің әр түкпірінде сан алуан арам пиғылды қаскөйлер бұл ғасырда жетіп-артылады. Өз қателеріне мән бермейді. Оған бас қатырғысы да келмейді. Өздерінікін жөн санайды.

– Профессор, менің танданысымда шек жоқ. Бұл адамзат болашағына қауіп төнді деген сөз ғой. Бұл да кәдімгі соғыстың бір түрі ғой. Соғыс, соғыс, тағы да сол со-ғ-ы-с... Адамзат бір-біріне соғыс ашқанды қашан тоқтатады? Соның кесірінен адам баласы жер шарына сыйыспай, пәтуаға келмей кетеді ме деген қауіп маған да маза бермейді, – деп Сапар ұнжырғасы түсіп, реңі өзгеріп кетті...

– Құрметті Сапар! Мұныңыз тым орынсыз тұжырым. Әлем тағдыры келешекте соғыссыз, мәмілелі, бейбіт жолмен шешілетініне сенемін. Қалай десек те жер шарында бейбітшілік орнатып, бақытты өмір сүруге атсалысатын адал ойлы жандар көптеп табылады, – деді профессор Заңғар көтеріңкі көңіл-күймен масаттана түсіп.

– Тамаша! Айтқаныңыз келсін. Бұл ойыңызға қосыламын.

...Әне-міне дегенше арада он жыл өтті. ...Алып «Қазақ елі» атты ғылыми-зерттеу ғарыш станциясының басқару рубкасы. Рубка ішінде ғарыштың ғылыми-зерттеу станциясын басқаруға қажетті барлық жағдай жасалған. Алуан-алуан аппараттар, өшіп-жанып тұрған оймақтай-оймақтай ғана әртүрлі лампалар. Станцияның жүрек соғысын білдіретін автоматтандырылған бақылау пульттері. Оң және сол қапталдарына электромагниттік өрістердің қуатын өлшейтін, оның өзара түйісу нүктесін дәл анықтап, тепе-теңдікті бұзатын шектен тыс зиянды деген магниттік өрістерді басқа жаққа бейтараптандыратын арнайы жасалған қондырғылар...

Ғарыштық алып ғылыми-зерттеу станция аумағы өте үлкен. Атшаптырым десе де болатындай. Жер планетасы орбитасы аумағына көтеріліп, бірте-бірте ғарыштағы алып станцияға айналғанына бес жылдың жүзі болды. Қажетті қондырғылар айлап, жылдап жерден ұшырылып, жер орбитасындағы жасанды ғылыми-зерттеу орталығындағы станцияға апаттардан құтқару құрылғылары толық орнатылды. Қосымша «Қорғаушы» ғарыш кемесі де ұшырылды.

Алып ғылыми-зерттеу станциясы астындағы Жер планетасы көгілдір тартып, түрленіп, бұлт жамылғысына оранып жатыр... Жоғары жағы көгілдір, шетсіз-шексіз тұңғиық аспан... Енді бір сәтте алып станция жалт-жұлт еткен теңіз үстімен, артынша ит тұмсығы батпайтын ну орман, тундра, аспан-

мен тілдескен зәулім үйлер үстімен айнала өтуде. Керемет бір ғажайып, қайталанбас, бір сәттік жұмбақ көрініс. Станция ішіндегі экран жер бетінің қай бөлігінде ұшып жүрсе де сол аумақты айна-қатесіз көрсете қояды.

Заңғар – бүгінде атақты профессор. Жасы қырыққа келген, ұзын бойлы, ат жақты, шашы бурыл тартқан, аты әлемге мәшһүр, қазақтың бетке ұстар талантты ғалымы.

Профессор терең ойға шомған... Адам баласының ойына кіріп-шықпайтын ғылыми идеяларын орындауды іске асыруға өзі кіріскен. Аракідік арнаулы автоматты электронды алып дүрбі арқылы төмендегі жер шарына көз салып қояды. Енді бірде Жер планетасы бірте-бірте қашықтай түседі. Мұндай сәттерде Жер-ана ыстық болып көрінеді. Ғылыми станция жер шары бетінде автоматты түрде өз траекториясынан ауытқымай, бірқалыпты ұшып жүр. Заңғардың көңілі орнына түскендей. Оған үлкен сенім жүктелді. Бәрі, бәрі сенім артты...

Осы бөліктегі шектен тыс магниттік өрістер өзара қиылысып, жойқын күшке ұласып, адам ақылына сыймайтын апаттар туғызады. Магниттік өрістер тепе-теңдігін бұзатын бөліктердегі өзара қиылысу нүктелерін алдын-ала анықтап, зерттеп, бейтараптандырылады. Артық магниттік өрістерді ғарышқа қарай бұрып жібереді. Нәтижеде, жер бетінде болатын апаттар біржола тоқтайды. Басымдыққа ие болатын оң немесе теріс магниттік өрістегі зарядтар өзара түйісіп, кездесіп, соқтығысатын аумақ бес жыл алдын ғарыштан профессор Заңғар

ойлап тапқан өте сезімтал аппарат арқылы анықталады...

Профессор Заңғардың қайтадан терең ойға батып, белін жазбастан отырғанына біраз уақыт болды. Алдындағы жазбаларына шұқшия үнілген ол терең бір күрсініп алды. Алайда, қанша дегенмен оның іске асырамын деген асыл арманы қашан және қалай орындалатыны мазалай түседі. Тиісті орындарды өз идеясына бірнеше жыл бойы сендіріп, бәрін дүрліктірген ғылыми идеясы өзін іс жүзінде қалай көрсетеді? Енді жақын күндерде оның басшылығымен өтетін сақшы ғарыштық ғылыми-зерттеу станция үлкен сынақтан өткелі тұр...

...Бұрынғыдай емес кенеттен климаттық қару қолданатын жер шарының әр бөлігіндегі аппараттар бірінің артынан бірі істен шыға бастады... Магниттік өрістер бірқалыпты тең деңгейге түсті... Түсініксіз жәйт...

...Бұған кінәлі кім екенін тірі пенде әзірге біле алмады. Кінәні кімге артарын білмей бастары қатты... Бұл орыстардың немесе жапондардың әрекеті деп сандырақ айтқандар да көбейді. ...Әрине, бұған сенбеудің өзі қиын. Алайда, солай болуда...



XIII-тарау

...Жер шарының ең биік деген тау шыңына орнатылған алып қондырғының магниттік өрістерді қосымша тарататын, сөйтіп, қалыпты өрісті бұзып, апат туғызатын қуаты жетпей істен шығып қалды. Бұған дейін бірнеше жыл бойы қалыпты жұмыс істеп тұрған алып аппараттарға не болғанын жасырын зертханадағы қасқабас ғалымдар да дөп басып ештеңе айта алмай дал болып жатты...

Жасырын жерасты зертханасы ғалымдарының басына табан астында қара бұлт төнді... Күні бүгінге дейін бірнеше рет арнайы тексеруден өткен жер бетінің әр түкпірінен жеткізілген атақты ғалымдар жеке-жеке қатаң тергеуге де алына бастады... Қайғылы трагедия басталды...

Жер шарының әр бөліктері мен таулы жерлерін түп-түгел есептеп, үшбұрыштарға бөліп, сол аумақтарда қажет деген мезгілде күшті жасанды тәсілмен магниттік өрістер жіберіп, тепе-теңдікті бұзып, әртүрлі ақылға қонымсыз апаттар жасайтын «күпия басқарушылар» аң-таң. Бұл тосын оқиғаға орай бәрі тайлы-тұяқтарымен аяқтарынан тік тұрды. Қалай болса солай, теңіздерге емес, тіптен құрлықтарға да жасанды тәсілмен Бермуд үшбұрыштарын жасап, кішігірім арал бетін тұрғындарымен қоса ізім-қайым жоқ етті. Сонымен бірге теңіздің әр жеріне де жасанды тәсілмен Бермуд үшбұрышы

жасалды. Кординаттары берілген аумақтар осындай апаттарға әп-сәтте тап болатын. Кейбір жерлерде авомашиналар тіптен адамдарымен қоса ұшты-күйлі ғайып болып жатты. Таңғажайып құбылыстар туралы нақты, дәлірек ештеңе айтылмады. Бәрі табиғаттың тосын әрекеті деген тұжырым ғана айтылды. Дәлірек айтқанда, осы құбылыс терең зерттелмей, қалыс қала берді...

Клаус Моктың басына қара бұлт төнген. Бет-әлпеті адам шошырлық болып, түтігіп кетіпті. Екі көзі қанталап, пұшайман халге түскен. Әзірге ол түсініп болмайтын құбылыстан басы қатып отыр...

– Толь Артемос, мені дұрыстап тыңда. Біз үшін нағыз азапты күндер басталды.

– Құрметті Клаус Мок... Сабыр сақтаңыз...

– Қайдағы са-бы-р-р? Сабыр сақтаңыз дегенің не?

– Ғылым жолындағы жұмбақтар бірден шешіле салмайды. Иә, иә, бәрін анықтау үшін уақыт керек.

– Жаным шығып, көзім қанға толып отыр-р-р.

– Мен бәрін анықтаймын-н-н. Тез зерттеймін.

– Тез қалыпқа келтірмесең, мен жынданып кетермін, сірә... Қысқасы, бір апта уақыт бе-ре-мін-н-н. Егер де орындамасаң, өз обалың өзіңе-е-е.

– Клаус Мок мырза, тым қаттырақ кеттіңіз...

– Қаттырақ деймісің... Олай емес... Мен сені өзгелерден ерекше сыйлағандықтан сәл де болса құрмет көрсетіп отырмын. Менің соңғы сенімімді ақта-а-а...

– Құрметіңізге рахмет. «Сыйға сый» дегендей, мен де сізді ерекше құрметтеймін. Сіз мен үшін өте

сыйлы адамсыз. Мен барлық тәжірибемді салып, бәрін қалыпқа келтіруге уәде беремін...

– Толь Артемос, не болды деп ойлайсыз?

– Клаус Мок мырза, менің ойымша, жер бетіндегі миллиондаған ғасырлар бойы жер шарын қоршап, айналып тұрған магниттік өрістердегі біздер есептеп шығарған қиылысу нүктелері ауысқан секілді. Бұл жер бетіндегі қиылысу нүктелерін қайтадан есептеу керек деген сөз...

Сіз менің осы сөзімді дұрыстап түсініп алыңыз. Тағы да қайталап айтамын, жер бетіндегі магниттік өрістер өз бетінше айналып жатыр. Оны тоқтату мүмкін емес. Егер де аталған өрістердің қиылысу нүктелері қатесіз есептеліп табылса, онымен қоса біз ойлап тапқан алып аппараттық құрылғылар сол түйісу нүктесінде қажет кезеңде жерден қосымша өрістер жіберіп, біз атқылаған өріс табиғи өрісті бір сәтке бұзса, яғни ауытқу туғызса ғана сол жер бөлігінде, сол құрлықта, не теңіз бетінде болса белгіленген бөлікте, өрістер күшіне орай апаттар пайда болады. Иә, Клаус Мок мырза, бұған біз кінәлі емеспіз. Түсінген боларсыз, – деп Толь Артемос сөзін байыппен жалғап кетті.

– Негізі магниттік өрістердің ауытқып отыруына жер бетіндегі көптеген кедергілер әсер етеді. Атом бомбаларын шектен тыс сынау, соғыс болған жерлердегі әртүрлі қауіпті жарылыстар, ғарышқа шектен тыс зымырандардың ұшырылуы, жер орбитасындағы әртүрлі мемлекеттердің ұшырылу мерзімі біткен зымыран қалдықтары орбитада өз беттерінше айналып ұшып жүруі, сонымен бірге

шектен тыс орынсыз жарылған жанартаулар әсер етеді.

– Шынымды айтсам бар ғой, Толь Артемос, сөзіңізге сенуге болады. Дегенмен, бұған дейін жұмыс істеп тұрған біздің аппараттар сіз айтқан мерзімде іске қосылса, бәрі-бәрі қалыпқа түсетініне сенуге бола ма? Жо-жок, әйтеуір бос әурешілік болса, бәріміз құримыз... Бос сандырақ емес пе?

– Клаус Мок мырза, ешқандай қам жеменіз.

– Не сенерімді, не сенбесімді білмей отырмын.

– Иә, иә-ә-ә. Сізді де жақсы түсінемін.

– Әйткенмен, өте күрделі мәселе ғой.

– Бәрін де анықтаймыз.

– Бүкіл лаборатория ғалымдарын аяқтарынан тік тұрғызамын.

– Клаус Мок мырза, мен өз сөзіме жауап беремін.

– Қожайындар тағатсыздана күтіп қалды.

– Түсінемін, түсінемін.

– Толь Артемос, кожайындар өте ашулы. Қалайда тапсырма орындалсын!

– Әрине, әрине.

– Адам сенгісіз жұмбақ қой бұл өзі а-а-а.

– Мен де өте таң қалып отырмын.

– Әлемде жоқ теңдессіз климаттық соғыс туғызатын аппараттарға не болды?

– Оның себептері көп қой...

– Толь Артемос, осы жолы, осы жолы бар ғой, бәрін бұрынғы қалпына келтірмесек құрыдық...

– Уайымдамаңыз-з-з.

– Бәріміз түп-түгел құримыз.

– Иә, иә, әлемді бір дүрліктірдік емес пе? Атлант, Тынық, Үнді мұхит аралдарында күні бүгінге дейін не болғанына ешкім сенер емес. Ендігі кезекте құрлықтардың тас-талқанын шығаруға болатын еді ғой. Еуропа, Азия, Африка, Америкаға да кезек келіп қалған еді. Осы жөнінде де бір сәтке ойланып көріңізші, – деді Толь Артемос оның сәл де болса көңілін бір сергіткісі келгендей болып, үрейін сейілткендей сыңай танытып. Екеуі бұрыннан бір-біріне сенім артып жүргендіктен ғана Толь Артемос бұл жолы батыл сөйлеп кетті. Оның мұндай батыл, шешіліп сөйлегеніне таң қалған Клаус Мок:

– Рас айтасың. Біздің ендігі жоспарымыз солай болатын, – деді Толь Артемостың мінез-құлқындағы өзгерістерге таң қалып. Даусы да жуандағандай секілді. Бірақ мынаның не кінәсі бар деп ойлады. Бұл бар болғаны жерасты жабық зертханадан бір қадым аттап сыртқа шыққан емес. Ол өз көзімен осы кезең ішінде болған бірнеше қырғын катастрофаны да көрген емес. Өзінің ашқан ғылыми жаңалықтарының жер бетінде неше түрлі кішігірім сойқандар жасап, қаншама кемелерді адамдарымен, аралдарды да жер бетінен із-түссіз ғайып еткендерін біле ме екен? Егер бар шындықты білсе, не болар еді? Негізгі жоспарларымыздың күлі көкке ұшты...

– Ойланып, зерттей түсуіміз қажет. Жер шарының әр түкпірінде орнатылған құпия, жасырын аппараттардың мұқият тексерілуін жедел қолға

алайық. Әдейі қастандық жасамақ болғандар аппараттарды істен шығаруы да мүмкін. Сонымен қоса, климаттық қаруларды қолданатын жерлерді де ауыстыру керек шығар... Әлде, әлде-е-е, аппараттарды орналастырған орындарды да басқа жерлерге көшіруді қолға алсақ қайтеді.

Жо-жок, мүмкін климаттық қаруларды туғызатын аппараттар көлемін кішірейтіп, тікұшақтарға немесе ұшақтарға орнатып көрсек қалай болар екен?! Аһ ұра беруді тоқтатып, осы жоспарды да байқап көргеніміз дұрыс-ау. Негізі Толь Артемос ойлап тапқан күні бүгінге дейін әлі жұмбақ, жасанды тәсілмен әртүрлі апаттар туғызатын жаңа қару туралы жер бетінде ешбір тірі пенде біле бермейтін күпия болатын...

Жер бетінде үрей туып, бәрі Құдайдың күдіреті деп тығылатын үңгір таппайтын күйге түсіруіміз керек. Біздің ең басты мақсатымыз осы. Әлемді қоршаған магниттік өрістердің қиылысу нүктесін дәл есептеп, сол нүктеге қосымша жасанды тәсілмен магниттік өрістерді жіберіп, ауытқуды бұзып, апаттар жасауға болатынын жер бетінде ешкім білмейді. Олай болуы мүмкін емес те дейді. Бұл идеяға тірі жан сенбейді. Бұлай болуы мүмкін емес деп ойлайды. Мұны олар фантастика деп иықтарын қиқаң еткізеді де қояды.

Ал, бірақ бізге осылайша жалғаса түскені керек. Иә, иә, қысқасы, бұрын-соңды болмаған жаңа қаруымызды қалай да жетілдіре түсуіміз керек. Енді магниттік толқындарды қабылдайтын арнаулы қабылдағыш алып антенналарды тау беткейіне

көбірек орнатып, оларды бір жүйеге шоғырландырып, қажет жерге бағыттауды қолға алу керек. Галактикадан, магнитті жұлдыздардан магниттік толқындар бізге дүркін-дүркін келуі ғажап емес пе?! Біз тетіктерін жаңартып, жетілдіруді қолға алайық. Әйткенмен де кінәраттың барлығы рас. Жер шарының бетін түп-түгел қайтадан үшбұрыштарға бөліп, есептеп шығуды тез қолға алу қажет. Түрлі жер бетіндегі өзгерістерге сәйкес магниттік өрістердің үшбұрыштарға бөлініп, ауытқуы да мүмкін. Иә, иә, мұны қатаң ескергеніміз жөн. Нақ осында терең бір сыр жатқан секілді-ау-у-у.

Жер бетіндегі баспасөздер мен теледидарлар, ғаламторлар ойларына келгендерін айтып, жарыса жазуда, деп Клаус Мок бәрін есіне түсіріп, терең ойға шомды. Жүрегі кеудесінен шығып кете жаздап дүрсілдеп кетті. Қаптаған қалың ой оның еңсесін төмен қарай баса түсті. Бар жауапкершілік, бәрін ұйымдастыру Клаус Мокке жүктелген. Бастапқыда бәрі ойдағыдай болған еді. Енді, міне... Не қырсыққа душар болғанын жер астындағы жабық ғылыми-зерттеу зертханасындағы бірде-бір атақты ғалымдар әзірге нақты ойларын тіс жарып айта алмай отыр. Таңқаларлық жұмбақ құбылыс... Пәлендей болжам айту әзірге қиын болып тұр.



XIV-тарау

– Заңғар, дүние жүзі дүр сілкініп жатыр ғой. Өзің де естіп отырған шығарсың, – деді қасына ентелей жетіп келген Сапар Заңғардың түтігіп кеткен түрін көріп, тіксініп қалды. Беймезгіл уақытта келдім-ау деп кетуге ыңғайлана бергенде:

– Сапар, өте жақсы келдің. Мен өзім де сені арнайы шақыруға оқталып отыр едім. Кел, қасыма таяу отыршы.

– Әрине, әрине, о не дегеніңіз. Мен әрдайым қиын-қыстау кезеңде қасыңнан табылуға дайынмын. Байқаймын, керемет бір ғылыми идеялар пайда болатын секілді. Менің де ғылыми ой-өрісім дамып, кей-кейде керемет идеялар туындауда.

– Мынауың қызық екен. Сенің бұл ойың мені қуантып, шабыт бергендей болды. Өзің көріп жүргендей Жер планетасында жасанды тәсілмен, жер бетінде магниттік өрістердің тепе-теңдігін қасақана, әдейі біле тұрып бұзып, адамзат ұрпағын жоятын апаттар туғызған қанішер қаскөйлердің арам ойларын тоқтаттық қой... Біздің ғылыми идеяларымыз бірте-бірте іске асырылуда. Негізгі мақсатымыз осында жатыр. Әлі де алда бұл бағытта атқарылатын жұмыстарымыз ұшан-теңіз...

– Заңғар, өте орынды айтасың.

– Бұл үлкен ғылыми жетістік. Ең кереметі, біздің Жер планетасы орбитасында үлкен «Қазақ

елі» атты ғылыми-зерттеу ғарыштық станциясымен жер бетін айналып ұшып жүргенімізде болып тұр.

– Иә, иә...

– Негізі бар ғой, жалпы, Жер планетасында о бастан жерді қоршап тұрған табиғи магниттік өрістерді тепе-теңдікте ұстау мәселесі қолға алынған... Ол үшін Жер планетасындағы пирамидалардың пайдасы көп болған. Соңғы кездері пирамидалар магниттік өрістерді қалыпты ұстауды жоғалта бастады. Оның себептері өте көп. Бұл – пирамидалардың бір ғана атқаратын жұмысы... Мен мұны жерде жүргенде бірнеше мәрте арнайы ғылыми еңбектерімде жаздым. Жер бетіндегі табиғи магниттік өрістердің тепе-теңдігі бұзылса, жер бетінде адам айтқысыз, адам ойына кіріп-шыққысыз апаттар болады...

Иә, біздер ғарыштан жер бетінің әр бөліктерінен жердің кейбір жасырын құпия орындарында қас-қағым сәттерде жасанды тәсілмен магниттік өрістердің тепе-теңдігін бұзып, тоқтатып жүрген аппараттар жұмысын біржолата тоқтаттық. Тіптен, ғасырлар бойы жер бетінде үрей туғызып жүрген Бермуд үшбұрышы ұшақтарды, кемелерді ізім-қайым жұтуын тоқтаттық. Өзін ғарыштан көрдің ғой.

– Заңғар, бұл тіптен керемет, ақылға сыймайтын жаңалық.

– Ашылған, тікелей іске асырылған жаңалықтар расында да таңқаларлық.

– Шынымды айтсам, осы кейде өз көзіме өзім сенбей келемін. Осының бәрін біз жасадық па деймін.

– Біз жасамағанда кім жасап жатыр дейсің?

– Заңғар, зерттеу жұмыстарын жетілдіре түсуіміз керек.

– Әрине, әрине...

– Сіз өте дұрыс айттыңыз. Ғарышта ұшып жүрген бізге көптеген жұмбақтарды шешуге мүмкіндік көп екен ғой, – деді қуанып кеткен Сапардың көңілі жай тауып. Ол жұмсақ креслодан тұрып, ғылыми-зерттеу ғарыш станциясы капитанының бөлмесін ойлы қалыппен аралай түсіп.

– Ғарыштық қазақ ғылыми-зерттеу «Қазақ елі» станциясында жердегідей өмір сүріп, ғылыми жұмыстармен толық айналысуға барлық жағдай жасалған. Зерттеу станциясы жер орбитасына жақындап та, тіптен жоғары көтеріліп, самғап та ұша алады. Сонымен қоса автоматты түрде өзіне жақындаған қаскөй кейбір ғарыш кемелерін, метеориттерді, атылған әртүрлі ракета, снарядтар мен оқтарды күшті лазер сәулесімен қас-қағым сәтте өртеп, күлге айналдырады. Сол себептен Сапар, ешқандай уайым-қайғысыз ғылыми тәжірибелерді орындай беруіміз қажет, – деп Заңғар да орнынан тұрып әрі-бері жүре бастады.

– Өте жақсы. Өзге қандай ғылыми идеялар туындады... Енді осы мәселе туралы пікірлессек. Ойды ой қозғайды деген ғой, – деп Сапар кеудесін кере дем алып, жұмсақ креслоға қайта жайғасты.

– Негізі біздің ғылыми идеяларымыз толық іске асырылды. Біріншіден, жер бетіндегі жасанды жолмен магниттік өрістердің тепе-теңдігін қасақана жойып, адамзат баласын қыруға арналған апат жасағандардың жолы біржола кесілді. Өзің білесің

ғой, бұл біздің үлкен жетістігіміз. Ғылыми жаңалықты адам баласын жоюға қолдануға жол жо-о-қ...

Сапар, алдағы уақыттарда қаскөйлер өздерінің арам ойларын іске асыру үшін аппараттарын іске қосса, біз ғарыштан автоматты түрде оны істен шығарып отырамыз...

– Иә, иә, бұл шынында да өте керемет болды. Сіздің ғылыми идеяларыңыз толық іске асып, практикалық тәсілдерде орындалады, – деді Сапар оны қоштап.

– Біз, бақытты ғалымдармыз. Әлемге бейбіт өмір сыйлаған менің ғылыми идеяларыма жаңа ойлар үсті-үстіне қосылып, кеудемді қуаныш кернеп барады. Сен менің ең сенімді досымсың ғой. Саған баяндауға рұқсат ет.

– Құлағым сізде, айта беріңіз...

– Әсте бұл ерекше шабыт, ғарышта ұшып жүргендіктен болар деп түйдім.

– Дәл солай.

– Сенің мені қоштап, ойымды нақтылағаның үшін рахмет.

– Рас айтамын.

– Ғарыш әлемі жұмбақтарға толы ғой. Сол себептен ойыңа алған идеяларыңды жетілдіруге көмек беретін бір жұмбақ күштер бар-ау, тегі.

– Дөп айттыңыз ғой...

– Рас айтамын, Айтқан ғылыми ойларымды толық пысықтап жүрмін. Бізге бір жақсы, адал пиғылды жұмбақ күш көмек беріп, желеп-жебеп қолдайтын секілді...

– Құдайдың құдіреті ғой.

- Дұрыс айтасың.
- Құдайға шүкір!
- Ғылыми жаңалықты қатыгездікпен адамзат баласын жоюға жұмсау үлкен күнә...
- Кешірілмес күнә-ә-ә.
- Өте орынды.
- Жер шарына сиыспайтындай адамзатқа не жетпейді?
- Әлі де кеш емес, ақылға келейік. Ақылға-а-а.
- Жер – адамзат ұрпағының алтын бесігі...
- Жерді көздің қарашығындай сақтайық.
- Сапар, өте орынды айтасың, – деді Заңғар қуаныштан еңсесін көтеріп, ғарыш станциясының кең бөлмесін аралай түсіп. Ойын әрі қарай жалғап, – жырақтағы ғарыш әлеміндегі планеталарда, күнде, тіпті, кейбір жұлдыздарда жарылыстар болса, Жер планетасына қатты магниттік өрістер келеді. Бұл Жер планетасы мен тіршілік иелеріне адам айтқысыз апаттар әкеледі. Мен аталған апаттарды болдырмаудың төмендегі ғылыми жолдарын ұсынып, іске асыруды қолға аламын.

Бірнеше ғарыш кемелерінің үстіне электромагниттік өрістерді қабылдап, кері бөгде әлемге бұратын аппараттарды орнатуды ұсынамын. Аппараттар сызбасы дайын. Аталған ғарыш кемелері бір-біріне қарама-қарсы бағытта ұшады. Сонымен қоса, ғарыш кемелері жер орбитасында бірнеше қабаттарды айналып ұшатын болады. Бір бағытта ұшса, ғарыштан келетін магниттік өрістерді қағып алып, кері қайтара алмайды.

Қосымша, иә, иә, қосымша келешекте ғарыш

әлемінен жерге келетін күшті электромагниттік өрістерді, Жер планетасына қарай келе жатқан астероидтарды, метеориттерді, тіпті, кішігірім планеталардың бағыттарын өзгертіп, жерден басқа жаққа бұруға болады. Қандай да бір планета, жұлдыздардың магниттік өрісі өз тепе-теңдігінен кеміп, ауытқып, өзге жақтан басқа әртүрлі ғарыштық денелерді өзіне тартқыш болып келеді. Қасынан ұшып бара жатқан денелерді өзіне магнитше тарта береді. Бұл өте қиын жағдай... Мұндай апаттарды болдырмау үшін Айға да, тіптен келешекте Жерге жақын ғарыштық аумақтарға да арнаулы магниттік өрістерді кері қарай бағыттайтын қондырғылар орнатуымыз керек...

– Заңғар, әрбір ғылыми идеялардың дүниеге келетін сәттері болады. Қазір айтқан идеяларың расында да таңқаларлық.

– Сапар, менің бір ерекше қасиетім бар.

– Ол тағы қандай қасиет екен, а?

– Сапар, мен ойымды айта отырып, ғылыми жаңалығымды үсті-үстіне жетілдіре түсемін...

– Бұл керемет ғылыми идеяларды алғаш естіген мен болдым ғой.

– Есінде болсын. Мұндай тың, өте батыл, анау-мынау ғалымдар сене бермейтін ғылыми идеяларымды кім болса соның алдында айта алмаймын... Сенің алдында отырып айтсам, ойыма ой қосылып кететіні бар. Осы идеяларымды іске асыруға кірісейік.

– Келістік, – деді Сапар қуанып кетіп.

– Толь Артемос, бір ай өтті. Не болып жатыр? Баяндаңыз, – деді ашулы күйдегі Клаус Мок.

– Клаус Мок мырза, к-к-кешіресіз...

– Не болды? Тұтықпай, байыппен баяндаңыз.

– Экспериментаторға барлық аппараттарды тексертікідім...

– Сонымен не болды?

– Біз арнаулы жер бетіндегі магниттік өрістер түйісетін жерлерге орнатқан барлық аппараттар бірқалыпты жұмыс істеп тұр.

– Иә, иә...

– Менің ойымша...

– Сонда, не демекшісің?

– Өзім де түсінбей отырмын. Қиын жағдай деуге де аузым бармайды.

– Не де болса, болар іс болды ғой, – деді даусы қатты шыққан Клаус Мок екі көзі шатынап.

–?!

– Тілің байланып қалды ма? С-с-сөйле-е-е...

– Клаус Мок мырза, жер үстіндегі магниттік өрістерге өзгерістер туғызып, тепе-теңдіктерді бұзатын аппарат қондырғыларда ешбір ауытқу, істен шыққан бөліктері жоқ-қ-қ. Менің ғылыми теориям, идеяларым өзін ақтады.

– Толь Артемос, сонда не болды? Не-е-е, болды?..

– Клаус Мок мырза, меніңше, бұл іске сырттан өзге біреулердің қатысы бар секілді. Аппарат-

тар қалтқысыз жұмыс істеп тұр. Ал, бірақ нәтижесі болмай жатыр...

– Талдап, нақтылап айтсаңызшы, – деді Клаус Мок қабағын түйіп.

– Сонымен, біздің ғылыми теорияға орай, магниттік өрістердің түйісу нүктелеріндегі тепе-теңдік бұзылмай қалуда. Өзіңіз білесіз ғой, біздің аппараттар магниттік өрістерді бұзу үшін жасанды тәсілмен жіберген өрістер күші жетерлік... Осының нәтижесінде төмендегі жер бөлігіндегі қатты өзгеріс болуы тиіс болатын... Бірақ, экспериментаторлардың күндіз-түні қатаң бақылауына орай анықталғаны, ғарыштан сол сәтте бөгде біреулер жіберген өте күшті өріс киліккені анықталды...

– Ол қандай ғарыштан келген белгісіз өріс? Түсінбедім-м-м...

– Клаус Мок мырза, мені осы жұмбақ мәселе қатты таңқалдырып жүр. Қысқасы, жер бетіндегі біздер жіберген магниттік өрістерден тысқары пайда болған бөгде өріс бұл. Біз үшін жұмбақ болып тұр... Бір қызығы, біздің аппараттар іске қосылған сәтті күтіп тұрғандай ғарыштан бөгде, өте күшті өріс пайда бола кетеді. Мұны біреулер әдейі, қасақана ұйымдастырып отыр...

Мен мұны жердегілердің тірлігі дейін десем, бұл шындыққа жанаспайды. Себебі жердегілердің қолынан мұндай күрделі ғылыми тәсілдер жасау келмейді. Әзірше дайын емес. Иә, иә, дайын емес. Ғарыштағы әлемнен, күннен, жұлдыздар әлемінен жерге келетін өрістер болатыны бар. Бір қызығы, біздің арнаулы аппараттар іске қосылған кезде, ғарыштан

өзге бір күшті жойқын магниттік өрістер келіп жетуі мүмкін емес... Айтқандарыма түсіндіңіз бе?

– Жоқ, түсінбедім, – деді Клаус Мок ашуға бұлығып. Өткір көздерімен оған тесіле қарап:

– Дұрыстап түсіндір-р-р – деді.

– Қысқасы, менің кінәм жоқ. Қолымнан келгенінің бәрін жасадым. Аппараттар қалыпты жұмыс істеп тұр... Қиын жағдайда тұрмыз. Тағдырымыз қыл үстінде, – деді Толь Артемос жыламсырап.

– Қалай десек те қиын жағдайды бастан кешіргелі отырмыз, – деді екі көзі шатынап кеткен Клаус Мок.

– Қайта қауышпай қаламыз ба деп қатты қорқып отырмын.

– Ештен кеш жақсы деген. Ондай ойды эзірше жайына қалдырайық. Іздене түсейік. Дәйекті, дәлелді ғылыми ойлар айту керек, – деді оның көңілін сәл көтерген Клаус Мок кенеттен сәл де болса өзіне келіп.

– Меніңше, бұл да жер бетіндегі магниттік өрістердің біз толық білмейтін құпия сырларының бірі секілді. Мұның өзі біз күтпеген оқиға болып тұрғой, – деді Толь Артемос осыншама жыл бір-біріне сенім артып жүргендіктен осы сөзіне жете мән берер деген оймен.

– Сонда, сонда, магниттік өрістердің аттас полюстерінде бір-бірін кері тебетін қасиеттер бар екендігі рас-ау, – деп іліп әкетті Клаус Мок.

Оның мына ақылға қонымды сөзі Толь Артемостың езілген еңсесін бір көтеріп тастады. Таңданған ол:

– Негізі, жер бетіндегі магниттік өрістердің де оң және теріс полюстері бар. Түйісу нүктесі анықталған жер бетінде біз анықтаған бөлікте өрістер бірін-бірі тартып қана қоймайды, кей жағдайда кері тебуі де ықтимал. Жалпы, электромагниттік өрістің жұмбақ қасиеттері біз үшін әлі де беймәлім.

Осы істің басы-қасында тек өзі ғана емес болғандықтан Клаус Мокты толық сендіре алмады. Магниттік құйынның пайда болуы да ықтимал. Бірақ олай болмауы да мүмкін. Мұның өзі күтпеген жағдай. Өз пікірін ортаға сала отырып, кей жағдайда өз пікірін жайып салып, жауапкершілігін жеңілдетті. Толь Артемос өзін-өзі іштей қолдап қойды. Ендеше, менің жалпы идеям, ғылыми тұжырымдарым дұрыс. Дегенмен де не болғанын толық анықтау үшін қосымша зерттеру жұмыстарын бір сәтке де тоқтатпау керек.

Орталық зертханадағы үлкен электронды мидың да жұмысын іске қостыруды жедел қолға алған дұрыс.

– Клаус Мок мырза, орталық зертханадағы электронды миды іске қостырып, зерттеп көрсек деймін. Сіз қалай ойлайсыз? – деді не айтар екен деп.

– Саған айту естен шығып кетіпті. Зертханадағы жасырын электронды ми әлдеқашан іске қосылған. Нәтижесі бізге әлдеқашан белгілі. Толь Артемос, сенің көңіліңді орнына түсірейін. Қысқасы, сенің ғылыми идеяңда ешқандай кемшілік жоқ. Тек қана электронды мидың өзі де біздің аппараттардың не себептен істен шыққанын ашып айта алмады.

– Қысқасы, Клаус Мок мырза, күн жүйесіне енген немесе жақындаған астероидтар, метеориттер өзімен қоса магниттік толқындар ала келеді. Сонымен бірге Күннен де келетін күшті магниттік толқындар жетерлік. Біздің жер бетінің әр түкпіріне арнайы орнатылған аппараттарымыздың уақытша істен шығуының бір себебі осында жатыр... Аппараттардың магниттік өрістерді екі-үш есеге дейін арттырып жіберетін үдеткіштерінің жанып, істен шығу себебі осында. Мұндай жағдайда сырттан келетін күшті магниттік өрістерді кері қайтартын қосалқы алып секциялар жасап орнатуды қолға алуымыз керек. Осыған өте мұқият болуды қолға алайық. Бар қиындық әлі алда секілді.

Аппараттардың орналасу траекториясын өзгерту де оңай шаруа емес. Бәрін бастан-аяқ қайта есептеу керек. Олардың орналасу орындарын ауыстырғанмен мәселе шешіле қояр ма екен. Аппараттар жайдан-жай орнатыла салған жоқ қой. Ол қатаң есептеуге байланысты магниттік өрістердің өзара түйісу нүктесіне орай орнатылды. Шешуші кезең әлі алда.

Толь Артемос әзірге айтарым осы. Не десеңіз де өзіңіз білесіз дегендей терең ойланып үнсіз қалды. Бұл Толь Артемостың іштей әбден ойланып-толғанып, елеп-екшеп, ой елегінен өткізген пікірі болатын. Түптеп келгенде оның байыппен айтқан дәлелді ойы расында да шындыққа жанасымды еді.

Клаус Мок та бір сәтке шекесін салалы сауақтарымен уқалап, басын шайқап, үнсіз қалды.

Көзінің алды қарауытып кетті. Бар қиындық ғарыштан келетін магниттік өрістерде болса бір сәрі ғой. Бұған басқа да себептер бар секілді ме, қалай өзі деп іштей бір түйіп қойды. Әйткенмен, бұл әшейін көңілге демеу болатын екіұшты ой еді. Әбден өз пікірін ортаға салып, бар шындықтың тура жолын іздеген Толь Артемостың пікірімен санаспауға тағы болмайды.

Мұндай жұмбақ нәрсе болады дегенді күні бүгінге дейін ешкім де естіген жоқ. Себебі, біздің тәжірибемізде дәл осындай ғылыми құбылыс кездескен емес. Неге, қалай болуда деп дөп басып айтуға да болмайды. Не ғажабы бар екенін білу күн санап қиындап барады. Сонда бұл не болғаны? Толь Артемостың дәлелді сөздерін бірнеше рет естіп жүрсе де көңіл түкпірінде бір күдік бар секілді болады да тұрады... Оның әр жолы айтқан сөздерін бар ынтасымен зейін қоя тыңдайды. Қанша мәрте тындаса да ешбір шаршап, тіптен, зеріккен емес. Әйтеуір оның сөзінде түптеп келгенде бір ғажап сыр бар екені даусыз.

Толь Артемос дәлелдегендей, жер бетіндегі өзара түйісу нүктелері дәл есептеліп анықталған магниттік өрістер бөліктерінде өрістер тартып қана қоймайды, тіптен, кері қарай орасан күшпен тебеді дегені бізге керегі. Оның дәлеліне орай осы бөлікке жасанды тәсілмен жіберілген біздің магниттік өрістер қауқарсыз болып қалуда екен ғой. Өз ойын жинақтап, сәл сабасына түскен Клаус Мок бастырмалата түсті:

– Толь Артемос, сен түйісу нүктелері есептеліп

анықталған магниттік өрістерге біздер қосымша арнаулы аппараттардан жіберілетін жасанды магниттік өрістер қуатын бірнеше есеге арттырып жіберсеңіздер болмай ма?

– Иә, – деп бір қойды Толь Артемос жұлып алғандай болып. – Дұрыс айтасыз. Өйткені, дәл мұндай күтпеген құбылысқа бірінші рет кезігіп отырмыз. Өзі қызық әрі түсініксіз болып тұр ғой. Мұның бәрі бізге белгісіз бөгде бір жұмбақ құбылыстың әсерінен болып жатқан сияқты. Әйтеуір белгісіз бір кедергі болып жатыр. Қиылысу нүктесіндегі магниттік өріске біздің өріс дер кезінде қосылып, адам айтқысыз дүлейлер туғызуы керек...

– Толь Артемос, сенімен ұзақ сонар пікірталасым жоқ. Мен «алтылықтарға» соңғы рет басымды иіп, жалынамын. Сенің айтқан идеянды тексеруге, қалайда іске асыруға, көндіруге тырысайын. Барымда саламын...

– С-сонда әлгі «алтылықтар» сіздің ғылыми дәлелдеріңізге сенер ме екен?

– Толь Артемос, менде басқа амал қалған жоқ қой, – деді Клаус Мок сабырға келіп.

– Иә, бұл біздің ең соңғы үмітіміз, – деді Толь Артемостың көңілі орнына түсіп. – Клаус Мок мырза, менің ғылыми идеям дәйекті...

– Жалпы, менің де күдігім жоқ.

– Тағы да қайталап айтамын. Бізде тұрған ештеңе жоқ...

– Дегенмен де басқа бір сыр бар секілді.

– Бір байқағаным, біздің есептеп тапқан магниттік өрістердің түйісу нүктесіне ғарыштан күшті

магниттік өрістер келіп, бәрін бейтараптандыратын қасиетке ие болуда...

– Толь Артемос, айтқандарыңызды түгел тексертіп, басынан қайта іске қостырамын.

– Менің ойыма жаңа ғылыми болжамдар қос-қостап түсуде. Айтайын дегенім, батыл іске кірісу керек.

Толь Артемостың тың ойын қолдаған Клаус Мок:

– Қуанышты күндерде кездескенше, – деп нық сеніммен аяғын батыл басып, жоғары көтерілетін алып лифт есігіне беттеді.

Клаус Мок құпия кең қабылдау бөлмесінен бірақ шықты. Оның бағына орай «алтылықтар» бүгін өте көңілді отыр екен. Басшысының жүзі жайнап кеткен. Ол өзіне өте сенімді, отырысында пандық сезіледі. Клаус Мок бұл құпия бөлмеде сан мәрте болса да дәл қазір «алтылықтардың» бір-біріне қарап жымыып отырғандарын көріп, көңілі сабасына түсті. Ал, әсіресе, төрде отырған ең құрметті мырза бұған риза кейіппен көз тастады. Клаус Мок келген бойда өзіне арналған жұмсақ жолбарыс терісімен қапталған креслоға жайғасып отыра бергені сол еді:

– Енді барша әлем, дүние жүзі мына біздің уысымызда болайын деп тұр... Иә, иә, біздің уысымызда, – деді төрде отырған құрметті мырза өктем сөйлеп.

– Әрине, әрине...

- Дәл солай болады.
- Дөп айттыңыз.
- Керемет-т-т.
- Біз әлі дүниені дүр сілкіндіреміз.
- Дүниені емес, бүкіл әлемді...
- Иә, иә-ә-ә...
- Жерліктерді бір сілкіп алайық.
- Жердің астаң-кестеңін шығардық қой...
- Бұл әлі бастамасы ғана.
- Қызық әлі алда-а-а...
- Қызық емес, топалаң деңіз-з-з...
- Әрине, әрине-е-е...
- Жердің түкпір-түкпіріндегі алып мемлекеттерге өз тілдерінде үрей туғызатын хабарлар таратылсын!

– Жерге үлкен астероид, метеорит келіп соғысады. Адам айтқысыз апат келе жатыр... деп хабарлансын, – деді төрде отырған құрметті мырза.

– Құп болады! – деді орнынан ұшып тұрған Клаус Мок жағымпаздана.

Ол іштей аң-таң болды. Бұларға не болған?.. Шынымен де жасанды тәсілмен климаттық қару жасайтын аппараттың уақытша істен шыққанын білмей ме? Мұнысы несі? Не болған өзі? «Үндемеген үйдей пәледен құтылады» демекші, қазір тіс жармай қоя тұрғаным дұрыс болар. Үндемей қоя тұрайын. Қалай болғанда да әліптің артын бағайын. Мән-жайды менен емес, өзгелерден естігені дұрыс болар. Білгендерін дәл қазір жайып алмауға тырысты. Білгіштіктің оған түкке қажеті болайын деп тұрған жоқ. Азапты үнсіздік біразға дейін созылды. Құлағы

шыңылдап, көз алды қарауытып қоя берді. Енді бір мезетте көз алды жарқ етті. Тез есін жинап, өз-өзіне келді. Сол бойымен басын иіп, есікке беттеді.

XV-тарау

– Жер бетінің әр бөлігіндегі табиғи магниттік өрістердің өзара түйісу нүктелеріндегі тепе-теңдіктері соңғы кездері жиі-жиі бұзылуда, – деді профессор Заңғар әлден уақытта. – Сен бұған не дейсің?

– Өзіңіз білесіз ғой, – деді терең ойға шомған Сапар.

– Біздің негізгі мақсатымыз, магниттік өрістердің өзара түйісу нүктелеріндегі ауытқуды қалыпқа түсіру...

– Дұрыс айтасыз, – деді Сапар оның бетіне үңіле түсіп.

– Жер бетінде қасақана, әдейі, жоғарыда айтқан тепе-теңдікті бұзып жүргендер бар екен. Жердің үш бөлігінде осындай әрекеттер біздің ғарыштық станция аппараты күшімен тоқтатылды. Бірақ, жердің бір бөлігіндегі магниттік өрістер бейтараптандырылмады...

– Түйісу нүктелеріндегі магниттік өрістерді ғарышқа жедел кері қайтаратын аппараттарды күшейту қажет-ау.

– Қазірден бастап барлық аппараттардың қуатын бірнеше рет көбейтпесек болмайды.

– Магниттік өрістердің түйісу нүктелерін дәл анықтап, жерден қосымша әдейі жіберілген өрістерді қас-қағым сәтте қағып алып, бір бірімен түйістірмей, ғарышқа қарай бағыттап жіберуіміз керек.

– Профессор мырза, – деді Сапар қуанышы қойнына сыймай. – Осыны іске асырып отырғандар

жердің магниттік өрістердегі тепе-теңдігін бұзып, жер бетінде қолдан апаттар жасап отыр ғой.

– Өзің де жақсы білесің ғой. Бұл жер бетінде жаңа қару пайда болды деген сөз.

– Осылай жалғаса берсе, бүкіл жер шарының магниттік өрістердегі полюстері де ауысуы мүмкін.. Бұл бүкіләлемдік апат деген сөз...

– Иә, иә, тап солай...

– Қысқасы, жер шарындағы барлық пирамидаларға да біздер ғарыштан бірнеше жыл бойы үздік-үздік белгілі диапазонда жасанды магниттік өрістер жібердік... Нәтижесі өте керемет. Пирамидалар жердің бетінде магниттік өрістерді бірқалыпты ұстауға кірісті... Бұрынғы кездері пирамидалардың бір міндеті осы болған секілді... Бұл біздің ғарыштан жіберіліп тұрған магниттік өрістерді күшейте түсуге пайдасы мол...

– Өте тамаша...

– Иә, иә, солай достым. Солай-й-й... Бүгінде жердің магниттік өрістері қалыпқа келе бастады. Небір адам айтса сенгісіз табиғи апаттар мен тосын құбылыстарды біржолата тоқтаттық... Жерден бізге қуанышты хабарлар келуде. Торнадо деген алып құйын біржола тоқтады...

– Бұл шындығында да адам таңқаларлық нәрсе...

– Бермуд үшбұрышындағы із-түссіз ғайып болатын құбылыстар да тоқтады. Кемелер мен ұшақтар оның үстінде емін-еркін жүзіп те, ұшыпта жүр. Адамның еркінен тыс тосын жағдай енді қайталанбайды. Жер шарының бетіндегі өзара түй-

ісетін үшбұрыш тез қалыпқа келтірілді. Енді түпсіз тұңғыыққа қарай ұшып жоғалудың жолы кесілді.

Жер бетіндегі кейбір құрлықтарда да Бермуд үшбұрышы пайда болып, теп-тегіс жер бетінде, тіптен теңіз бетіндегі кішігірім аралдар тұрғындарымен ізім-қайым жоғалған болатын... Маған берілген нақты ғылыми деректері бұл жойқынның үзілді-кесілді тоқтағанын мақтанышпен жеткізуде.

Тағы бір қызығы, жер бетінде жасанды жолмен магниттік өрістер тепе-теңдігін бұзып, апаттар жасалғаны анықталды... Ғылымның мұндай жетістігін ойыншыққа айналдырғандар да бар болып шықты... Мұның ақыры бүкіләлемдік қайталанбас апаттарға әкеп соғуы мүмкін... Кейін бәрі кеш болады. Кеш-ш-ш... Біз осындай апаттарды біржола тоқтатып, алдағы кезеңдерде үнемі бақылауда ұстайтын боламыз.

Сонымен бірге, соңғы кездері жер бетінде тосын күтпеген табиғат құбылыстары жиі орын алуда. Жазда қатты нөсер жаңбыр жауып, бірнеше мемлекеттерді топан су басты... Теңіз маңайындағы мемлекеттерде теңіз суы 10-25 метрге дейін көтеріліп, топан су алатын болды... Аталған апаттарды қолдан жасанды жолмен жасап жүргендердің жолы біржола кесілді.

– Профессор мырза, сіздің ғылыми идеяңыз толық дәлелденіп, іске асты. Біз жер бетіндегі ғарыш әлемінде бейбіт мақсатта ұшып келеміз ғой. Неткен керемет...

– Иә, Сапар. Орынды айтасың, көңілім жай тапты...

– Жер шарының әр жеріндегі болып жатқан соғыстардың да магниттік өрістердің тепе-теңдігін бұзуға тікелей әсері бар ғой...

– Атом, сутегі бомбаларының жарылысы да әсер етеді емес пе?

– Әрине, әрине, әсер етеді...

– Кей кезде мен жерліктерге өте таң қаламын. Білімдерін неге шетсіз-шексіз ғарышты игеруге бірлесіп жұмсамайды?

– Е, е, оның жолы әлі алыста. Ондай келісімге таяу арада келісе алмайды. Ғарыштан жерге қарасаң, кей-кейде менің жүрегім ауырады. Аумағы ой-мақтай, көгілдір шар Жер-анамыз ғой. Ақылға келетін уақыт жетті емес пе?! Адам ақылы жетпейтін жойқын қаруларды ойлап тауып, Жер-анаға кесірін тигізуде. Сапар, өзін «Қазақ елі» атты ғылыми-зерттеу станциясымен ғарышқа көтерілгелі жұмбақ болып келген жаңа жойқын климаттық қарулардың барлығына көзің жетті.

Егер біздер ғарышқа көтеріліп, мұндай жердің магниттік өрістерінің тепе-теңдігінің жер бетіндегі өзара түйісу нүктелерін дәл есептеп, сол жерге жасанды тәсілмен қосымша магниттік өрістер жіберетін жердің әр бөліктерінде қолдан апаттар жасап, адамзатты үрейлендіріп, қаруды ойлап тапқандарға тойтарыс бермегенде, жерде адам сенгісіз апаттар болар еді. Егер осыған бір кедергі жасап тоқтатпағанда, Сапар, не болатынын білесің бе?

– Дөп басып айтуға аузым бармай отыр.

– Сені өте жақсы түсінемін. Өте сезімтал, жаны нәзік жансың ғой. Жердің магниттік тепе-теңдігі

біржола бұзылып, әлемдік апат болар еді.

– Құдайға шүкір, үлкен бір апаттың беті қайтты ғой.

– Алда атқарылатын жұмыстар жетерлік.

– Міне, міне! – деп Сапар қуанып кетті.

– Арманымыздың іске асқаны осы ғой.

– Бірте-бірте сенімге ие болудамыз.

– Керемет ғылыми жұмыстар орындалуда.

– Былайша ақылға сыйымсыз секілді.

– Солай көрінгенімен уақыт бізді таңдаған-ау, шамасы.

– Оныңыз рас.

– Сапар, қуануға әлі ертерек...

– Оныңыз рас. Бұл ғажайып ғылыми ғарыштық саяхат секілді.

– Дұрыс айтасың, Сапар. Тегі, біздің жер орбитасында «Қазақ елі» атты алып ғарыштық ғылыми станциямен ұшып жүргенімізді біле бермейді. Біздің өзімізді ғарышта бейтараптандыратын аппараттар қосылған жер орбитасында ғылыми жұмыстармен қалыпты айналысуға толық жағдай жасалған. Ғарышта жер планетасын айналып ұшып жүріп бірнеше керемет жаңалықтар аштық. Магниттік өрістердің әлі толық зерттеліп ашылмаған құпияларын таптық. Магниттік өрістердің өзара түйісу нүктелерін дәл есептеп, оң және теріс полюстерін арнаулы қондырғымен атқыласақ, басқа әлемге саяхат жасайтын зымыранның жылдамдығын бірнеше есе арттырып, зымыранның ұшуын тездетуге де болады екен ғой...

Айда орнатылған арнаулы магниттік өрістерді жасанды жолмен атқылағыш қондырғы Жер пла-

нетасына жақындап келе жатқан екі астероидтың бағытын өзгертті. Жерге соқтырмай, ғарышқа қарай бұрды. Егер астероидтар жерге түскенде не болатынын білесің ғой... Үлкен апат болар еді.

– Дұрыс айтасыз, профессор. Аталған жұмбақ, сыры мол ғылыми саланы зерттей түсуіміз керек болып тұр ғой...

– Солай, солай... Зерттеген сайын жаңа ашылмаған сырларына тап болып, таң қалудамын. Осы тұрғыдағы бұдан отыз жыл бұрын болмаған ғылыми гипотезаларым өзінің дұрыстығын дәлелдеп шығуда.

– Сізге көп нәрсе белгілі ғой.

– Тым асыра мақтап жіберген жоқсың ба?

– Сіздің жайбарақат түріңізді көріп мен қуанып отырмын.

Керемет ғылыми жетістіктеріне қуанғаны өте жақсы ғой деп ойлады Сапар іштей. Профессор Заңғар алып пульттің қабырғасындағы өшіп-жанған қызылды-жасылды лампаларға үңіліп, бір қарап алды. Қосымша қасындағы пульттің тетіктерін үсті-үстіне басты. Сірә, көңілі жәй тапқандай, орнынан жылдам тұрып, әрі-бері жүре бастады. Арада он минут өткенде айналмалы креслоға келіп отырды. Сөйтіп, жас балаша бірнеше рет айналды.

– Алынбас болып көрінген ғылыми асулар алынуда, – деді профессор Заңғар орнынан тұрып пультке шұқшиды. Пульттердің жылтыраған үстіңгі жағындағы оймақтай клавиштердің оң жағындағы көк түсті біреуін саусағының ұшымен басты. Сөйтті де әрі қарай:

– Жалпы, былай, КР– қосымша магниттік өрістердің жер үстіндегі ауытқу нүктелерін есептейтін қондырғыны іске қостым.

– Іске сәт! – деді Сапар оның қасына жақындап келіп.



XVI-тарау

Клаус Мок «алтылықтардан» өте көңілді шықты. Не болса да климаттық қаруды іске қосуымыз керек... Былайша, күрделі ешнәрсе де болған жоқ. Толь Артемосқа сенім арту керек. Оның ашқан жаңалықтары толық дәлелденді. Қысқасы, бар гәп климаттық қаруды іске қосатын қондырғы аппараттарда болып тұрған секілді. Қондырғылардың қуатын бірнеше есеге арттыру керек... Ең соңғы үміт осында...

Көңілі орнына түскен Клаус Мок асыққан күйі жерасты зертханасынан бір-ақ шықты. Зертхана қалыптағыдай жұмыс істеп тұр. Келген бойда өзінің ең сенімді ғалымы Толь Артемосты шақыртты. Ғалымның көңіл-күйі көтеріңкі. Келген бойда Клаус Мокты құшақтап, арқасынан қақты. Оның бұл қылығына риза болған Клаус Мок:

– Толь Артемос, қуанышты жаңалығың бар-ау шамасы...

– Иә, иә, оны өзіңіз де білетін боларсыз.

– Шет жағасын естідім.

– Негізі бұл өзі таңқаларлық құбылыс болып тұр...

– Оһо, мынау шынында да қызық екен.

– Сонда қалай, мұны қалай түсінуге болады дейсіз ғой?

– Дұрыс айттың, Толь Артемос.

– Меніңше, адамзат тарихында сырын жасы-

рып келген магниттік толқындарды жете, білгір тәсілмен пайдаланса бар ғой, ол магниттік дүлей дауылдарға айналып шыға келетінін жер бетіндегі кейбір ғалымдар біле бермейтіні шындық.

– Толь Артемос, сен осы ғылыми жұмбақ идеяға ұзақ уақыт бойы бар талантыңды, ғылыми ой-жігеріңді сарп еттің ғой...

– Дегенмен, сіз өте дұрыс айтасыз. Бұл ғылыми идея барша адамзат ұрпағына ұзақ уақыт құпия болып қала бергені дұрыс...

– Иә, мұның сырын толық ашуға болмайды.

– Бұл құпия күйінде қалғанын тілеймін.

– Толь Артемос, сіз өте дұрыс айтасыз.

– Клаус Мок мырза, осы мәселеге мықтап көңіл бөліңізші.

– Әрине, әрине.

– Бұрын-соңды мұндай ғылыми құпия құбылысты естімек түгілі ойлаған да жоқпыз ғой...

– Шамалауымша, жер шарында әлі осындай сыры беймәлім құпиялар жетерлік секілді. Иә, иә, құпиялардың сырын ашуға батыл кірісе бер, кірісе бер.

– Клаус Мок мырза, әлі ашылмаған құпия ғылыми идеяларда есеп жоқ.

– Мен сенің айтқандарыңа толық қосыламын.

– Әлем құпияға толы, мырза.

– Бәрін ашу мүмкін емес-ау...

– Жер шары көзге көрінбес құпиялардан тұрады.

– Солай, солай-й-й. Рас.

– Құпия, құпия. Иә, иә, әлем ашылмайтын құпиялардан тұрады.

- Хош-ш-ш.
- Клаус Мок мырза, мен кей кездерде осыны ойласам, ерекше таң қаламын...
- Толь Артемос, біздің мақсатымыз өзің айтқан құпия ғылыми жаңалықтарды ашу, аша беру...
- Біз былайша айтқанда, қазіргі заманның осы саланы зерттеп жүрген нағыз ержүректеріміз.
- Кей кездерде мен де солай ойлаймын.
- Ғасырлар бойы жұмбақ болып келе жатқан ғылыми құпияларды батылдықпен зерттей түсейік.
- Ойыңызды толық қолдаймын, Түсінемін...
- Жақсы, өте жақсы.
- Солай бола береді.
- Көңілді орнына түсіретін ойлар ғой.
- Ғажап! Ғажап-п-п!
- Ендеше, осы бағытымыздан таймайық.
- Дұрыс, дұрыс.
- Солай болсын, солай-й-й...
- Иә, сонымен Толь Артемос, енді нақты өзіміз айналысып жүрген ғылыми жұмыстарымызға көшейік.
- Клаус Мок мырза! Ғылыми жұмысымыз алға басып келеді. Иә, иә.
- Менің де хабарым бар... Экспериментатордан қуанышты хабар келген.
- Ретке келе бастады...
- Иә, иә, Жер шарының мына электронды картада көрсетілген жерлерінде жасанды тәсілмен нөсер жаңбыр жаудырдық, топан су алдырдық. Толь Артемос, нәтиже жаман емес.
- Расында да магниттік өрістердің түйісу нүк-

телерінде ауытқу жиі-жиі болып тұрады. Оның себептері өте көп... Дөп басып айту, анықтау мүмкін емес.

– Толь Артемос, осы бар ғой, өткен жылы сенің айтқан ғылыми дәйектемелерің рас екен ғой. Соған көзім енді жете бастады...

– Әрине, мұндайда дабыра қылмай, сәл шыдау керек. Біздің магниттік өрістердің тепе-теңдігін бұзып, қосымша біздің қондырғы арқылы қолдан бұзып, оны қажет бағытқа бағыттауда түрлі кедергілер жетіп-артылады. Дегенмен, соңғы кездері біздің қондырғымызға арнайы күшті магниттік өрістер келіп, бәрін тоқтатып, бейтараптандыратын әрекеттер жасалуда. Негізі, біз жасаған аппараттық қондырғының жұмысында арақідік үзілістің болуының бір себебі белгісіз күштердің әсерінен де болып жатқан секілді.

– Толь Артемос, не айтқыңыз келіп отыр? Дұрыстап түсіндіріңізші.

– Солай, солай... Біреулер бізді сырттай бақылап жүргендей...

– Шын айтасыз ба?

– Әрине...

– Нақты дәлеліңіз бар ма?

– Бұл мәселе өте күрделі болып тұр. Әлі де зерттеу керек. Бірақ, қанша уақыт керектігін дөп басып айта алмаймын. Бар айтарым, мүмкін бұл жат планеталықтардан немесе ғарыштан келіп жатқан күшті магниттік өрістердің де әсері болуы ықтимал...

Жер планетасында біздің аппарат жұмысының

әсерін анықтау мүмкін емес. Ондай ғалымдар әлі туылған жоқ.

– Толь Артемос, сіздің мына ғылыми тұжырымыңызға таң қалып отырмын, – деп қолындағы ұялы телефонын құлағына тосты да:

– Тындап тұрмын, айта бер. Дұрыс, өте дұрыс, – деп қысқа қайырды.

– Толь Артемос, қуанышты хабар келді. Жер бетінің бірнеше аймағында жасанды жолмен қатты дауыл жасалыпты. Қатты дауыл теңіз жағасындағы бірнеше мемлекеттің қалаларын жермен-жексен етіпті. Аппараттар іске қосыла бастады... Әйтеуір, ісіміз алға басты-ау...

– Клаус Мок мырза, сізге айттым емес пе?! Қондырғы жұмысы қалыпқа келе бастады. Бұл өте қуанышты жағдай.

– Рас айтасың.

– Клаус Мок мырза, осы бағытта ғылыми жұмыстарды жалғастыра берейік. Түбінде менің айтқаным дәл келді емес пе?!

– Бұл қалай десек те қуанышты ғылыми төңкеріс...

– Әйтеуір, алға қарай жылжыдық қой.

– «Алтылықтардың» бізге деген өкпесі қара қазандай болатын. Таяуда ғана бәрі реттелгендей болды. Енді қарқынды төмендетпейік. Ұйқыны азайтып, жаңаша жұмыс істеуіміз керек...

– Ендеше, білекті сыбанып, іске кірісейік.

– Дүниежүзі мына біздің ашсақ алақанымызда, жұмсақ жұдырығымызда болуы тиіс...

– Әлбетте, әлбетте, Клаус Мок мырза.

— Әркім өзіне тиісті ғылыми жұмыстарымен мұқият айналыссын. Әлі де ашылмаған ғылыми жаңалықтарды тереңдете зерттей түсейік. Қысқасы, біз ғылыми саланы толық зерттеп, бүге-шігесіне дейін жеткен жоқпыз. Дегенмен, әлі де болса біз білмейтін құпиялары жетерлік секілді ме, қалай өзі? Кейде маған солай болып көрінеді. Мен атақты ғалым емеспін, бірақ, өмірлік тәжірибемнің арқасында ұзақ жылдар қоян-қолтық жұмыс істеудің нәтижесінде ой-өрісімнің кемелденгені ғой деп ойлаймын. Өз бетімше білімімді жетілдіріп жүрмін ғой. Ғылымнан мүлде бейхабар емеспін. Бүгінде ғылымға деген көзқарасым өзгерді.

Рас, шынымды айтсам, мен осыдан отыз жыл бұрын нағыз ұр да жық едім. Шаш ал десе бас алатын қанішер болдым. Американың бір штатынан екінші бір штатына қашып жүрген қалта қаққыш, кейін банк тонайтын әккі ұрылардың бірі болдым. Мен не істемедім, кімдерді тонамадым. Жазықсыз жандардың қанын судай шаштым. Егер де мені канализация құбырларында түнеп жүрген жерімнен «алтылықтар» тауып алмағанда, бүгінде түрмеде шіритін едім немесе жер жастанып, о дүниеге аттанып кетер ме едім, кім білсін?..


Кейде сол қайыршылық кезімді есіме алсам, көзіме жас келеді. Әлі күнге дейін өмірдің мәніне терең бойлап көрген жоқпын. Бүгінде несін айтайын, осы өміріме дән ризамын. Уайым-қайғым жоқ, берілген бұйрықтарды мүлтіксіз орындаймын. «Алтылықтар» менің жұмысыма дән риза. Олар маған қатты сенеді. Ұдайы сенім үдесінен шығып

келемін. Бірақ, кейде жүрегім бір жайсыздықты сезгендей болып шым-шым етіп, мазам қашатынды шығарды... Мұның не екенін білмеймін.

Толь Артемос, мен саған қатты бауыр басып кеттім. Сенің де өмір жолың, тағдырың маған ұқсас. Саған бүгін бір шер тарқатып, өзімнің өмірім туралы аз-кем сырласқым келді... Шерінді тарқатпай, ішінде бүге берсең, қиын болады екен. Қазір әжептеуір жеңілдеп қалғанымды қарашы...

– Клаус Мок мырза, мен сізді өте жақсы түсінемін... Менің де өмірім сіздікі секілді қиын-қыстау жағдайда өтті ғой. Мен де көшеде өскен бейбақпын. Ешкімге керек болмай қалған сорлымын. Университетке түсіп едім, оны да бітіре алмадым. Махаббатта да жолым болмады... Ғашығымның атын атағым да келмейді. Ол менің шын сүйгеніме қарамастан сатып кетті. Бәрін тәптіштеп, бастан-аяқ есіме де алғым келмейді...

– Түсінемін ғой. Сенің жаралы жүрегіңді одан сайын ауыртқым келмейді. Бұл екеуара әңгіме аразда қалсын. Тіс жарып, тірі пендеге айтушы болма. Білесің, арам ойлы біреулер естіп қойса, өмірімізбен қоштасамыз. Екеуіміздің де басымыз кетеді, естідің бе? – деп Клаус Мок аппақ орамалмен көзінің жасын сүртті.



XVII-тарау

– Жерге қарай ғарыштан бағыт алған астероидтар мен метеориттерді біздің Айда және ғарышта орналасқан магниттік өрістермен атқылайтын қуатты бағыттарды өзгертетін қондырғылар жедел іске қосылсын! – деді жер орбитасында ұшып жүрген «Қазақ елі» атты алып ғарыштық ғылыми-зерттеу станциясы командирі, профессор Заңғар жедел бұйрық беріп.

– Құп болады! – деді ғарыштық ғылыми-зерттеу станциясының бас инженері, астронавт Сапар риза кейіппен.

– Бұйрық тез арада орындалсын!

– Іске қосылды.

– Шектен тыс магниттік өрістерді бір нүктеге жинақтап, Жер планетасына қарай бағытталған астероидтерге қарай бес жыл бойы ұдайы атқылауымыз керек. Өздерің білесіңдер, бұл ғылыми тәсіл бұрын-соңды Жер планетасында іске асырылмаған... Мұның ең негізгі тәсілі Жер планетасына ұшып келе жатқан астероидты, метеоритті басқа бағытқа қарай бұрып жіберу. Бұл үлкен бүкіләлемдік апаттың алдын алу болып саналады.

Негізі Жер планетасы соңғы ғасырларда адамның экологиялық әр түрлі тепе-теңдігін бұзу себептерінің кесірінен ғарыштағы астероидты, метеоритті өзіне қарай тартқыш қасиетке ие бола түсуде.

Өз алдына мұқият зерттеп, қолға мықтап алатын өте күрделі әлемдік ғылыми тың мәселе...

Аталған ғылыми жұмысты іске асыруға біз өте үлкен ғылыми ізденістерден соң бел шешіп кірістік. Кішігірім астероидты, метеоритті сонау ғарышта-ақ Жер планетасына жақындатпай жойып жіберу қоса атқарылады. Сонымен бірге өздерің видеэкрандардан көріп жүргендей жер орбитасы үстінде жарамсыз күйге түскен, әртүрлі мемлекеттер ұшырған ғарыштың аумағында алуан-алуан зымырандар қаптап жүр. Мұның да Жер паланетасында, үстіндегі орбитада магниттік өрістердің тепе-теңдігін күрт бұзуға себебі бар екенін дәлелдедім...

Жер орбитасындағы жарамсыз зымырандар миллиардтаған тонна өте құнды әртүрлі металдар қоспасы. Оны қаржылай есептесек, адам сенгісіз... Ғарыштағы көптеген жылдардан бері ұшып жүрген қалдықтар мәселесін біздің ғылыми-зерттеу ғарыштық станциясы оп-оңай шешті. Ғарыштан келіп жатқан, қуаты өте күшті магниттік өрістерді бір нүктеге жинап, оның қуатын күшейтіп, жоғарыда аталған керексіз, істен шыққан зымыран қалдықтарын атқылап жою да іске асырылуда. Нәтижесі өте тамаша. Жер орбитасы ғарыш зымыран қалдықтарынан біржола тазартылды.

Жоғарыда айтқанымдай, аталған ғарыш зымыран қалдықтары өзіне Жер планетасынан алыстағы астероидты, метеоритті магнитше тарту қасиетіне ие болған еді. Аталған қауіп біржола сейілді. Иә, иә, жалпы, біздің жетістіктеріміз көңілімізден шығуда. Соның бірсыпырасын айтып кеткім келеді.

Өздерің білесіндер, күні бүгінге дейін Жер пла-

нетасының көптеген жерлеріндегі адам еркінен тыс апаттардың көбі магниттік өрістердің тепе-теңдігінің бұзылуынан болып келеді. Мұны әліге дейін Жер планетасының ғалымдары, тіптен, тұрғындары да біле бермейді. Бірнеше ғасырлар бойы көзге, тіптен, кейбір жер бетіндегі аппараттарға сезілмеген алып магниттік құйындар пайда болатын Жер планетасы бөліктеріндегі апат көздері табылды. Сол бөліктердегі алып магниттік өрістер тепе-теңдігі қалыпқа келтірілді. Осы бөліктерде адам айтқысыз, адам ақылына сыймайтын әр түрлі апаттар болды. Қазір мұндай апаттар біржола тоқтады. Бүгінде Жер планетасы ғалымдары, халқы аң-таң... Оның байыбына, анық-қанығына ешкім жетер емес. Таяу арада жете де алмайды.

Қысқасы, адам баласы өзіне төніп келе жатқан апаттардың алдын алып, оны тоқтату жолдарын таппаса, жер шарында тіршілік мүлде жойылатыны белгілі. Бұл адамзаттың ең бір асыл арманының негізгілері болып табылады. Егер жер шарының жалпы бет аумағын қоршап тұрған табиғи тәсілмен орналасқан магниттік өрістер өз тепе-теңдігін бұзса, жердің өз осінен айналуы ауытқып, адам айтқысыз апаттар болады... Осы аталған апаттар енді тоқтады.

Иә, айтпақшы, күні кеше ғана әлемді ғасырлар бойы үрейлендіріп, тылсым күшке ие болып келген Бермуд үшбұрышы үстінен ұшып өткен ұшақтарды, кемелерді ізім-қайым жоқ ететін күшін біржолата тоқтатты. Бұл сол аумақтардағы магниттік өрістердің алып магниттік құйындарға айна-

лу себебінен екендігі маған белгілі болды. Алып магниттік құйындар жер беті мен ғарыштан келетін күшті магниттік өрістердің тепе-теңдігінің бұзылуынан сол аумақтарда теңіз үстіндегі кемелер мен ұшақтарды адамдарымен бірге ізім-қайым жұтып, жоқ етіп келген.

Сол аумақтағы магниттік өрістердің тепе-теңдігін бір қалыпқа түсіріп едік, міне, енді Бермуд үшбұрышы өз қаупін тоқтатты. Осындағы және Жер планетасының басқа да жерлеріндегі тепе-теңдігі бұзылған жерлер ұдайы біздің бақылауымызда болады. Бұл кезек күттірмейтін күрделі мәселе...

Адамзат баласы соңғы кездері сыртан келетін апаттарды бірлесіп тоқтатуға жұмыла кірісуді қолға алулары керек еді. Жер шарында осылай бір-бірімен келісіп, апаттарға қарсы күресетін жолды таңдағандары дұрыс-ақ. Мына шетсіз-шексіз әлемді, ондағы жұлдыздар мен планеталарды, Күнді, барша тіршілік иелерін, адамдарды, жан-жануарлар мен есепсіз құстарды құдіреті күшті Құдай жаратты! Бізге осы Құдайдың бізге берген сыйларын дамытып, өзімізге төніп келе жатқан апаттардың жолын тауып тоқтату жүктелген.

Жер шарының өзінен шектен тыс бөлініп жатқан магниттік өрістер мен ғарыштан келіп жатқан қуаты өте күшті магниттік өрістер өзара бір-бірімен қақтығысып, жер бетінің әр бөліктерінде апаттар туғызып келеді. Соның бірнешеуін ғана атап өтейін. Алып құйын торнадо, теңіз жағалауларындағы алып мемлекеттерді топан су басу, озон

қабатының тесілуі, жер бетінің кейбір жерлерінде адамдардың, тіптен, техникалардың із-түссіз жоғалуы, ормандарды өрт басу...

Сонымен, біздер Жер планетасы бетіндегі жоғарыда аталған магниттік өрістерді бір қалыпқа түсіріп, магниттік өрістер тепе-теңдігін сақтап отырмыз. Егер де магниттік өрістердің тепе-теңдігі қатаң сақталмаса, алып магниттік дауылдар пайда болып, жер бетіндегінің бәрін жұтып қою қаупі бар болатын...

Магниттік өрістердің тепе-теңдігі сақталмаса, оның зардабы Жер планетасындағы барша тіршілік иелеріне, адамдардың денсаулығына кері әсер етіп, естен тандыратын еді. Адамдар бір-бірін танудан қалатын күй кешкен болар еді...

Жер бетінің әр жеріндегі алып пирамидалар, сонымен қоса теңіз түбіндегі тұңғиықтағы пирамидалар сонау бір кезеңдері магниттік өрістердің тепе-теңдігін бірқалыпты ұстауға да пайдаланылғанын таптық. Бірақ, қазіргі күні пирамидалар бұл қасиеттерін мүлде жоғалтты. Оның әртүрлі себептері бар. Ең негізгі себебі, ғарыштан келген шектен тыс магниттік өрістер. Қазір осы пирамидаларды іске қосуды қолға алудамыз.

Терең зерттесек, қайта іске қосуға болатын секілді. Бұл мәселені алдағы кезеңде қолға алуды жоспарлап отырмыз. Ғарыштан, Жер планетасынан шығып жатқан шектен тыс магниттік өрістердің өзара қиылысып, апатты жағдай туғызатын нүктелері дәл есептеліп, әлдеқашан анықталған. Аталған шектен тыс магниттік өрістерді арнайы жинайтын

алып қондырғы мүлтіксіз өз жұмысын атқарып тұр. Қондырғы осынау жиналған магниттік өрістердің өзара түйісу нүктелерін дәл есептеп, жинақтап, үстін-үстін Жер планетасы орбитасындағы жоғарыда айтқан метеориттер, астероидтар, планета үстіндегі ғарыштық зымыран қалдықтарын жоюға бағыттталып, үлкен апаттардың алдын алуда.

Осы уақытқа дейін қалай десек те бұл өте күрделі, өте керемет, мәнді мәселе туралы зерттеулер жалғасып келеді. Бәлкім, аталған керемет батыл ғылыми жұмыстарды іске асыру тағдырдың жазуы десе де болатындай. Иә, бұл қиялға бергісіз жұмыстар. Әлемнің жеті кереметінің бірі саналатын пирамидалар тегіннен-тегін салынбаған. Жұмыр жердің әр өңірінде салынған пирамидалардың бір қасиеті осында жатыр...

Бұл адамзат тарихындағы жұмбақ сырларын ішке бүгіп келе жатқан ғажайыптардың бірі. Ғасырдан-ғасырға алмасып келе жатқан оның бір құпиясы ашылды. Қалай дегенмен де құпиялар сырын іздесе түбінде ашылатыны хақ. Жұмыр жердің әр түкпіріндегі мұнан да өзге Жер планетасы бетіндегі магниттік өрістер тепе-теңдігін сақтап тұратын қондырғылар болған... Олар әртүрлі себептермен жермен-жексен етілген. Пирамидалар саны азайып кеткен...

Иә, сонымен бірге біздің «Қазақ елі» атты алып ғарыштық ғылыми-зерттеу станциясы соңғы жылдары жер бетінің әр түкпірінен жасанды жолмен тепе-теңдікті бұзып жүрген жерлер бар екенін таптық.

– Иә, Заңғар мұны көптен бері анықтап ке-

леміз, – деді манадан бері үн-түнсіз мұқият тыңдап отырған Сапар сөзге араласып.

– Олар әдейі, қасақана Жер бетінің кей жерлеріндегі магниттік өрістердің өзара түйісу нүктелерін дәл есептеп, апаттарды жасау тәсілдерін атқарып келген, – деді Заңғар терең күрсініп.

– Бұл үрей туғызу, – деді Сапар қатуланып.

– Үрей әрі соғыстың жаңа, дүлей қарудың бір түрі ғой. Сен қалай ойлайсың, Сапар?

– Расында да солай. Со-лай-й, – деді терең ойға батқан Сапар.

– Ғылымның жаңалығын адам баласына қарсы қырғын соғысқа қолдануға болмайды, – деп кесіп айтты Заңғар.

– Мұндайлардың жолын кесу керек. Жүрегімді күйініш кернеп кетті, – деді Сапар жерге қарап.

– Сөзіңнің айна қатесі жоқ, достым. Осындай ойға батсам бар ғой, кейде өрелі таңға кірпік ілмей шығамын, – деді Заңғар күрсініп, – Олардың арам ойлары тоқтады.

– Аллаға мың да бір шүкір, мына дүниеде сіздің бар болғаныңызға ризамын, профессор, – деді Сапар қуанышы қойнына сыймай, оған сүйсіне көз салып.

– Тым, асыра мақтап жібердің-ау. Бұл тек менің ғана еңбегім емес қой.

– Дегенмен де барлық ғылыми ойлар, тұжырымдар сіздікі ғой.

– Түптеп келгенде мұның бәрі түгел сендердің адал, ғылыми тәжірибелерді дәлелдеуге аянбай ұзақ жылдар бойы қатысқандарыңның нәтижесі, – деді Заңғар.

– Заңғар бауырым, өмірімді ғарыштық ғылымға арнағаным үшін өзімді бақыттымын деп есептеймін.

– Рас-с-с, айтасың. Біздер расында өте бақытты ұрпақтармыз. Жер планетасына төніп тұрған және төне түсетін көптеген апаттарды біржола тоқтаттық. Енді жер бетінде жасанды тәсілдермен климаттық қару жасаушылардың жолы біржола, мәңгілікке кесілді. Олардың кімдер екенін жерліктер анықтап, жауапқа тартатын болады...

– Өй, өңкей тұқымдары құрғырлар-ай, десеңші...

– Қарғыс атқыр-ай...

– Өңкей бір байғұстар десеңші.

– Олар байғұстар емес, нағыз-з-з қаскөйлер...

Қанішерлер-р-р...

– Жарайды-ы-ы, тым қатты кетпейік...

– Үндеме, бауырым, ғылыми жұмыстарымызды жалғастыра берейік... Біздің жауап осы болсын...

– Мәс-са-ған, мәс-са-аған! – деп күңкілдеді Сапар. Орнынан жылдам тұрып, ғарыштық алып ғылыми-зерттеу кемесінің капитан бөлмесін әрі-бері аралай бастады. Ол иллюминаторға үңілді. Алыстан күн сәулесінің жылтылдаған жалын тілі қызғылт тартып алаулап көрінеді. Әріректе ғарыш кеңістігіндегі сан алуан жұлдыздар жылт-жылт етеді. Бұлардың көп жылдан бері Жер орбитасында шыр айналып ұшып жүргендеріне әбден үйренгендері соншалықты, олар жерде орналасқан үлкен бір ғимаратта жүргендей.

– Иә, иә, Сапар, бәрі бірқалыпты, бәрі ойдағыдай...

Сапар мақұлдап басын изеді.

– Уақыт зымырап өтіп жатыр.

– Әрине.

– Біз нағыз ғылымға берілген адамдармыз. Солай-й-й.

– Осында жүргенімізге ешқашан өкінбеуіміз керек.

– Уақыт бізді таңдады. Иә, айтпақшы, Жер планетасындағы магниттік өрістер тепе-теңдігі қалыпқа келгелі көптеген өзгерістер, жақсы өзгерістер бола бастады... Жер бетіндегі алып вулкандардың оянуы баяулады. Аспанға мыңдаған тонна магналар атқылауы, жер-көкті шлактармен қара түтінге тұншықтыруы да тоқтай бастады. Таң қалатын құбылыс...

Сапар мына сөздерден кейін еріксіз жымыды.

– Өте жақсы! Өте жақсы! – деп қуана жауап қатты профессор Заңғарға қарап.

– Маңызды деп санаған өте күрделі, адам баласының ақылына сыймайтын табиғи апаттар бірте-бірте «кісенделіп» келеді... Кейде мен былай ойлаймын «осыларды, біздер, қазақтың астронавт ғалымдары тоқтатып жатырмыз десек, бізге ешкім сенбейтін шығар. Ондай ғылыми төңкеріс жасау сендердің қолыңнан келмек түгілі, түстеріңе де кірмейді» деп келеке етіп күлетін сияқты...

– Заңғар, бұл ойыңыз шындыққа жанаспағанымен, бізге ешкімнің сенбейтіні рас...

– Шындығында солай секілді. Бірақ, оның да уақыты келер. «Шыдамның да шегі бар» демекші, әзірге сабыр сақтауымыз керек. Сабыр түбі – сары алтын, сабыр, тағы да сабыр, Сапар...

– Иә, иә, дұрыс айтасыз. Оның да уақыты келер.

– Жер-анамызды көздің қарашығындай сақтауға ғылыми тұрғыдан аянбай үлес қоса түсейік. Біздің ғарышта ұшып жүріп ғылыми жұмыстармен айналысып жүргеніміз құпия күйінде қала берсін. «Қазақ елі» атты алып ғарыштық ғылыми-зерттеу кеменің бар екендігі, тіптен жұмыс істеп жүргені туралы бейтараптандыратын тәсіл үнемі іске қосылып, тұрақты жұмыс атқаруын жалғастыра түссін. Біздің ғарышта ұшып жүргенімізді Жер шарында тірі жан сезбесін... Бейтараптандыратын жүйеде жүрейік...

– Заңғар, дәл солай болады. Ешқандай ауытқуға жол берілмейді.

– Зерттеу жұмыстарын жалғастыра береміз. Соның қорытындысы әбден талқыланып болған соң не істеу керектігін ғылыми кеңесте шешеміз.

– Өте орынды. Иә, өте орынды ұсыныс. Әлі де ашылмаған ғылыми тылсым құпиялар жетерлік.

– Ендігі мақсат – Жер планетасы бетіндегі әрбір электромагниттік әлсіз толқындардың тербелістерін зерттеуіміз керек. Осы толқындардың тарау шапшандығы күшейсе, оның себебін анықтау қажет. Қысқасы, әрбір осындай толқындардың қандай әсері болады? Олар нені, қандай апаттарды әкелуі мүмкін екендігін толқындардың «магниттік күшті өрістерге» айналуын, тарау шапшандығын жазып алатын аппараттар үнемі іске қосылып тұрсын. Жұмыс істеу механизмдерін жиі-жиі бақылап отырайық. Толқындардың диапозондарында ауытқу болса,


оның себебін де анықтауды бір сәтке естен шығармайық.

Диапазондық ауытқулар жасанды тәсілмен берілуде ме, жоқ, әлде, ғарыштан келіп жатыр ма? Сол толқындар қай жаққа қарай берілуде? Біз соның себебін анықтап, апаттық мақсатқа қолданылып жатса, басқа ғарышқа қарай арнаулы «шағылыстыру» аппараттарын қолдануымыз керек. Мұның бәрі өзің білесің, бірер секунд ішінде орындалуы тиіс. Сондықтан, көп ойланып жатпай, берілген ғылыми бағдарлама қатаң, тағы да қайталаймын, өте қатаң орындалатын болсын.

Мұны естігенде Сапардың қою қара қасы түйіліп барып қайта жазылды. Бұл оның терең ойға батқанда болатын әдеті еді. Оны сезген Заңғар да жай ғана езу тартып, жымыды. Несі бар деп ойлады іштей экспедиция бастығы Заңғар, оның көптен бергі қанына сіңген әдеті ғой... Сөйтті де арқасынан ауыр жүк түскендей терең дем алып, басқару пульті жаққа көз салды. «Иә, иә, бәрі ойдағыдай. Аппараттар бірқалыпты жұмыс істеп тұр. Күмәнданып, күдіктенетін дәнеңе де жоқ. Керемет, керемет» деп іштей масаттанды.

– Иә, профессор Заңғар, біздің іске асырып жүрген ғылыми жобаларымыз адам ақылына сыймайтын ғылыми төңкеріс.

– Дұрыс айтасың. Мұның бәрі Жер планетасындағы адамзат өмірі үшін жасалып жатыр...



XVIII-тарау

...Жеті қат жер астындағы жасырын ғылыми-зерттеу зертханасында тәжірибе күн-түн демей қызу жүруде. Ғалымдар сабырдан айрылған... Бәрі абыр-сабыр болып жүр. Өткен өмірлері туралы әңгіме шерту әлдеқашан жайына қалған. Тәжірибе жасалып жатқан аппараттардағы әрбір өзгерістерді, әрбір дыбыстарды қалт жібермей бағуда. Аппарат көзшелеріндегі жылт-жылт еткен жарықтардан көз алмай тесіліп қалған. Соңғы кездері жасалған сансыз аспаптар сыртылдап, бәрінің назарын өздеріне аударып алған. Аракідік экран бетінен ғарыш әлеміндегі ноқаттай ғана Жер планетасы көрініп қалады. Тәжірибелер үсті-үстіне жүргізілуде...

Толь Артемос он күн бұрын өзі ойлап тапқан жаңа аспабына үңіліп отыр. Дүниедегінің бәрін біржолата ұмытқандай, бар ынты-шынтысымен аппарат көзшелерінің түтіктерін үсті-үстіне сыртылдағып қосып отыр. Қондырғы бетіндегі лампалар түймедей майда шамдарға толып кеткен. Олар өне бойы өздерін, іс-әрекеттерін, зертханадағы қозғалыстарын арнайы бақылағыш аппаратта жазып алғыш қондырғы көмегімен бақылап отыратынын білсе де әбден еттері үйреніп кеткендей, алаңсыз жұмыстарын істеп жүр.

Толь Артемос өзінен-өзі селк ете қалды. Жүрегі дүрсілдеп, көзінің алды қарауытып кетті.

—Бұл мүмкін емес! М-м-мүм-кін емес! — деп

аң-таң болды. – Қа-а-лай-ша, – деді тағы да даусы қаттырақ шығып. – Зертханада бәрі ойдағыдай, зертханадан тысқары жерлерде аппараттар істен шығып жатыр...

Зертханаға асығыс кірген Клаус Моктың түрі өзгеріп, түтігіп кеткен. Кірген бойда бірден:

– Толь Артемос, жағдай нашар. Не болып жатқанынан хабарыңыз бар ма?

– Әрине, әрине...

– Электромагниттік өрістерге ауытқу жасау үшін өзгеріс енгізу тәсілі іске аспай жатыр. Мұның сыры неде?

– Зертханада бәрі ойдағыдай іске асуда. Ал, зертханадан тысқары жерде іске аспай жатқанын таяуда ғана естідім. Біздің аппараттарды бөгде біреулер әдейі қасақана істен шығаруда...

– Осы түсініксіз құбылысты жедел тауып тоқтат. Тапсырма осы.

– Құрметті Клаус Мок, мен осы күрделі мәселені зерттеп отырмын...

– Нәтижесі қане-е-е? Егер тез арада аппараттар іске қосылмаса, жағдайымыздың не болары белгісіз...

– Иә, иә, түсінемін...

– Жер бетінің біз белгілеген бөліктеріндегі климаттық қарудың әсері мүлдем іске аспай тоқтап қалды.

– Кешірерсіз, Клаус Мок мырза, менің зертханадағы ғылыми жұмыстарым бірқалыпты жүріп жатыр. Бар гәп, сырттағы климаттық қаруларды іске асыратын аппараттық қондырғыларда болып тұр...

Аппараттық қондырғылардың нақты не себептен жұмыс істемей тұрғанын анықтау қажет. Қалай десек те бұрын бірқалыпты істеп тұрған аппараттық қондырғылардың табан асты істен шығуы өте күмәнді. Аталған қондырғылардың істен шығуына бізден де күшті біреулер қасақана кедергі жасауда... Бұл орыс, қытай, жапондардың іс-әрекеті болуы да ғажап емес... Жат планеталықтардың да араласуы мүмкін секілді. Бірақ, бұған менің әзірше нақты дәлелім жоқ. Себебі, мұны нақты дәлелдеп, кінәлілерді табу мүмкін емес. Шынымды айтсам, бұл өте күрделі әрі жұмбақ мәселе. Мұны дәлелдеу әсте де қиын...

– Толь Артемос, шынымды айтсам, мен түкке түсінбей отырмын. Не болып кетті өзі? Бізді «алтылықтар» кешірмейді... Олар мұндайды көп талқыламайды. Кесімді бірден бір-ақ кеседі.

– Клаус Мок мырза, табиғатта біз білмейтін шытырман, бізге бағынбайтын жұмбақ күштер жетерлік қой. Мен оған кәміл сенемін. Өзіңізге алдын-ала бірнеше рет ескертілгендей, маған қойылған барлық сұрақтарға ой-түйсігім, ғылыми тәжірибем жеткенше жауап бердім ғой...

– «Алтылықтар» мені өздеріне шақырмай қойды. Бұл үлкен күдік туғызып отыр... Жүрегім бір жаманшылықты сезетіндей... Әйтеуір, ақыры жақсы болғай. Не істейміз енді?...

– Мен қолымнан келгеннің бәрін жасадым, – деді екі алақанын жайған Толь Артемос.

– Тек күту керек. Бірақ, ғылыми ізденістер бір сәтке де тоқтамасын. Түсіндің бе, Толь Артемос?

– Заңғар, байқайсың ба, соңғы кездері Жер планетасындағы тосын біздер жасап жүрген апаттар мүлде сейілді. Бұл – біздің ғылыми жұмыстарымыздың жетістігі деп бағалаған дұрыс, – деді Сапар ерекше қуанып.

– Өте дұрыс айтасың. Біздің тәжірибелеріміз өз нәтижелерін берді. Бәрі біз жоспарлағандай іске асты. Өте қуанарлық жағдай. Жер планетасы аумағында табиғатта бұрын-соңды болмаған тепе-теңдік орнап келеді. Біздің кешірілмес бір қателігіміз, жер бетінде қалыптасқан табиғи тепе-теңдіктерді кей кездері қасақана біле тұра бұзамыз да оның зиянын кеш түсінеміз. Кеш түсінгеніміз өз алдына, қайта қалпына келтіре алмай, кешірілмес күнәға батып, әлемдік апаттарға ұшырап, Жер бетінен біржола жойылып кетуіміз мүмкін... Егер осылай кете бергенімізде біз адам айтса нанғысыз апатқа ұшыруға сәл-ақ қалған едік...

Енді біз жер шарын жас балаша аялауымыз керек. Ол біздің құтты мекен – Жер-анамыз. Соңғы кездері жер планетасындағы кейбір қаскөйлердің жасанды тәсілмен жасаған «климаттық қарулары» біржола тоқтатылды... Бұдан былай тұрақты түрде біздің бақылауымызда болады. Жер шарында тіптен, жер сілкінісі де болмайды. Қысқасы, бәріне майдан, майдан жариялаймыз... Сонымен, біздің ғылыми жұмыстарымыздың нәтижелері туралы Жер планетасы тұрғындарына мәлімет берудің қажеті жоқ. Әліптің артын бағайық, – деді нақты шешімге келген профессор Заңғар.

– Орынды шешім.

–Қолдағаныңа көп рахмет.

–Мен әруақытта сіздің шешіміңізді қолдаймын. Әзірге біздер осында қаламыз...

– Бә-бәрінің-ң-ң күлі көкке ұшты... Иә, иә, көкке ұшты, – деді қаракөлеңке бөлменің ең төрінде отырған төртпақ денелі, бет-әлпеті өте сұсты, бетін үнемі көлеңкелейтін «алтылықтардың» төрағасы даусы елден ерекше гүрілдеп.

Бұл оның әбден шарасыз күйге түскенде ғана айтатын сөзі болатын. «Алтылықтардың» қалған бесеуі аң-таң болып, бір-біріне сұраулы жүзбен қарады. Дегенмен олар да бір сойқанның болғанынан хабардар болатын. Қысқасы, аспан айналып жүрген түскендей бір сұмдықтың болғанына бәрі де қатты өкініп отыр...

– Сенім толық ақталмады... Әңгіме кеткен қаржыда емес. Біз үшін қаржы мәселесі түкке де тұрмайды. Жер шарының әр түкпірінде біздің жер астында бірнеше зертханаларымыз жасырын жұмыс істеп жатыр... Бірақ тек «климаттық қарулар» жасайтын Клаус Мок басқарған зертханалар сенімді ақтамады...

– Кешіріңіз-з-з...

– Міңгірлемей, нақты шешімді айт, – деді дауысы зілдене шыққан төраға орнынан бір қозғалып, отырғандарға зәрлі көздерімен от шаша қарап.

– Тағы бір мүмкіндік берсек қалай болар екен, а-а-а, – деді есікке таяу отырған біреуі естілер-естілмес.

– М-м-мүмкіндік-к-к. Қандай мүмкіндік? Біле білсеңдер, мен бүкіл-бүкіл... аналардың алдында таза маскара болып, ұятқа қалып отырмын, – деп анау қолын аспанға қарай шошайтты.

– Кешіріңіз, – деді тосын сөзге араласқан жанында отырғаны. – Өте жақсы білеміз. Сіз қатты түңіле бермеңіз. Біз «олардың» тапсырмаларын күні бүгінге дейін мүлтіксіз орындап келеміз ғой. Жер бетінде «климаттық қарулар» жасап жүрген, әр түкпірден жиналған ғалымдар өте тәжірибелі емес пе?! Бұл жерде бізге басқа біреулер кедергі жасап жүрген сияқты... Мен осы тұрғыда ойлап, күмәнданамын...

– Біз де дәл солай ойлаймыз. Бастапқыда «климаттық қару операциясы» ойдағыдай орындалып жатты емес пе?!

– Өте сәтті орындалды. Жер планетасының ғалымдарын аяқтарынан тік тұрғыздық емес пе?! Олардың жарғақ құлағын жастыққа тигізбедік қой. Ха-ха-ха, – деді бесінші «алтылық» рахаттана күліп.

Осыдан кейін төрағаның да ашуы сәл саябырсығандай болды. Сәлден соң ол бәрін жаңа көргендей ежірейе қарап:

– Әлі-ақ бәрі менің ашсам алақанымда, жұмсам жұдырығымда болады. Жарайды, сонымен сендердің нақты қандай ұсыныстарың бар, қане айтыңдар.

– Жалпы, біз өзімізге жүктелген «миссиямызды» қалтқысыз орындап келеміз...

– Сіз рас айтасыз. Жерліктерді бір дүрліктірдік қой.

– Жерден келешегінен үміт күттіретін талант-

ты әрі түрлі сала ғалымдарын іздестіруді жалғастырайық.

– Мен де осы пікірді қолдаймын.

– Дарындыларды жасырын іздестіру, дайындау, ғылыми нәтижелерін іске асыру жағынан бізде мол тәжірибе бар...

– Тәжірибелерді жетілдіре бергеніміз дұрыс.

– Әзірше осылайша жұмыс жүргізе берейік.

– Олар әлтек-тәлтек болсын...

– Біздің жер астындағы жасырын зертханаларымыз жұмысын жалғастыра берсін...

– «Климаттық қару» зертханасы меңгерушісі Клаус Мокты шақыртыңыздар. Оның дәлелін тыңдайық. Не айтар екен?..

Әп-сәтте ұнжырғасы түсіп кеткен ұзын бойлы, кең иықты, маңдай шашы түсіп қалған Клаус Мок бөлмеге жетіп келді де:

– Сәлем бердік, ұлылар, – деп сәлемдесті.

– Отыр! – деді «алтылықтар» төрағасы кіреберістегі үлкен орындықты оң қолымен нұсқап. Бұл оның көрсеткен құрметі болатын. Себебі, Клаус Мок «алтылықтар» алдында бірнеше рет болып, неше түрлі шұғыл тапсырмалар алып, оны дер кезінде ойдағыдай орындап, алғыстарына ие болған. «Алтылықтар» ешқашан жақсылықты ұмытпайды. Қалай дегенмен Клаус Мок олардың сеніміне кіріп алған еді.

– Клаус Мок, «климаттық қару операциясы» іске аспай қалыпты. Бұған не себеп болды? Бізге нақты жауап бер...

– Жер астындағы №6 зертханада тәжірибе

жүзінде бәрі ойдағыдай. Ал, оны Жер планетасының әр жерінде іске асыруға келсек, біз білмейтін жұмбақ құбылыс болып, іске аспай қалуда. Зертхана ғалымдарының ешқандай кінәсі жоқ... Қазір осы жұмбақ құбылыстар күн-түн демей зерттелуде. Қысқасы, біздің жасырын ғылыми тәжірибелермен оны іске асыру жөнінде Жер планетасы ғалымдары мүлде бейхабар. Олар біздің тәжірибе жүргізіп, оны іске асырып жүргеніміз туралы мүлде білмейді... Әлі жақын арада Жер планетасындағы табиғат құбылыстарын өздеріне қарсы қойып, апаттар жасап жүргенімізді дәл тауып аша алмайды... Жер ғалымдары бұл табиғат құбылыстары, жұмбақ әлем деп ойлауда...

Мырзалар, мен бірнеше жылдан бері сіздерге адал, бар тәжірибемді арнаған құлдарыңызбын. Мұндай түсініксіз, мүлде жұмбақ, әлі шешілмей жатқан құбылыс бірінші рет кездесіп отыр. Бірақ, мен жақын арада бұл жұмбақ құбылыстың шешімін табуға сіздердің алдыңызда уәде беремін. Иә, иә, уәде беремін. Оған ең соңғы мүмкіндік берулеріңізді өтінемін.

Кей кездері бізге Жер планетасы ғалымдары емес, бөгде, біздерден өзге жат планеталықтар араласып жүрген секілді болып көрінеді. Егер бұл ойым дәлелденсе, олармен тіл табысып, кездесіп дегендей, бір бейбіт келісімге келуіміз керек. Бұл бағытта да оларды іздестіру, кездесу, тіл табысу жұмыстары әлдеқашан басталды. Әзірге олар үнсіз... Меніңше, олар бізді сырттай зерттеп, тексеріп жүрген секілді.

Иә, құрметті мырзалар! Әлемде тек қана біз-

дер ғана емеспіз ғой. Әлемнің шеті, шегі жоқ. Кім біледі, олар біздің Жер планетасы бетінде климаттық жаңа қаруды тәжірибе ретінде қолдану туралы идеяларымызды қолдамай жүр ме? Кім біледі. Тіпті, кешірерсіздер, кей-кейде маған осындай ойлар да келеді.

Иә, әлемде біздер жалғыз емеспіз. Менің қарамағымдағы №6 жер астындағы жасырын тәжірибелер жасайтын зертхана ғалымдарының кінәсі жоқ. Ұзын сөздің қысқасы, аз ғана күтіңіздер. Иә, күтіңіздер. Өтініп сұраймын.

«Алтылықтар» мына Клаус Моктың жалынышты сөзінен кейін бір сәтке дағдарып, үнсіз қалды. Арада бес-он минуттай уақыт өтті. Сөзді «алтылықтар» төрағасы жұмсақ дауыспен бастады:

– Сенің ұзақ жылғы адал еңбегіңді, сонымен бірге дәлелді сөздеріңді ескере отырып, саған және №6 зертхананың Толь Артемос бастаған ғалымдарына ең соңғы мүмкіндік, бір ай мерзім береміз. Осы кезең ішінде бәрі ойдағыдай болмаса, өз обалдарың өзіңе... Соңғы сөзіміз осы...

– Келістік, келістік. Бізге мүмкіндік бергендеріңізге рахмет. Сенімдеріңізді толық ақтаймыз...

(Сенсація соңынан)

*Ғаламтор, газет, журналдар мақалалары
мен теледидардан*

...Соңғы кездері Жер планетасының әр жеріндегі вулкандардың атқылауы кенеттен тоқтады... Тіптен мерзімінен бұрын сөнгендері де кездесуде...

...Жер планетасына қарай бет алған астероидтер мен метеориттер де өз бағыттарын өзгертіп, бөгде әлемге қарай кетіп жатыр... Өз бағыттарын кенеттен өзгертіп, бөгде әлемге қарай ұшып жатқан астероидтар мен метеориттер, бұл жұмбақ құбылыс әлем ғалымдарын таң қалдыруда ...

...Кемелер мен ұшақтар із-түссіз жоқ болып кететін Бермуд үшбұрышы қауіпсіз аймаққа айналды. Кемелер мен ұшақтардың жоғалуы кенеттен тоқтады... Тіптен, озон қабаты тесіктері де бекітіле бастады...

...Жер планетасындағы тосын алып құйындар, теңіз жағалауындағы мемлекеттерін топан су басып, күшті дауылдар тұру, тағы басқа бұрын-соңды болмаған, күтпеген апаттар пышақкесті тоқтап, жыл мезгілдері өз ретімен қайталануда...

...Жер планетасында таза су көздері көбейіп, реттелді. Суы азайған Арал теңізінің суы бастапқы қалпына келді... Тіптен, жаңбыр аз жауатын жерлерге жаңбыр жауып, жер көк балаусаға айналуда...

...Жер планетасының барлық аумағындағы табиғи апаттар тоқтап, біржолата реттелуде... Жер беті бірте-бірте гүлденген ғажайып әлемге айналып келеді...

...Алып ну орманды алқаптарда өрт болған сәттерде кенеттен аспанда бұлттар пайда болып, нөсер жаңбыр жауып, бірнеше сағатта өртті сөндіріп тастауда... Сөйтіп, адам сенгісіз жұмбақ оқиғалар орын алуда...

Тынық мұхитындағы шағын Юлияна аралында кенеттен белгісіз табиғи апат пайда болды... Тосын ғайыптан келген алып жұмбақ құйын арал бетін түп-түгел жайпап кетті... Артынша арал әп-сәтте ізім-қайым жоқ болып, көзден біржолата ғайып болған...

...«Алтылықтардың» шешімі төмендегідей өте қатаң болды... «Тәжірибені мерзімінде орындай алмаған жер астындағы №6 зертханасы жойылсын!»

... Қуанышты оқиғалардан үш ай уақыт өткенде, жер астында бірнеше метрге қопарылыстар болды... Мұның себебін ешкім дөп басып айта алмады. Оқиға үлкен дүрбелең тузғызды...

Сонымен, жерасты зертханасы жойылды...

(Күтпеген тосын оқиғадан)

... «Алтылықтардың» климаттық қару жасап, көптен бері дүниені дүр сілкіндіріп жүрген жер бетінің әр түкпіріндегі алып қондырғылары мен аппараттары табан астынан істен шықты...

Адам ақылына сыймайтын дүрбелеңдер пайда болды... Тексеру, тіптен қатаң тергеу басталып, өзара бір-біріне деген сенімсіздік те пайда болды...

Жер шарының түкпір-түкпіріне өте құпия түрде орнатып, жасанды түрде қалыпты магниттік өрістердің тепе-теңдіктерін бұзып, қолдан климаттық дүлей қару жасап жүрген құпия аппараттары үсті-үстіне бірінен соң бірі түсініксіз жағдайларда істен шығып, кенеттен өртеніп жатты... Миллиардтаған долларлар біржола желге ұшты... №6 зертхана ғалымдары «алтылықтардың» ашу-ызаларын туғызып, қарғыстарына ұшырады. Толь Артемос бастаған аты әлемге белгісіз, бірақ өте дарынды ғалымдар бір ауыздан өте қатаң өлім жазасына кесілді...

Мазмұны

I-тарау	13
II-тарау	27
III-тарау	43
IV-тарау.....	61
V-тарау	71
VI-тарау	75
VII-тарау.....	81
VIII-тарау	91
IX-тарау.....	109
X-тарау	123
XI-тарау	135
XII-тарау.....	149
XIII-тарау	159
XIV-тарау.....	167
XV-тарау	183
XVI-тарау.....	191
XVII-тарау	199
XVIII-тарау.....	211
(Сенсация соңынан)	220
(Күтпеген тосын оқиғадан)	222

Осы кітаптын жарыққа шығуына демеушілік жасаған
Пердебай СӘБИТОВ пен Ноян ТӨЛЕГЕНОВКЕ алғыс білдіремін.

Редактор – Шойбек Орынбай
Дизайнер – Жамбыл Ділдәбеков
Корректор – Нағима Сүлейімбекова
Суреттер интернет желісінен алынды

«Залымдар» ғылыми-фантастикалық романның
дизайнерлік жұмыстары «Ерментаев Е.М» ЖК
компьютер орталығында атқарылды.
Мекенжайы: Шымкент қаласы, Қазыбек би көшесі, 49/60.
Байланыс телефондары: 8 702 762 11 65, 8 705 459 20 57.
e-mail: dias.muhtar13@mail.ru.

Офсеттік басылым.
Пішіні 145x210.
Қаріп түрі Times New Roman.
Таралымы 300 дана.

ISBN 978-601-06-8443-0



9 786010 684430

Сарманбай Исақов 1952 жылы 5 мамырда Оңтүстік Қазақстан облысы, Бөген ауданы, Қайтпас-2 ауылында дүниеге келген. Қазақстан Жазушылар одағы және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Көп жылғы мемлекеттік қызметімен қоғамдық жұмыстары, еліміздің руханиятының, мәдениетінің дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан үлесі лайықты бағаланды.

Шымкент қаласы, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың, ОҚО, Түркістан облысы әкімдерінің, ҚР мемлекеттік қызмет істері агенттігінің, ОҚО мәслихатының грамотасымен, ҚР Тәуелсіздігіне 20, 25, 30 жыл, облысқа сіңірген еңбегі үшін медальдарымен марапатталған.

Сондай-ақ, Қарауылбек Қазиев атындағы әдеби жұлденің «Ұлт элитасы» атағының, «Жыл лауреаты» сыйлығының, 2008 жылдың «Ең үздік жазушысы» атағының иегері.

Халықаралық Ресей Психологиялық ғылым академиясының құрметті академигі (2013 ж.).

Қазақстан педагогикалық академиясының профессоры (2017 ж.).

«Бейбітшілік әлемі» халықаралық қазақ творчестволық бірлестігінің «Михаил Шолохов» медалінің иегері. Республикаға танымал талантты фантаст-жазушы. Бірнеше фантастикалық әңгімелер, повестер мен ғылыми-фантастикалық романдар авторы.

«Жерұйыққа саяхат», «Қызыл сәуле» атты фантастикалық жинақтарда шығармалары жарияланды. Жеке «Құмар», «Үрей жайлаған дала», «Қызыл сәуле», «Сенсация века», «Тұлдыр тағдыр» I-II томдығы, «Рок», «Залымдар», «Кешір мені сүйіктім», «Сиқырлы аппарат», «Жұмбақ дауыс» ғылыми-фантастикалық романдар авторы.

«Қызыл Сәуле» атты фантастикалық повесінде жер планетасын бірнеше рет жоятын соғыс үшін жинақталған атом, сутегі бомбасы қорын жою туралы идеясы жақсы бағасын алды.

«Тұлдыр тағдыр» I-II ғылыми-фантастикалық романдарында табиғи опат әкелетін жер сілкіністі тоқтату туралы идеясы да оқырман көңілінен шығып автордың мәртебесін асқақтатты.